

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ  
МӘТІНДЕР ЖИНАҒЫ  
(өзге тілде оқытатын сыныптар үшін)**

Астана, 2024

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

**Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер жинағы (өзге тілде оқытатын сыныптар үшін).** – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 160 б.

Ұсынылып отырған мәтіндер жинағы жалпы білім беретін орта мектепте «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытуда қолданылатын көркем мәтіндер арқылы өзге тілде білім алатын оқушыларды қазақ тіліне бойлату арқылы тілді меңгеруге, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін түсінуге бағытталған.

Тілді оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істеуге, нақты жағдайларда мәтіннен қажетті тілдік материалдарды қолдана алу және күнделікті өмірде қолдануға қажетті тілдік дағдыларды дамытуға арналған.

Жинақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, Білім басқармалары мен әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

## КІРІСПЕ

Қазақстанның білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Мемлекеттік тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейлікті, мәдениетті, ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызды тірегі. Осыған орай, өзге тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың әдістемесін жетілдіру қажеттілігі туындады. Бұл міндет қазақ тілін терең әрі тиімді оқыту тәсілдерін қолдануды талап етеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен биылғы оқу жылынан қолға алынған «Тілге бойлата оқыту» жобасын оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мақсатында өзге тілде оқытатын сыныптардағы «Қазақ тілі мен әдебиетін» оқытуда қолданылатын көркем мәтіндер жинағы (әдістемелік ұсынымдама) даярланды.

«Қазақ тілі мен әдебиетін» оқытуда қолданылатын көркем мәтіндер арқылы өзге тілде білім алатын оқушыларды қазақ тіліне бойлату тілді меңгеруге, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін түсінуге бағытталған. Мұндағы басты мақсат – тілді оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істеуге, нақты жағдайларда мәтіннен қажетті тілдік материалдарды қолдан алу және күнделікті өмірде қолдануға қажетті тілдік дағдыларды дамыту.

Әдістемелік ұсынымдаманың мақсаты – көркем шығармалардың, публицистикалық, ғылыми, ресми мәтіндердің ақпараттық мазмұнын жүйелеп, оқушылардың сыни ойлау, аналитикалық ойлау, коммуникацияға түсу дағдысын дамытатын әдістемелік жүйе қалыптастыруға контент дайындау.

Жинақта іріктеп алынған мәтіндер арқылы білім алушының бойында тілге бойлай оқытуда қалыптасуы тиіс дағдыларды жүзеге асыруда төмендегідей міндеттер басшылыққа алынады:

- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі мәтін мазмұны арқылы олардың тілін қазақ тілінде дамыту;
- қазақ тілінде сөйлейтін ортада әлеуметтік тәжірибе алуға жағдай жасау;
- білім алушылардың қазақ тілі мен сөйлеу мәдениетін дамыту, олардың бойында қазақ тіліне деген қызығушылықты ояту;
- қарым-қатынас жасаудың, өз ойын білдірудің түрлі іс-әрекеттерін қалыптастыру құралы ретінде баланың тілін дұрыс дамыту;
- қарым-қатынас дағдыларын дамыту, жақсы, жатық сөйлеуді үйрету, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- қоршаған орта туралы түсініктерін тереңдету арқылы білім алушының сөздік қорын кеңейту және дамыту;
- сөйлеуде грамматикалық бірліктерді дұрыс қолдануға үйрету.
- мәнерлеп оқуды, дауыс ырғағын, логикалық кідірістер мен екпінді, балалардың өсімдіктер, жануарлар, адам туралы түсініктерін, сондай-ақ тәңіректе кездесетін табиғат нысандары туралы түсініктерін қазақ тілінде айтуға дағдыландыру.

Кез келген жағдаят барлық пәнде тіл арқылы көрініс табатындықтан оның мағынасын түсінуге, қабылдауға, қандай ақпарат жеткізіп тұрғанын саралауға, қажетті ақпаратты анықтауға тілдік сауаттылық, оның ішінде коммуникативтік-функционалды сауаттылық қажет. Коммуникативті-функционалды сауаттылық тілдік бірліктердің ақпараттық мағынасын түсіну, ажырату, табуды талап етеді. Сондықтан мәтіндер жинағын жасаудағы басты идея мәтін ішіндегі тілдік бірліктердің коммуникативтік-функционалды қызметін барлық пәнге қатысты мәтіндерде пайдаланып, оқу сауаттылығы әдістемесінің білім мазмұнын құру.

Оқу сауаттылығы білім мазмұны тілдік бірліктердің коммуникативтік функционалдық қызметін басшылыққа алатындықтан, барлық пәнге қатысты мәтіндер қамтылатындықтан пәнаралық интеграциямен байланыстырылады.

Жинақта құрастырылған мәтіндер мазмұны баланың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі саланы қамтиды.

Бұл жинақ оқушылардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға, мәтіндерді түсініп оқуға және жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сонымен қатар, көркем шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың көркемдік танымын арттырып, эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Оқу құралының құрылымы мен мазмұны мұғалімдерге оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың қажеттіліктері мен деңгейіне сәйкес материалды икемді түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

# 1. 1-4-СЫНЫПТАР ҮШІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ МӘТІНДЕР

## 1-сыныптарға арналған көркем мәтіндер

### Шортан

Ер-кін мен Се-рік көл-ден кел-ді. Көл-де ба-лық мол. О-лар балық ау-ла-ды. Се-рік қар-мақ сал-ды. Қар-мақ-қа шор-тан і-лін-ді. Шор-тан ту-ла-ды. (19 сөз)

### Қыс

Қыс бас-тал-ды. Ө-зен қат-ты. О-раз ақ-қа-ла соқ-ты. Зә-кен мен Аб-зал О-раз-ға кө-мек бер-ді. Ақ-қа-ла тез біт-ті. Ба-ла-лар сыр-ғанақ те-бе-тін бол-ды. (20 сөз)

### Ине

Кіп-кішкентай инемін,  
Қамқорымен түйменің.  
Түйме түссе, қадаймын,  
Жыртық көрсем, жамаймын.  
Кез кеп қалса ісерге,  
Ісім көп-ақ істерге.  
Ұстай білсең-шебермін,  
Жетіп жатыр өнерім.

*Р.Тышқанбаев (25 сөз)*

### Көмек

Үзіліс болды. Кітапханашы кітапханасына жаңа кітаптар әкелді. - Балалар, кітап тасуға көмектесіңдер, - деді кітапханашы. Біз кітап тасуға көмектестік. Кітапхана үлкен, кең, жарық. Кітапханада кітап көп. Қоңырау соғылды. Біз сыныпқа кірдік. - Рахмет, балалар, - деді Гүлнәр Омарқызы. (34 сөз)

### Қысқа дайындық

Орман аңдары да қысқа дайындалады. Ақ тиін ағаш қуысына саңырауқұлақ тасиды. Түрлі жемістерді жинап, кептіреді де, қыста жейтін азығын дайындайды. Кірпі, сұр тышқан да солай. (25 сөз)

### Суыр

Суыр – сүйкімді аң. Оның басы жалпақтау, тұмсығы доғал болады. Суырдың түсі сарғыш немесе сарғыштау сұр болып келеді. Суыр әр алуан балауса шөптермен қоректенеді. Оларды терісі мен майы үшін аулайды. Суырдың майы ем ретінде қолданылады.

*«Ол кім? Бұл не?» кітабынан (34 сөз)*

## **Тасбақа мен бүркіт**

Тасбақа бүркітке өзінің ұшқысы келетінін айтты. Бүркіт оған ұша алмайтындығын түсіндіріп, ол жайлы ойламауға кеңес берсе де, тасбақа одан әрі жалынып, аспанға алып ұшуын өтінеді. Бүркіт оны тырнағына іліп, жоғары ұшып барып, босатып жібереді. Тасбақа тастардың үстіне түсіп, быт-шыт болады.

*Л. Толстой (41 сөз)*

## **Инелік пен құмырсқалар**

Күзде құмырсқалардың жинаған бидайлары су болып қалады. Олар оны кептіреді. Аш инелік құмырсқалардан тамақ сұрайды Құмырсқалар одан: «Жазда неге азық жинамадың?»-деп сұрайды. Сонда инелік былай депті: «Қол тимеді, ән шырқаумен болдым». Құмырсқалар таң қалып: « Жазда ән шырқасаң, қыста би биле»,-деп жауап береді. (44 сөз)

## **Тасбақа**

Бірде маңғаз тасбақа-бикеш былай деп ойланады: «Неліктен мен үнемі жорғалар жүруім керек? Менің ең жоғарыда болуым - 18 - абзал». Содан кейін қасындағыларға: «Абайлап бір-біріміздің үстімізге шығайық!» -деген ұсыныс жасайды. Тасбақалар қабаттап бір-біріне шығады, ең үстіндегі тасбақа айналасына қарап: «Мен адамдардан биікпін, ең жоғарыдамын», -деп есерленіп, мақтанып тұрған кезде астыңғысы шырт етіп сынады.

*А. Сейсенова (53 сөз)*

## **Қазақша ай аттары**

Бір жылда он екі ай бар. Олар: қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан. Қаңтар – жылдың алғашқы айы. Желтоқсан – жылдың соңғы айы. Қазақша жыл басы – наурыз. Сәуір, маусым, қыркүйек, қазан айларында отыз күн бар. Қаңтар, наурыз, мамыр, шілде, тамыз, қазан, желтоқсан айлары отыз бір күннен. Ал ақпан айында жиырма тоғыз күн бар. Бір жылда үш жүз алпыс бес күн болады.

*Қазақ күнпарағынан (65 сөз)*

## **2--сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

### **Қу түлкі**

Баяғы заманда қасқыр, түлкі, жолбарыс және түйе дос болып, бір өрісте жайылыпты. Басшылары ретінде жолбарысты сайлапты. Бір күні қасқыр мен түлкі түйені қалай жесек деп сылтау іздей бастады. Түлкі көп ойланбастан жолбарысқа келіп былай депті:

- О, патшам! Біздің азығымыз бітті. Жаңа азық қорын жинауға мүмкіндік

болмады. Сондықтан біздің біреуімізді жеуіңізді өтінеміз!

Жомарт түйе шыдамай, өзін жеуді ұсынды. Қасқыр мен түлкі бірінші болып бас салды. Сосын оларға жолбарыс та қосылды.

Сөйтіп, түлкінің арамдығы арқасында түйе үшеуіне жем болды. (78 сөз)

### **Сүйінші**

Сүйінші – қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. Дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жоғары атак, үлкен сыйлық берілуін, т.б. қуанышты сәттерді алғаш хабарлаушы сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша береді.

Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.

Халқымызда біреу екінші адамға жақсы хабар жеткізіп қуантса, сүйінші кәдесін алатын салт бар. (81 сөз)

### **Тасаттық**

Мақат даласы ыстық. Жаңбыр жауған жоқ. Айнала сор, май исі шығады. Ауылдағы қарттар кеңесті. Дәурен атамның сиырын сойып, құдайы берді. Мақат ауылының үлкен кісілері біздің үйге жиналып шәй ішті, ет жеді. Құран оқыды. Құдайдан жаңбыр сұрады.

Сыртта тұрмыз. Күн батып барады. Бір мезгілде теңіз жақтан көтерілген қара бұлт ауыл үстін қаптады. Жаңбыр түнімен тоқтаусыз жауды. Ауа тазарып, біз сай бойынан гүл тердік. (62 сөз)

### **Ай неге жаланаш қалды?**

Бірде ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен шағында Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты.

- Иә, мен қателескен екем, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.

Бұл жолы да көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты.

- Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екем ғой, - дейді. Айдың толыса беретініне түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі.

Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түтігінен асқанда келе жатқан топ-толық өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен Айды көреді. Не істерін білмей, сасқалақтап тігінші басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай ары іздеп, бері іздеп тігіншіні таба алмай қалады. Сол себепті, Ай көйлексіз жалаңаш қалыпты. (133 сөз)

### **Менің құлыным**

Менде күрең құлын болды. Ол шу асау (жабайы) болатын. Мен ағамнан құлынды үйретіп беруін сұрадым (өтіндім). Ағам келіспей жүрді. Сонда шешем

ағам:– Құлынды үйрету керек. Ахмет қыста жақсы оқыды. Енді өзінің құлынына мінсін, – деді.

Біз құлынды ұстауға бардық. Ағам оның мойнына шалма тастады (салды). Құлын шошына үркіп, арқанды сүйрете шауып кетті. Көп ұзамай ол жылқыға келіп, ағам қайта шалма салды. Енді құлын босанып кете алмады. Ағам ақырындап келіп құлынды жүгендеп, жылдам мініп алды.

Құлын секіріп тулай бастады. Ол ағамды жыққысы келді. Бірақ ағам оның үстінде мықты отырды. Кенеттен құлын шаба жөнелді. Көп ұзамай олар көзден таса болды (көзге көрінбей кетті). Кешке қарай ғана ағам келді. Ауыздықтан құлынның екі езуі қанап кетіпті. Ол түгелдей терге малыныпты. Бірақ ол енді тіптен жуасыған, енді оған мініп алуға болады. (125 сөз)

### **Жайлауда**

Жазды мен ауылда өткіздім. Біздің ауыл жайлауға мамырдың аяғында көшіп келеді.

Біздің жайлаудың аты – Сырт.

Мұнда біз басқа болыстардың көптеген ауылдарымен кездестік.

Таныс емес балалар көп болды. Кейін біз олармен шомылғанда, таймен жарысқан кезде жиі кездесіп, танысып алдық. Мен бірнеше баламен достастым. Біз бір-біріміздің ауылға бардық. Қозы бағып жүрген кезде ойындар ұйымдастырдық. Кейде кешке қарай біреуіміздің ауылында ұзақ ойнайтынбыз. Қосшы мейрамында бірге болдық.

Жидек теруге бардық. Жазды өте көңілді өткіздік. (70 сөз)

### **Торғайлар**

(Әңгіме)

Қыс. Күн суық. Қаңтарда қарға адым ғана ұзарған күннің әлсіз нұры ауланы шуаққа бөлей алмай тұр. Дәулет терезе алдында жағын таянған күйі сыртқа қарап, жалғыз өзі отырған еді. Үлкен терезенің алдына бір топ торғай келіп, қонып, ұшып қайта кетті, қайта келді. Қарындары қатты ашқан болуы керек. Дір-дір етеді. Жаураған сияқты. Терезені ашу дұрыс. Қаттылау жабылған көрінеді. Апасы: «Ашып қойма, үй суып кетеді», – деген бағана шығып бара жатып. Дәулеттің торғайларға шын жаны ашыды. Көзіне бір тамшы жас ұялай қалды. Енді қайтті? Не істеу керек?

Ол терезені сәл саңылау жасай ашып, дорбадағы бидайдан томпақ алақанымен бір уыс дәнді терезе жақтауына септі. Қанаттылар тез-тез шоқып жеп, қайта ұшып жөнелді. Кенет торғайлар топ-топ болып бұрынғысынан да көбейе бастаған, терезе жақтауына жапырлай қонып, топырлап барады. Енді не қылмақ? Апасы ұрсып жүрсе, бидайды қайда құрттың десе, жауабы қандай болмақ?

«Торғайдың адамға пайдасы көп» дейтін әжесі. Олар ағашқа, алмаға, жүзімге зиянды құрт-құмырсқаны теріп жеп, жамандыққа жол бермейді емес пе? Иә, солай. Торғайды мысықтар ұстап алып жеп қоятыны бар. Мысықтар жаман ғой, тышқанды көрмейді, торғайларды аңдиды. Мысыққа «қой, тиіспе» деген



лазым. Әйтпесе, шыбын-шіркейдің көзін жойып, адамдарға көп қолғабыс тигізетін торғайлар азайып кетеді ғой. (185 сөз)

### **Шахмат үйірмесі**

Ағам жасынан шахмат ойынына құмар болып өсті. Мектебіміздегі шахмат үйірмесіне қатысып, жарыстарда көзге түсе бастады. Ол күн сайын үш – төрт сағат уақытын шахмат ойнауға арнайды. Оның арманы – болашақта шахмат ойынының шебері болу.

Шахмат адамның ой-өрісін дамытады, сондай-ақ, шыдамдылық, ұстамдылық қасиеттерді талап етеді. Ағам өзінің уақытын босқа өткізбей, өзінің сүйікті ісіне арнады. Ол әрбір жеңісін мақтан тұтады және болашақта шахмат шебері болатынына сенімді. (62 сөз)

### **Тәртіпсіз лақ**

Кеш. Аула төрінде, үлкен терек көлеңкесінде кітап оқып отырғанмын.

Кенет тарс-тұрс дыбыс шығып, басымды көтердім.

Қарасам, көршімнің біріншіде оқитын баласы өзінің лағын ышқынта қуалап жүр.

Бір кезде жетті-ау лаққа. Мүйізінен ұстап алып, бас-көз демей төпеп жатыр. Осы кезде үйден әжесі шығып, оның қылығын көрді де:

– Әй, Төлтай, ұрма лақты! – деп айқайлады. Күтпеген жерден шыққан дауыстан селк ете түскен Төлтай лақтан айырылып қалды. Төніп келген әжесінен қашпай тымырайып тұр. – Неге ұрасың? Әй, тәртіпсіз!

– Лақ тәртіпті ме? Неге еккен ағашымды құлатады?.. – деп ренжісін ұқтырды Төлтай.

Қараймын, әлгінде ғана құнжыңдап терезе түбінде отырғызып жатқан жас ағашы құлап қалыпты, мұны көрген әжесі:

– Жә, екеуің де оңып тұрған жоқсындар... – деді, қолын сілтеп, жөніне кетті.

– Маған ұрсады, лақтың қылығын көрмейді, – бұртыңдаған Төлтай құлап жатқан ағашты қайта тұрғызып жатты. (122 сөз)

### **Жаман жолдас**

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

– Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

– Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, – дейді. (107 сөз)

## **Төрт мезгіл**

(Ертегі)

Ерте, ерте, ертеде атақты Жыл ақсақалдың екі ұлы, екі қызы болыпты.

Төртеуінің мінезі төрт түрлі екен. Үлкені Қыс тентек, ашулы, қатал болған екен. Одан кішісі Көктемгүл көңілді ашық, жарқын мінезімен, асқан сұлулығымен көрген жанның аузының суын құртыпты. Жүрген жерін майдай ерітіп, гүлжазираға, әсем әнге бөлейді екен.

Одан кішісі Жазгүлдің даңқы жайдары, салмақты мінезімен шығыпты.

Жүрген жері думан екен. Бұл да мәрттіктен алдына жан салмапты.

Кенжесі Күз, ерке болып өскендікі ме, мінезі сылбыр, көңілшек болыпты. Болмашы нәрсеге өкпелеп, аузы бұртиып, қабағы түйіліп, көзінен бырт-бырт жас тамшылап шыға келеді екен. Бірақ бір жақсысы, қолы ашық, жомарт болыпты.

Жыл ақсақал төртеуін де өте жақсы көріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бағып-қағып, еркін өсіріпті.

Перзенттері де оны қатты құрметтеп, сыйлайды екен.

Ұлдары мен қыздары есейгеннен кейін, Жыл ақсақал оларды алдына шақырыпты.

- Ұлдарым мен қыздарым! Ақылдарың толысты, буындарың бекіді. Оңды-солды таныдыңдар. Енді мен сендердің келешектеріне үлкен сенім артып, зор міндет жүктегелі отырмын. Қалай көресіңдер? – деп, ол ұлдары мен қыздарына сынап қарапты.

- Сонысымен үш ай кезекпен жұмыс істейтін боласыңдар. Ал, жолдарың болсын! Бірақ та, бір ескертерім сол, әрқашан халық үшін, адамдар үшін қызмет ететіндеріңді ұмытпаңдар, - деді де, Жыл ақсақал орнынан тұруға ыңғайланды.

Содан бері жылдың төрт мезгілі – көктем, жаз, күз, қыс адамдарға қалтықсыз қызмет етумен келеді. (199 сөз)

## **Жыл мезгілдері**

Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, бір домалақ ана өмір сүріпті. Сол анадан тараған төрт қыз бар екен. Олардың ай ауыз десе аузы, күндей жарқыраған көзі бар. Дүниенің сұлулығын өздеріне дарытқан сұлу қыздары болыпты.

Анасы жақсы тәрбие беріпті, Үлкен қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын, мінезі нәзік. Екінші қыз «Жаз» жарқырап, жайдарлы, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді. Үшінші қызы «Күз» басқа қыздарға қарағанда жылауық, жаңбырлы болады, бірақ қолы ашық мырза екен. Ал кіші қызы «Қыс» басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау.

Қыздары бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Осы қыздарын домалақ ана өздерінің құтты орындарына қондырыпты.

Үлкен қызы арыстай үш ұл туып, үшеуі де ел қорғаған батыр болыпты.

Екінші қызы үш қыз туып үшеуі де адамзатқа жан жылуын сыйлай білетін мейірімді қыздар атаныпты.

Үшінші қызы жаздай жайдарлы үш қызды дүниеге әкеліпті.

Төртінші қызы берекесі мен ырысы мол, қолдары ашық, келген қонақты қадір тұтатын, қонақжай үш қыз өсіріпті.

Осы төрт қыздан өрбіген ұрпақтары елге, халыққа пайдасын тигізіп, ел аузында аттары аңызға айналыпты. Олар жылдың төрт мезгілі мен он екі айы екен. (179 сөз)

### Асыл шөп

Зылиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Зылиха ахлап- ухлеп шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Зылиха айтты:

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбедегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзінде менен күшті емессің?

- Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым деді Бәтима.

- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, менде ауырымды жеңілдетейін, - деді Зылиха

- Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын аты: сабыр деген, - деді. (84 сөз)

### 3--сыныптарға арналған көркем мәтіндер

#### 1- мәтін

Мәтіндерді тыңда. Мәтінде қай жануар сипатталған? Жануардың атауын жаз немесе суретін көрсет.

Бұл жануардың құйрығы ұзын. Түсі қызғылт сары. Орманды, далалы жерлерді мекендейді. Ол - жыртқыш жануар.

Бұл - өте үлкен жануар. Құлақтары үлкен, тұмсығы ұзын. Оның денесі 6-8 метрдей, салмағы 9 тоннадай болады. Ол шөппен қоректенеді.

Бұл жануардың құлақтары өте ұзын. Қыста түсін өзгертеді. Ертегілерде оны «қорқақ» деп сипаттайды.

Бұл жануардың мойны өте ұзын. Басында кішкентай мүйіздері болады. Жапырақтармен қоректенеді.

(57 сөз)

Керекті суреттер:





## **2-мәтін**

Бір күні арыстан тоғайда ұйықтап жатады. Бір тышқан оның үстіне шығып алып, ойнай бастайды. Арыстан оянып кетеді. Ол тышқанды ұстап алады. Тышқан оған:

- Кешіріңізші. Бір күні мен де сізге көмектесемін ғой, - дейді. Арыстан оның сөзіне күледі.

- Сен маған қалай көмектесесің? Өзің кіп-кішкентайсың, - деп тышқанды босатып жібереді.

Бірде арыстан торға түсіп қалады. Одан шығу үшін бар күшімен секіреді. Бірақ тордан шыға алмай, ашуланып ақыра бастайды.

Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанды көреді. Ол тордың жібін тістелеп қиып, арыстанды тордан босатады. (82 сөз)

<https://www.youtube.com/watch?v=YaTPyh51toQ>

## **3-мәтін**

Қарға жерден ірімшік тауып алады. Ірімшікті тістеп алып, ағашқа келіп қонады.

Оны бір түлкі көреді. Түлкі қарғаға келіп:

- Қарғажан, сен қандай әдемісің! Сенің даусың да әдемі. Бір ән айтып берші. Сенің даусыңды естігім келеді, - деп мақтай бастайды.

Қарға түлкінің сөзіне сеніп, қарқ етеді. Ал ірімшігі жерге түседі. Түлкі ірімшікті жеп қояды. (53 сөз)

[https://ust.kz/word/kiriktirilgen\\_asyq\\_oqy\\_qyzmeti\\_qarga\\_men\\_tulki-](https://ust.kz/word/kiriktirilgen_asyq_oqy_qyzmeti_qarga_men_tulki-)

## **4-мәтін**

### **Шын дос**

Мұқан есебін шығара алмай отырған. Ойына Сәкен түсті. Жүгіріп Сәкенге келді. Ол есебін шығарып қойыпты. Мұқан есепті көшіріп алғысы келді. Бірақ Сәкен дәптерін бермеді. Мұқан досына ренжіп қалды. Ол есікке қарай беттеді. Сәкен досын тоқтатты. Олар ұзақ отырып есеп шығарды. Мұқан досына риза болып, үйіне қайтты. (46 сөз)

<https://znaniya.com/task/51481018>

## **5-мәтін**

Түлкі – жыртқыш аң. Түсі сұрғылт сары. Жүні жұмсақ. Орманда, ашық жерлерде, өзен-көл жағалауында, тауда мекендейді. Күндіз інінде жатады, ал түнде қорегін іздейді. Ұсақ жәндіктермен, көбінесе, тышқандармен қоректенеді. Түлкінің бірнеше түрлері бар. Ақ, қызғылт сары түлкілер болады. (36 сөз)

### **6-мәтін**

#### **Шындық бәрінен қымбат**

Асан ойнап отырып қымбат кесені сындырып алды. Оны ешкім көрген жоқ. Анасы жұмыстан келді. Ол:

- Кесені кім сындырды?, - деп сұрады.
- Мен, - деді Асан ақырын ғана.
- Шынықты айтқаның үшін рақмет!, - деді анасы. (34 сөз)

<https://zharar.kz/id/9041>

### **7-мәтін**

Барыс - жыртқыш аң. Денесінің ұзындығы 130 см. Түсі көк сұр, сақина тәрізді дөңгелек қара дақтары болады.

Барыс кешкі уақытта қорек іздеуге шығады. Ол арқар, елік, жабайы шошқа сияқты аңдармен қоректенеді. Барыс – бағалы аң. (34 сөз)

<https://zharar.kz/id/9041>

### **8-мәтін**

#### **Өгіз бен бақа**

Бір күні өгіз су ішуге көлге келеді. Көлде бір бақа отырады. Ол өгіздің су ішкенін көреді. Бақа өгіз сияқты үлкен боламын деп су іше бастайды. Ол басқа бақадан:

- Қарашы, мен анау өгіз сияқты үлкен болдым ба? – деп сұрайды.
- Жоқ, өгіз үлкен, ал сен кішкентайсың. Сен өгіз сияқты бола алмайсың, – дейді екінші бақа. Бақа тағы да су ішеді.
- Енді қарашы, өгіз сияқты болдым ба? – деп тағы сұрайды.
- Жоқ, сен әлі кішкентайсың, – дейді қасындағы бақа.

Бақа тағы су іше береді. Ақыры бақаның денесі жарылып кетеді. (83 сөз)

<https://tattialma.kz/ru/teacher/library/view/813>

### **9-мәтін**

- Әке, бұл Бәйтеректің суреті ғой?
- Дұрыс, Айя, бұл - Бәйтерек.
- Мынау - Хан Шатыр. Ол жерде көп ойын аттракциондары бар.
- Думанды қара, Айя.
- Әке, мен мұхитаралынан алтын балық көрдім. Ол жылт-жылт етеді.
- Иә, балалар, ол жерде балықтың түрі көп. Бұл мұхитарал мұхиттан 3000 км жерде орналасқан. Астана - кереметтерге бай қала. Ол гүлденіп, дамып келеді. Астана - еліміздің мақтанышы. Астана - болашақтың қаласы.
- Болашақтың қаласы? Ол қалай, әке?
- Біздің болашағымыз – сендерсіңдер. Сендер білімді, тәрбиелі болуларың керек. Ол үшін Астанада барлық жағдай жасалған. Сондықтан да Астана - болашақтың қаласы. (88 сөз)

<https://zharar.kz/id/9041>

### **10-мәтін**

Аңыз бойынша Қорқыт туар кезде аспанда қара бұлттар пайда болып, найзағай жарқырайды, қатты жел соғады. Адамдар қатты қорқады. Сол кезде сәби дүниеге келеді. Адамдарды қорқытты деп, сәбиге «Қорқыт» деген ат береді.

Қорқыт ер жетеді. Бірде ол ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде ақ киім киген, қолында таяғы бар, ақ сақалды қария қобыз аспабын жасау керектігін айтады.

Қорқыт қобыз жасайды. Қобызбен әдемі күй тартады. (62 сөз)

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D1%80%D2%9B%D1%8B%D1%82\\_%D0%B0%D1%82%D0%B0](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D1%80%D2%9B%D1%8B%D1%82_%D0%B0%D1%82%D0%B0)

## 4-СЫНЫП

### 1-мәтін

Мен жазғы демалыста Қазақстанға бардым. Қазақстан – үлкен мемлекет. Қазақстанда көрікті жерлер өте көп. Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты үлкен қалалары бар. Біз Қазақстанға отбасымызбен келдік. Алматы қаласына бардық. Алматыда биік таулар бар. Бурабай көлін де көрдік. Мұнда қалың орман мен әдемі таулар бар.

Келесі демалыста да мен Қазақстанға келемін. (47сөз)

<https://znaniya.com/task/35976588>

### 2-мәтін

#### Күз

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Қазір күз мезгілі. Күн салқындады. Суық жел соқты. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсті. Бақтарда түрлі жемістер мен көкөністер пісті. Біз бақшадан асқабақ, қызанақ, алма, алмұрт жинадық. Әпкем қырыққабат тұздады. Шешем алма мен алмұрттан тосап қайнатты. Біз күз мезгілін ерекше жақсы көреміз. (45 сөз)

<https://goo.edu.kz/loader/load/32501>

### 3-мәтін

#### Отбасы - сыйластық ортасы

Отбасы - сыйластық орнаған орта. Отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс. Сонда бірлік, татулық берік болады. Әке отбасындағы барлық қамқорлықты атқарса, ана отбасына нәр беруші адам. Сондықтан бала өмір бойы ата-анасының еңбегін, жақсылығын сыйлауы тиіс.

Жалпы отбасында үлкендерді сыйлауға көп мән беріледі. Кішіпейілдік, көркем мінез, сыйластық отбасында қалыптасады. Ата-анасын сыйлап өскен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді. (55сөз)

<https://goo.edu.kz/loader/load/19547>

### 4-мәтін

Алпамыс дүниеге келеді. Алпамыс бала кезінде домбыра тартып, күй тыңдауды жақсы көреді. Алпамысқа мыстан кемпір жамандық жасағысы келеді. Бірақ киелі домбыра Алпамысты әрқашан қорғайды.

Бір жылы Алпамыстың ауылына қалмақтар шабуыл жасайды. Алпамыс ол

кезде тұлпарымен тауда жүреді. Жаулар Алпамыстың ауылын өртеп, дүние-мүлкін алып кетеді.

Алпамыс жауға қарсы жалғыз аттанады. Батыр жауларын жеңіп, еліне жеңіспен оралады. (55 сөз)

<https://massaget.kz/blogs/nan-psre-alasyiz-ba--23211/>

### **5-мәтін**

Баяғыда бір ақылды қария болыпты. Оның тоғыз ұлы бар екен. Бірақ балалары әкесінің ақылын тыңдамай, жеке-жеке жүреді екен.

Бір күні әкесі балаларын шақырып, бір бума шыбық береді де:

- Қане, мынаны сындырыңдар! - дейді.

Тоғыз ұл қанша тырысса да, бір бума шыбықты сындыра алмайды. Содан соң қария:

- Енді шыбықтарды бір-бірден алып, сындырыңдар! - дейді. Балалары шыбықтарды тез- ақ сындырып тастайды. Сонда әкесі:

- Балаларым, егер сендердің бірліктерің жоқ болса, дұшпандарың сендерді жалғыз шыбықтай оп-оңай сындырады. Ал бірге болсаңдар, ешкім сындыра алмайды, - дейді.

Осыдан бастап балалары бірлікте, татулықта өмір сүре бастайды. (92 сөз)  
(қырғыз ертегісі)

<https://znaniya.com/task/51404664>

### **6-мәтін**

Айжан мен Әлия бір сыныпта оқиды. Олар мектепке бірге барады, үй тапсырмасын бірге орындайды. Бос уақыттарын да бірге өткізеді. Айжан – қарапайым, сабырлы қыз. Ал Әлия көңілді, ашық мінезді. Олардың мінездері әртүрлі, бірақ екеуі нағыз достар.

Бір күні өнер сабағында оқушылар ағаштың суретін салды. Сабақтың соңында балалар өздерінің суреттерін көрсетті. Әлия жасыл жапырақтары бар әдемі гүлдің суретін салды. Сурет балаларға да, мұғалімге де ұнады. Кезек Айжанға келді. Ол да ағаш пен гүлдердің суретін салыпты. Бірақ Айжан ағаштың жапырақтарын көк түспен бояған екен.

-Айжан, сенің жапырақтарың неге көк түсті? Жапырақтардың жасыл түсті болатынын білмейсің бе? – деп сұрады мұғалім.

- Білемін. Бірақ менде жасыл түсті қарындаш болған жоқ, - деп жауап берді Айжан.

- Әлияда бар ғой. Неге досыңнан алмадың? – деп сұрады мұғалім. Айжан үндемеді. Әлия да қызарып төмен қарады. (127 сөз)

<https://www.scribd.com/document/461806470/%D0%9E%D0%A8-%D2%9A%D0%91->

### **7-мәтін**

#### **Қыс**

Күн суық. Жерде қар қалың. Түн ұзақ, күн қысқа. Қыста мен таңертен сағат жетіде тұрамын. Беті-қолымды жуамын, сүртінемін, шашымды тараймын, тамақ ішемін. Содан соң басыма бөрік, қолыма қолғап, аяғыма етік киіп, мектепке



барамын. Мектептен шыққан соң, мектептің мұз айдынына барамыз. Мұз айдыны мектептен алыс емес. (45 сөз)

<https://znanija.com/task/41592863>

### **8-мәтін**

#### **Жаңа жыл**

Жаңа жылды қыс ортасында, қатты аязды кезде тойлайды. Бұл кезде үйлер, ағаштар, жер ақ қар жамылады. Ауа райы аязды болса, қар жауса, адамдар қуанады. Көшелерге, алаңдарға, үйлерге, дүкендерге, спорт кешендеріне шыршалар орнатады. Оларға түрлі түсті ойыншықтар іледі. Жаңа жылды балалар асыға күтеді. Оларға сыйлықтар береді. Бұл күнді адамдар өз отбасында немесе достарымен, туыстарымен бірге мерекелейді. (55 сөз)

<https://znanija.com/task/41592863>

### **9-мәтін**

#### **9.1.**

Сәлеметсіздер ме, әке-ана! Қалдарыңыз қалай? Менің қалым жақсы. Қазір Германияда күн жылы. Бұл елден мен өзіме көп достар тапты... Менің сабағым таңертең бастала... Түстен кейін достарыммен кітапханаға, кинотеатрға бар..... Атам мен әжемнің қалы қалай? Денсаулықтары жақсы ма? Мен сіздерді қатты сағынды.... Қысқы демалыста елге келе...

Сау болыңыздар! Асыға жауап күте... . (50 сөз)

Құрметпен, ұлыңыз Аят

#### **9.2.**

Сәлем, досы.... ! Қалың қалай? Жаңа мектебің ұнады ма? Сыныптастарыңмен достасты.... ба? Алматы қаласы қандай екен? Біздің сыныпқа жаңа оқушы кел..... . Ол қазір менімен бірге отыра.. . . Мен оған сабақ оқуға көмектесе..... . Сыныптастарымыз саған сәлем айтып жатыр. Сен қысқы демалыста Көкшетауға келе... бе? Елге келсе..., екеуіміз бірге коньки тебуге бара... . (53 сөз)

Сау бол! Асыға жауап күте..... Досың Санжар.

<https://balkhash.goo.kz/loader/load/4597>

### **10-мәтін**

Алтын адам 1970 жылы Алматы облысынан табылды. Кемел Ақышев тапқан бұл ескерткіш әлемдік жаңалық болды. Алтын адамның сақ жауынгері екені анықталды. Оның киімі төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Бас киімінің ұзындығы 70 см-дей, онда жүз елу аң мен құс бейнеленген.

Алтын адам - қазақ халқының еркіндік символы. (48 сөз)

<https://www.zharar.com/kz/qmzh/kazt2/91349-altyn-adam-aza-tili-orys->



## 2. 5-11-СЫНЫПТАР ҮШІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ МӘТІНДЕР

### 5--сыныптарға арналған көркем мәтіндер

#### *1-мәтін*

Денсаулық – адам өміріндегі ең басты құндылықтардың бірі. Денсаулығы мықты адам ғана толыққанды, бақытты өмір сүре алады. Дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, таза ауада серуендеу – денсаулықты сақтаудың негізгі жолдары. Әр адамның күнделікті әдеттері оның денсаулығына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, зиянды әдеттерден аулақ болу, ұйқының жеткілікті болуы, стресстен аулақ болу да маңызды рөл атқарады. Денсаулықты сақтау – әр адамның өз қолында, сондықтан оған жауапкершілікпен қарау қажет. «Дені сау адам – қоғамның ең үлкен байлығы» деген сөз осыны білдіреді.

#### Денсаулық жыры

Аяулы, адал ақ ниет  
Менде де біраз бар шығар.  
Адамға біткен қасиет  
Сыздаса балтыр – хал сұрар.  
Арыммен жаздым бұл хатты,  
Жанымдай жазған жетпекші.  
Сізге бір келген сырқатты  
Үлесіп алып кетсекші.  
Дәрігер емен, ақынмын,  
Қолымнан келер жыр ғана.  
Осы бір жазған хатымның  
Соңында тілек бір ғана:  
Қадірлі біздің досымыз,  
Біздерден аулақ сырқаулық.  
Қайратқа қайрат қосыңыз,  
Жасасын біздің денсаулық!

*Қасым Аманжолов*

#### *2-мәтін*

#### «Өзен» өлеңі

Өзен, өзен, өркенің сен,  
Жақсылығың әркімге ем.  
Балығыңмен, құсыңмен сен  
Көк шалғынды көктеткен.

Ағыныңмен асып, тасып,  
Жер шетіне жол алған.

Жағаңда жапырақ жайып,  
Орман көгерген, толғанған.

Жаңылтпашты оқы  
Шұғайбай Шығайбайға:  
– Су қайда, әй? – деді.  
Шығайбай Шұғайбайға:  
– Шық, ойбай! – деді.

*Илияс Жансүгіров*

Дерек көзі: <https://erketai.kz/balalardin-olenderi/kazakhsha-zhaniltpashtar-zhinagi/?ysclid=m2w4vrkj2o729869285>

### **3-мәтін**

Қазақ отбасында үлкендерге **құрмет** көрсету маңызды орын алады. Ата-әжелер – отбасындағы **ақылшылар**, олар балаларға ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді үйретеді. Әке – отбасының тірегі, ал ана – оның жүрегі деп саналады. Әке отбасының **қамқоршысы** болса, ана балаларды тәрбиелеп, үйдің берекесін сақтайды. Балаларды кішкентай кезінен ата-анасына, туған-туыстарына құрмет көрсетуге баулиды. Қазақ отбасылары әдетте көпбалалы болған, бұл – ұлттық мәдениеттің бір ерекшелігі. Отбасылық қарым-қатынас, сыйластық пен бірлік қазақ халқы үшін әрдайым маңызды құндылық саналады.

### **4-мәтін**

Компьютер – заманауи өмірдің ажырамас бөлігіне айналған құрылғы. Ол ақпаратты өңдеуге, сақтауға және таратуға мүмкіндік береді. Компьютерді күнделікті өмірде оқу, жұмыс, байланыс және ойын-сауық үшін қолданамыз. Интернетке қосылған компьютер арқылы әлемнің түкпір-түкпірінен ақпарат алуға, жаңа дағдыларды үйренуге және қашықтан жұмыс істеуге болады. Компьютерлер білім беру саласында да маңызды рөл атқарады, себебі онлайн сабақтар мен қашықтан оқыту осы құрылғымен тығыз байланысты. Дегенмен, компьютерді шамадан тыс қолдану денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін, сондықтан оны дұрыс пайдалануды және экран алдында уақытты шектеуді ескеру қажет. Компьютер – бізге білім көкжиегін кеңейтуге, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға көмектесетін технологиялық құрал.

### **5-мәтін**

#### **Ұлттар достығы: Бірліктің негізі**

Қазақстан – түрлі этностар мен мәдениеттердің мекені. Бұл елде жүздеген ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, бір-бірімен мәдениеттерін бөлісіп, ынтымақтасуда. Ұлттар достығы – біздің қоғамымыздың негізі, ал оның мәні мен маңызы ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи және мәдени контексте жатыр. Ұлттар достығы – еліміздің тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі. Тек бірлікте ғана біз еліміздің дамуына, мәдениетіміздің байлығына, ұлттық рухымыздың күшеюіне қол жеткізе аламыз. Әрбір азамат өз елінің бір бөлігі ретінде, халықтар

арасындағы достықты нығайтуға, өзара сыйластықты дамытуға міндетті. Қазақстандағы ұлттар достығы – біздің ең үлкен байлығымыз, оны сақтап, дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

### **6-мәтін**

#### **Мектеп өмірі: Білім, Достық, Тәжірибе**

Мектеп – бұл әр адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Онда білім алып, достармен танысып, өмірдің алғашқы тәжірибесін жинақтаймыз. Мектеп өмірі – бұл тек оқу мен сабақтар ғана емес, сонымен қатар тұлғалық даму мен әлеуметтік қарым-қатынастардың қалыптасуы. Мектеп өмірі – бұл білім, достық, және тәжірибенің бірлігі. Мектептің әрбір сәті, әрбір сабағы, әрбір достығы – біздің болашағымызды қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан мектеп кезеңін барынша тиімді өткізіп, оның әрбір мүмкіндігін бағалауымыз керек. Мектеп – бұл біздің алғашқы мектеп, болашаққа жасалған алғашқы қадам, және бұл кезең әрқайсымыз үшін ерекше болып табылады.

### **7-мәтін**

#### **Кітап – құнды сыйлық**

Кітап – адамзат мәдениетінің асыл қазынасы, білім мен даналықтың қайнар көзі. Ол адамдарды біріктіретін, жаңа идеялар мен ойлармен бөлісетін ерекше құрал. Кітаптың құндылығы тек оның беттерінде жазылған ақпаратпен шектелмейді; ол адам өміріндегі терең әсерімен, рухани байлығымен, алуан түрлі эмоциямен байланысты. Сондықтан, кітапты сыйға тарту – бұл ең бағалы және мәнді сыйлықтардың бірі. Кітап – бұл құнды сыйлық, білім мен даналықтың символы. Ол адамның өмірінде ерекше орын алады, өйткені ол біздің білімімізді, рухани байлығымызды, ішкі дүниемізді тереңдетуге көмектеседі. Кітап оқу – бұл өмір бойы жалғасатын сапар, ал кітапты сыйлау – бұл даналықтың, мейірімділіктің және махаббаттың белгісі. Сондықтан, кітапты сыйға тарту – бұл біздің жақындарымызға, достарымызға, әріптестерімізге көрсеткен шынайы қамқорлығымыз бен құрметіміздің белгісі.

### **8-мәтін**

#### **Ер есімі - ел есінде**

Ерлік – ұрпаққа өнеге, батырлық – елге мақтаныш. Қазақ халқы тарихында талай батырлар елінің тәуелсіздігі мен болашағы үшін күресті. Олардың есімдері халық жадында мәңгілік сақталып қалды. Тәуелсіздік үшін жанын қиған батырларымыздың өмірі мен ерліктері жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге үлкен үлес қосады. Бүгінгі бейбіт өміріміз солардың өшпес ерлігі мен төзімділігінің арқасы. Ұлы Отан соғысының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды тұлғалар ел есінде мәңгілік сақталады. Олардың ерліктерін ұмытпай, құрмет көрсету – біздің парызымыз.

### **9-мәтін**

## Ұлы дала табиғаты

Ұлы дала – кең-байтақ жерлерден тұратын әсем табиғат мекені. Ол жерлерде шексіз жазықтар, қоңырсалқын ормандар, биік таулар мен таза көлдер бар. Бұл даланың ауа-райы өте өзгеше: қыста суық әрі қарлы, жазда ыстық әрі құрғақ. Дала өсімдіктері мен жануарлар әлемі де бай: мұнда ақбөкендер, киіктер, бүркіттер мен қасқырлар мекендейді. Әр маусым сайын дала жаңа түске енеді, ал өсімдіктер көктемде гүлдеп, күзде сарғаяды. Табиғат сұлулығының арқасында Ұлы дала қазақ халқы үшін ерекше мәнге ие.

### *10-мәтін*

Жануарлар әлемі әртүрлі және қызықты. Әр жануардың өзіне тән ерекшелігі бар. Мысалы, арыстан - орманның патшасы, оның күшті, батыл мінезі бар. Керік - ең ұзын мойынды жануар, ол ағаштың жоғары бөлігіндегі жапырақтармен қоректенеді. Піл - ең үлкен құрлық жануары, оның үлкен құлақтары мен ұзын тұмсығы бар. Ал қасқыр - топ болып аң аулайтын жануар. Жануарлар табиғатта маңызды рөл атқарады, олар экожүйені сақтап, тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Әр жануар қоршаған ортаға бейімделген және тіршілігін жалғастыру үшін күреседі.

### **6--сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

#### *Мәтін.*

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз тусінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бөрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» деген ескертпелер мен мақал-мәтелдер де куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да, халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсандарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік, үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да қазақ кең дастарқан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек, ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді білмеген, төрге шығарып, ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)

## Қобыз

Күндердің күнінде бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян береді: «Уа, Қорқыт, тұр!- дейді. - Сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын. Шанағы бақырдай болсын. Көні аруананың бауыр терісінен болсын. Тиегі ортекенің мүйізінен болсын. Ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!».

Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен. Сол бетінде қобыз жасауға кірісіп, әулиенің қойған барлық шарттарын орындайды. Сонан соң қобызды қолына алып, құлағын бұрап, қияғын шалып көрсе, сарнап қоя береді. Өлгі көкірегін кернеген күй қобызына көшіп, аспан асты сазды сарынға бөленеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел бәрі сүттей ұйып, қобыз күйін тыңдайды.

*(Ақселеу Сейдімбек)*

Адам денсаулығының жақсы болуына оны көңіл күйі мен төңірегінде болып жатқан жағымды өзгерістердің маңызы ерекше. Қуаныш, сүйініш, таңдану, сүйіспеншілік сезімдері адамның денсаулығына жақсы әсер етеді. Оның дене құрылысының өсіп-жетілуін жақсартады, жұмыс істеу қабілетін арттырады. Ал болмашы нәрсеге күйіну, қайғы-қасіретке түсу немесе біреудің табысына қызғаныш білдіру, жек көру сезімдері адамның денсаулығын нашарлатады.

Әлемге әйгілі ғалым Әбу Әли ибн Сина ауруларды емдеп, сауықтыруда дәрілер мен хирургиялық әдістерден бұрын жылы сөздің қажеттігін айтқан. Біздің ата-бабамыз сөздің әсер ету күшін біліп, көптеген мақал-мәтелдер қалдырған: «Жақсы сөз жан семіртеді», «Жылы сөз жанға қуат береді», «Жақсы сөз жанды айықтырады, аурудың жазылуына жәрдемін тигізеді» т.б. Адамның рухани күйі мен ішкі сезімі - денсаулықтың кепілі. Көңіл күйді жадыратып, жүрекке жылы тиетін жақсы сөздер деніңіздің сау болуына әсер етеді. Себебі жан мен тән егіз. Халқымыздың «Жаны саудың тәні сау» деген мақалы өмірден алынған.

*(«Денсаулық – халық байлығы» кітабынан)*

«Ақылды үй» (ағыл. digital home) — автоматтандырылған үй. Ол адамдардың қолайлы өмір сүруі үшін жоғары деңгейлі технологиялармен жабдықталған. «Ақылды үйдегі» жарық, электр жүйесін, кондиционер, желдеткіш, климат-бақылау, аудио және видео жүйелерді, күзет, өрт дабылы, апатты жағдайларды бір ғана диспетчерлік пульспен смартфон немесе ғаламтор арқылы басқарып, бақылауға болады. «Ақылды үй» өрттен де қорғайды. Мысалы, ауада кішкене болса да иісті газ пайда болса, онда өртке қарсы жүйе іске қосылады және өртті үдетпес үшін ауаның келуін тоқтатады, газ жабылады, электр токтары өшіріледі. Бөлмедегі адамдар сирена және түрлі сигналдар арқылы хабарландырылады, ал егер өрт үйдің иелері жоқ кезде басталса, онда жүйе арқылы олардың ұялы телефондарына хабарлама жіберіледі. Параллельді

түрде түтінді жою функциясы қосылады, ал қауіпсіздік қызметіне өрт туралы ақпарат келіп түседі.

*(М.Э. Сонер)*

Үй ішінде әкесі Қанышты өзінше баулыды. Жасы онға толған баласын есі кірген адамға жорыды. Бұған баланың зеректігі мен ұғымталдығы да себеп болды. Сабағын әзірлеп бітіргеннен кейін әкесі Қанышты қасына отырғызып алады да, қисса-дастандар оқытады. Өзі тапжылмаған қалпы бас шұлғи тыңдайды. Бұдан басқа ұлы бабасы Бұхар жыраудың өзі жазып алып, қастерлей сақтап жүрген жыр-толғауларын да жатқа айтқызады. Осылайша Қаныштың көкейінде талай дастандардың сарыны сақталып қалды. Әсіресе әкесі үзбей оқытатын «Едіге» жырының оқиғасы жадында өшпестей жатталды.

Саналы бидің үзбей жыр-дастан айтқызуының мәнісі - баласының ана тілін меңгеруіне себін тигізудің тәсілі еді. Әке мұраты біртіндеп жүзеге асып та жатты. Қаныш туған халқының салт-дәстүріне, сөз өнеріне, мәдени мұраларына қаныға берді. Сүйіспеншілігі тасқындады. Әсіресе Жаяу Мұса атасының әуендеріне және сол кісінің ықпалымен халық әуендеріне әуестігі артты. Өндердің ырғақ-үйірімін бұзбай, бұрмаламай айтудың тәсілін үйренді. Қариялар сөзіне құлақ түре жүріп, қазақтың таралым шежіресінен де көп жайларды білді.

Сырғыған жылдар Қанышты ширатып, жаңа-жаңа белестерге өрмелетті... Туған даласының құдіретін таныту үшін құлшынған Қаныш Имантайұлы өзінің де дарынын айшықтады, көксеген мұратын жүзеге асырды. Ол жерді халықтың ырысы деп біледі. Сол ырысты халықтың қажетіне жаратты. Қазақтың сары даласын қазаны сақырлап қайнап тұрған өндіріс ошағына айналдыруға бүкіл күш-жігерін сарп етті.

*(Қ. Толыбаев. «Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы» кітабынан)*

«Адам көркі – шүберек», «Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген мақалдар бар. Дүниеде әр халықты басқа халықтардан ерекшелеп тұратын салт-дәстүрі, ішер асы мен киер киімдері, сыртқы түрі мен келбеті болады. Сондықтан сыртқы келбеттің де әркімнің өз ұлтының, халқының мәдениетіне, таным-түсінігіне сай болуы шарт.

Бұл өмірде адамдардың жан дүниесін танып білудің, әрқайсының сана-сезімімен санаса келіп, олардың жеке-дара өзгешеліктерін түсіне білудің маңызы айрықша. Ол, әрине, өзара қарым-қатынас жасау, сыйласу барысында анықталатын жайттар. Тек есте болатын бір жағдай, жеке адамның әртүрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүріп отырған ортасына, ондағы қоғамдық қатынастарға да тәуелді. Өмірдің бір орында тұрмайтыны белгілі. Адамның айналасы мен жағдайлар үнемі өзгеріп отыратындықтан, оның психикасы да біртіндеп өзгеріске түседі. Бірте-бірте мүлде бөгде өмір салты қалыптасады. Соған қарамастан, адам тану бойынша зерттеу жүргізушілер адамның сыртқы кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлесу, сәлемдесу әдебі, ұйықтау, отыру мәнері арқылы-ақ оның қандай мінезді, ақыл-парасатының, ерік күшінің, белсенділігінің қаншалықты екенін аңғаруға болады деп есептейді.

Қазақта «аспанмен еркін тілдесіп», сол арқылы адамның өмірін болжайтын, табиғат күйінің құбылысын алдын ала танитын адамды «жұлдызшы» деп атаған. Біздің қазақ халқы табиғат тылсымына терең үңілді. Кез келген құбылысты назардан тыс қалдырған жоқ. Тіпті құстардың төмен-жоғары ұшқанына қарап-ақ, күні ертең қандай ауа райы болатынын болжап білді. Түнде жолға шыққан адам Темірқазықты бетке алып жүретін. Сол арқылы баратын жеріне адаспай жетті. Оған Жетіқарақшы, Шолпан жұлдыздарының қозғалысы да күнделікті тіршілікті өз пайдасына қарай ыңғайлауға жарайтын. Қысқасы, қазақтың аспан әлемін зерттеуінің өзінде көптеген құпия бар.

Жұлдызшылық тек қазаққа ғана емес, жалпы адамзат баласына бұрыннан-ақ таныс болған. Олар ежелгі дәуір мен V-X ғасырларда аспан денелерінің қозғалысын бақылап, ол жайында өз тұжырымын жасаған. Біздің арғы тегіміз — ежелгі түркі тайпаларында да жұлдызшылар болған. Қазақ тілінде Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Босаға, Таразы т.б. көптеген жұлдыз атаулары бар. Олар бізге ежелгі түркілер дәуірінен жеткен. Жұлдызшылар жыл мезгілдерін, мал төлдету, бие байлау, жайлауға, күзеуге, қыстауға көшу мерзімдері секілді жайларды көпшілікке жариялап отырған.

[\(Http://Alashainasy.kz/Society/Juldyizga-Karaymyiz-Olardy-Sanaymyiz-54083/\)](http://Alashainasy.kz/Society/Juldyizga-Karaymyiz-Olardy-Sanaymyiz-54083/)

### **Балаға ат қою**

Қазақта бала туғаннан кейін ел ішіндегі аса құрметті қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Ат қоюдың өзінен бүкіл бір халықтың ұлттық ерекшелігі, ой-арманы, түсінігі ап-айқын көрініп тұрады. Мысалы, ерте заманда балаларға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтасын деген оймен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген оғаш есім қоятын болған.

Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттарға байланысты да болып келеді. Бала бай, дәулетті болсын деген мақсатпен Байбол, Дәулет, Алтынбек, Алтынбай; күшті де батыл деп Арыстан, Батырбек, Қаһарман, Ербатыр; сұлу да көрікті болсын деп Айсұлу, Әсем, Ботагөз, Ажар; ақылды да тапқыр болсын деп Ақылбек, Ақылбай, Есбол сияқты есімдерді таңдап қойған.

Көптеген есімдер халықтың әдет-ғұрпына, күн, жыл аттарына да байланысты болып келген. Мысалы, Наурызбай, Жұмабай, Бейсенбай; балалары шетіней берген отбасылар жаңа туған сәбилерге Тоқтар, Тұрсын, Тоқтасын деген есімдер қойған.

### **Қазақ отбасындағы дәстүрлік тәрбие**

Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Ал моральдік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз – адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі – имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға үлкендерге қос қолдап

сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған.

Жастардың жанына сыпайылық, кішіпейілділік қағидаларын үнемі сіңірумен болған. Жастарды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

### **Ұрпақ – өмір жалғасы**

Ең бір саналы тіршілік санатындағы адамның ұрпақ жаюы – сұлулық пен арпалысқа, қым-қуыт күреске, жақсылық пен жамандыққа толы сыр. Әрбір ұлт пен ұлыстың, халық пен елдің әр қилы кезеңдерде ұрпақ қалдырудағы талғамдарында ала-құлалық болғанымен, бәріне ортақ бір түп қазық ертеңіне деген асқан жауапкершілікке тоғысады. Өйткені, перзент – жеке адамның ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі, келер тарихқа барар аманат. Бұл – табиғат-ана қалыптастырған әсем де қасиетті құбылыс. Ұрпақ – саналы өмірдің ең басты кепілдігі.

Атам қазақтың ұрпаққа деген көзқарасы да жан шырылына толы. Олай болары ғасырлар бойы табиғатпен тайталас өрбіген, не қилы заманалар ауыздықпен су ішкен дала тіршілігі ұрпаққа деген қатаң жауапкершілікті қалыптастырады. Толассыз арпалыс үстіндегі тіршілік бауырмалдықты, әрбір ру мен аталықтың, әр шаңырақтың шайқалмай нық тұруын талап етті. Олар шаңырақтың басты мүддесі – ұл тілеген. Ұл – берісі өз үйінің отын өшірмесе, әрісі елге қамқор, жалпақ жұртқа пана. Қазаққа ер бала-ұрпақ, демек, өз өмірінің жалғасы, қала берді, қарт ата-ананың сүйеніші.

Дүниеге қыздың келуі – отбасына енген жаңа нәзіктік пен әсемдік деген сөз. Ағалары, тіпті, ата-анасының өздеріне дейін жаратылысында сезімтал қыз балаға ұнамай қалудан сескенеді, бойларын бұрынғыдан да түзей түсіп, жүріс-тұрыс, іс-қылықтарының бәріне де жаңалық енгізеді, қызға қамқор болады.

### **Нағыз сүйіспеншілік**

Бір күні көпті көрген кісіден:

– Жақсы көремін деген құрғақ сөз бен шын мәнісінде, жақсы көрудің арасында қандай айырмашылық бар? – деп сұрағанда, ол екеуінің арасын былай ажыратып берген екен:

Алдымен жақсы көремін деген сөзді тек құрғақ сөзбен шұбатып жүрген адамдарға арнайы дастархан жайдырады да орындарына жайғастырады. Сосын олардың алдыларына бір-бір кесе табакпен сорпа алдырып, қолдарына ұзындығы бір метр қасық ұстатады. Оларға бір шарт қояды: «Осы қасықтармен алдыларындағы тамақты жейсіңдер». Жарайды дейді де ішуге кірісіп кетеді. Бірақ қасық ұзын болғандықтан, іше алмай үстілеріне төгіп-шашып, қатты әбігерге түседі. Ақыры қолдарынан келмей, дастарханнан аш болып тұрады.



Ал енді бір-бірлерін шын ниеттерімен жақсы көретіндерді дастархан басына шақырайық дейді. Олардың жүздерінен бір-біріне нұр төгіліп, қараған сайын көз тоймайтын адамдар болады. Оларға да «қане асқа қараңдар» делінгенде қасықты сорпаға батырып, қарсы алдындағы адамға ұсынады. Осылайша бір-бірлерінің қарындарын тойдырып, Аллаһқа шүкірлерін айтып жөндеріне кете барады. Міне осы кезде әлгі кісі: «Кімде-кім дастархан басына отырғанда тек өзі ғана отырғандай сезініп, өзін тойдыруды ойлайтын болса, ол адам аш қалады. Ал кімде-кім қасындағы бауырын ойлап, сол тойсын десе оны да бауыры тойдырады. Сонымен қатар нағыз базарда алушы емес, берген адам табысты болатынын ешқашан ұмытпаңдар», – деген екен.

### **Тәрбие бұрыс болса**

Бір күні ауыл ақсақалы бидің алдына келіп, ұлына шағымданып былай дейді:

- Тақсыр! Кеше өз ұлым мені егістіктің басында ұрып-соқты. Өгізді ұратын қамшымен ұрып, жанымды көзіме көрсетті. Оның бұл ісіне қатты өкіндім. Мен сонда ұлымды мені ұрсын деп өсірдім бе? Істің ақыры бұлай болады деп кім ойлапты. Қартайғанда мұндай қорлық көрем деген ой кіріп те шықпапты. Осыған шара іздеп келіп отырмын. Маған ақыл айтып, қол ұшын беріңіз.

Қарияның әңгімесін мұқият тыңдап болған соң, би былай сұрақ сұрайды:

- Аллаһ сақтасын мұндайдан! Әкесіне қалайша жұдырық жұмсайды. Сен өз ұлыңа Аллаһтың дінін үйретіп пе едің? Әке-шешеге құрмет көрсету керектігін түсіндірмедің бе? Жас кезінде балаға әдеп пен тәрбие сабақтарын бермедің бе?

- Тақсыр! Ауылдың жағдайын білесіз. Азаннан кешке дейін күйбең тіршіліктен қол тимейді. Малға қарайсың, егін егіп, жем-шөп жинайсың дегендей. Ондайға мән бермеппіз, - деп жыламсырап жауап қатқан қарияға:

- Олай болса, сенің ұлыңа өкпелейтін ешқандай жөнің жоқ. Ол сені соқа тартатын өгіз деп қалған ғой шамасы. Өйткені ұлың үшін сені мен өгіздің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Ұлыңа әкенің қадірін үйретпепсің. Ұлың өгізді ұрам деп сені ұрған екен. Ол ұлынның әкесіне қол көтеруі мүмкін емес, деп әкелік міндетін атқара алмағандығын түсіндіріп жіберген екен.

### **Қайтқанда**

Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көрінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан – бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлаңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңадан атқан. Салқын күннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып, шашасына дейін суландырған.

Ералының кең жазығына келіп ілінген жүргіншілер – ерте көшкен ауылдың ер-азаматтары. Көшіп келе жатқан – Абай ауылы мен көрші ауылдар. Сол көштің алдында ұзаңқырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның кей достары, кей ақын-әншілер.

Топтың алдыңғы қатарында Абай, Көкбай, Шұбар – үшеуі өзгелерден озыңқырап, оңаша әңгімелесіп барады. Артқы топ – Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді.

Жүрістің ертелік мазасыздығына қарамай, күн райының мұңды, сұрқай көңілсіздігіне қарамай, ортадағы жастар тобы үнемі дабырлап сөйлесіп, әзілдесіп, күліп келе жатыр.

### **Қызғалдақ ертегісі**

Ертеде бір бай болыпты, мыңнан астам малы бопты. Ол кедейлерге, жаралы жандарға көмектесіпті. Бірақ бай бір балаға зар екен. Бір күні ол көріпкелге келеді. Көріпкел оған: Сенің бір ұлың болады депті. Айтқанындай 9 ай 9 күннен кейін әйел 1 торсықтай ұл табады. Оның атын Сағыныш қояды. Жыл өткен сайын Сағыныш түр тұлғасы келісті жігіт болады. Бөкен қуып жүрген Сағыныш шөл далада адасып кетеді. 3 күн дегенде шөлдің аяғына жетеді. Қарсы алдында қиіз үй бар екен. Оның ішінен ай десе аузы күн десе көзі бар ару шығады. Ол келіңіз қымыз береміз - дейді. Халықтың айтуынша бұл Сарыбай деген қарияның қызы-Балкүміс екен. Сағыныш өзінің Балкүміске ғашық болып қалғанын сезеді. Балкүміс те түр тұлғасы сымбатты жігітке ғашық болады. Екі күн өткен соң Сағыныш қариямен қызымен қоштасады. Кетерінде Балкүміске тағы келемін деп серт береді. Ол тағы үш күн жүріп ауылына жетеді. Үйіне келсе әке-шешесі қара жамылып отыр екен. Отбасы жылап қауышады. Сонда ол әкесіне әке мен үйленемін дейді. Әкесі кімге десе көрші ауылдың қызы Балкүміске дейді. Әкесі сонда балам сен кішкентай кезінде көршімнің сұлу қызымен атастырып қойғанбыз сертте тұрмау ер жігітке мін деп айтады. Сонда Сағыныш онда менде қайтып оралам деп серт бердім. Барып қоштасып келейінші. Бар дейді әкесі. Ол Балкүмістің үйіне келді. Аттан түсіп қарияға айтады мен қызыңызға үйлене алмаймын. Сонда ол ата анаң келіспесе кете бер дейді. Балкүміс пен Сағыныш шөлдің қақ ортасына келгенде екеуі жылап көздеріндегі жастар жерге тамады. Сол кезде олардың тұрған жерінен «қызғалдақ» гүлі өсіп шығады. Содан бастап қызғалдақ гүлі махаббаттың белгісі болып саналады.

### **Зергерлік өнер**

Тамырын тереңге жайған көрікті әрі көрнекті саланың бірі - зергерлік өнер. Зергерлік – өте ертеден келе жатырған өнер саласы. Әсіресе, оған қазақ халқы көп көңіл аударады. Қазақ халқының зергерлік өнері Қазақстанның Алтайдан Оралға және Сырдариядан Солтүстік орман далаларына дейінгі жерлерін мекендеген көшпелі халықтар мәдениетінің дәстүрі негізінде қалыптасты. Археологиялық қазбалар жүргізген кезде осы аталған аймақтардан алтын, күміс, қоладан жасалған, қымбат тастармен әшекейленген ескерткіштер табылған.

Шеберлер әсіресе қыз-келіншектердің сәндік бұйымдарын асқан шеберлікпен, жоғары талғаммен жасаған. Оларға сақина, жүзік, шолпы, сырға, білезік, алқа, түйме, және тағы басқаларын жатқызуға болады.

Әртүрлі сәнді бұйымдар асыл тастардан жасалған қымбат заттар шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

### Ағаш өңдеу өнері

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ағаштан жасалған бұйымдар ежелден бері кеңінен қолданылып келеді. Киіз үйдің ағаш сүйегін жасайтын шеберді қазақ халқы үйші деп атап, он саусағынан өнер тамған шеберлерге әрдайым құрмет көрсетті.

Ағаш шебері үйге жарамды ағаштарды өзі таңдап алып, киіз бөліктерінің барлығын, атап айтқанда кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық есігіне дейін өз қолымен жасап шығарды. Сондай-ақ ағаш ұсталары домбыра, сыбызғы, қобыз, даңғыра сияқты тағы да басқа музыкалық аспаптар, атқа салатын ер және астық бастыру үшін қажетті еңбек құралдары – айыр, аша, тырмақ, күрек тәрізді еңбек құралдарын дайындады.

### «Уақыт - ұлы күш»

Бір дана бос құмыраны алып, таспен толтырады. Шәкірттерін жинап, оларға:

- Құмыра толы ма? - деп сұрақ қояды. Шәкірттері:
- Иә, - деп жауап береді.

Дана бұршақ толы банканы алып, түгелдей құмыраға құяды. Бұршақ тас арасындағы бос жерді толтырды. Сонда дана:

- Енді толы ма? - деп сұрайды. Шәкірттері бас изеді.

Бұл жолы дана құм толып тұрған қорапты алып, құмыраға құйды. Құм бұршақ пен тас арасынан өтіп, бүкіл бос жерді толтырды. Дана шәкірттерінен тағы сұрап, «иә» деген жауап алды. Сонда дана суға толы кесені алып, құмыраға құйды. Шәкірттері мұны көріп, күлді.

Дана сонда былай дейді:

- Сендерге айтайын дегенім, құмыра — біздің өміріміз. Тас — өміріміздің басты бөліктері: балалар, отбасы, достар, денсаулық. Бұршақ — бізге қуаныш сыйлайтын дүние, бірақ ең маңызды нәрсе емес, яғни үй, жұмыс, көлік, бағалы заттар, т.б. Құм — кез келген адам өмірінде бар ұсақ-түйек нәрселер.

Егер басында құмыраны құмға толтырсаңыз, бұршақ түгілі тасқа да орын қалмайды. Өмірде де солай: ұсақ-түйекке уақыт жұмсасаң, бастысына уақытың жетпейді...

### Айтыс – сөз барымтасы.

Әрбір халықтың өзіне тән салт – дәстүрлері, әдет – ғұрыптары, халық ауыз әдебиеті, мәдениеті, тәрбиелік ұстанымдары бар. Міне, осы асыл қазынамыз бізге ұрпақтан ұрпаққа сан ғасырлар бойы аманат ретінде ұласып, ұлттық болмысты жоғалтпай, өзгелерден ерекшелеп тұратын айна секілді. Бізде өз кезегімізде бұл құндылықтарды қастерлеп, келер ұрпаққа осы күйінде жеткізуіміз керек.

Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді.

Қазақ халқының екі жүзге жуық салт – дәстүрі, сенім – ырымдары, ұлттық ойындары бар, олардың әрқайсысының тәрбиелік те, танымдық та маңызы зор. Осы ретте айтыстың алар орны ерекше.

Айтыс – қазақ халқының ертеден қалыптасқан жыр жарысының бір түрі. Айтысқа суырып салма ақындар мен көркем сөз шеберлері қатысады. Айтыста ел басқарып отырған басшылардың кемшіліктері, сондай – ақ өмірдегі келеңсіздіктер ашық айтылады. Айта кететін бір жайт, айтыс бүгінгі күнге дейін жетіп, тәрбиелік мәнін жоғалтпаған жыр жарысы. «Атамұра – асыл қазына» демекші, осындай ұлттық дәстүр, ғұрыптарымызды сақтап, қастерлеуіміз қажет.

\* \* \*

Бес-алты атты жолаушы бір ауылға жетіп, шетте тұрған үйге келеді. Жолаушылар ол үйдің Жиренше шешендікі екенін білмейті де: «Оу, кім бар бұл үйде?» - депті. Сонда Жиренше: «Екі қой жеймін десеңдер, түсіңдер. Бір қой жеймін десеңдер, басқа үйге барындар», - депті. Қонақтар: «Бұл өзі мырза жігіт екен. Қане, осы үйге қонайық», - деп, аттарынан түсіп, үйге кіреді. Үй иесі жалғыз буаз қойын жетектеп әкеліп, қонақтардан бата сұрайды. Қонақтың біреуі: «Мына қойың туайын деп түр ғой. Басқа қойың жоқ па?» - дегенде, Жиренше: «Басқа малым жоқ еді. Бағана айттым ғой сендерге: «Екі қой жеймін десеңдер, түсіңдер, бір қой жеймін десеңдер, басқа үйге барындар деп». Жолаушылар: «Қой, болмас», - деп жиналып, басқа үйге барып қонады. Кейін олар сұрастырып қараса, әлгі «екі қой жеймін десеңдер, біздікіне түсіңдер» деген адам Жиренше шешен екен. Олар Жиреншенің қонақжайлығын, жомарттығын барған жерлерінде айтып жүреді.

\* \* \*

Қазақ халқы сөз өнеріне, сөйлеу мәдениетіне көп көңіл бөлген. «Өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін бүкіл өнер атаулыдан жоғары қойған. Қазақтар орынды сөзге тоқтап, өз қателігін қайтарып, мойындай білген. Олар сөз сөйлеу шебері болған. Шешендер мен билер ел арасындағы дау-дамайды шешіп отырған. Тіпті сөз құдіретімен жауын тізе бүктірген. Қазыбек би бала кезінде Жоңғар ханын сөзбен жеңген.

«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, елбасыларының, хандардың, болыс- әкімдердің қателігін бетіне айтып, ақыл- кеңес беріп отырған. Елді әділ басқарған хандардың жанынан әрдайым билер табылған.

«Аз сөз алтын, көп сөз күміс» деп бет алды керексіз сөйлеуге тыйым салған. Адамға аз сөйлесін деп бір ауыз, көп тыңдасын деп екі құлақ берілген болу керек.

«Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без» деп үлкендердің сөзін тыңдауға шақырған. Сондай-ақ елдің ынтымағын бұзатын орынсыз сөздерді де жақсы

көрмеген. Өсек айту, өтірік айту, ғайбат сөз сөйлеу, қарғыс айту, сөз тасу сияқты тіл апаттарынан сақтандырып отырған.

«Жақсы сөз жарым ырыс» деп, әрдайым жылы сөз айтуға тырысқан. Той-заттар домалақта той иелеріне жылы лебіздерін білдірген. Өлім-жетімде адамның болы қайғысына ортақ болып, жылы сөздермен жұбатуға тырысқан.

\* \* \*

Бір қария кісі қартайған шағында балаларын шақырып соңғы өсиетін айтады.

- Балаларым, менің бұл дүниеде көретін көп күнім қалмады. Бәлкім, қазір айтатын сөздерім менің соңғы өсиетім болатын шығар. Менің айтатын бір ғана өсиетім бар: ынтымақты болыңдар, - деп, әрқайсысына бір- бірден шыбық берді. Ал енді осыны сындырыңдар, - дейді. Бәрі лезде сындырып тастайды. Сосын бірнеше шыбықты қосады да: - ал енді сындырыңдаршы, - дейді. Ешбірі сындыра алмайды.

- Міне, араларыңда бірлік болса, әрқашанда мықтысыңдар. Егер бірліктерің жоғалса, ешқандай жауға қарсы тұра алмайсыңдар. Аталарымыз «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі түседі» деп тегін айтпаған. Әрдайым бір-біріңе қамқор болыңдар. Егер біреуінде сіріңке, біреуінде май, біреуінде шам, біреуінде мақта білте болса және әрбірің әр жақта болсаңдар, ешқашан жарықтан пайдалана алмайсыңдар. Егер біріксеңдер, онда шамның жарығынан бәрің де пайдаланасыңдар. Сондықтан әрдайым тату-тәтті өмір сүріңдер. Осы өсиетімді ешқашан ұмытпаңдар.

## **7--сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктетуге міндеттіміз. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Қазақ елінде, қазақ жерінде қазақ тілі өркендеуі тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір-қасиетін өзіміз білуіміз, насихаттауымыз керек.

Ана тілі ана сүтіндей өте қасиетті. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөл ойнауы мүмкін.

<https://ser-per.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/til-temir-azy-ymyz.html>

Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі, тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай,

оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Себебі қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Оған басты себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады.

Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі. Себебі оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше.

<https://massaget.kz/shyigarma/tl-en-asyil-kundyilyik--47958/>

Уақыт – біздің өміріміз. Уақыт өмірімізден бөлек емес, уақыт пен өмір арасындағы байланыс күн мен оның сәулесі, ағаш пен жемісі, көз бен көру арасындағы байланыс секілді өте тығыз. Басқа жаратылыстарды айтпағанда, адамзаттың уақыт пен мекенге мұқтаж екеніне ешқандай талас жоқ. Уақытты босқа өткізу – мезгілі өлшеулі, құны өлшеусіз өз өмірімізді рәсуа қылу.

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?

Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.

Менің жаным ашиды бұл өмірді,

Өтпейтіндей көретін адамдарға!-дейді Мұқағали Мақатаев.

Расында кейбір адамдар уақытты өміріміздің ұрысы деп есептесе, бірі уақытты ұлы ұстаз дейді. Біздің қолымыздан бәрі келеді. Біз біраз нәрсені жасап өзгерте аламыз. Тек уақытты емес. Біз уақытқа ешқашан әсер ете алмаймыз.

[https://massaget.kz/uy\\_tapsyirmasyi/uakyit-jane-men-esse-42728/](https://massaget.kz/uy_tapsyirmasyi/uakyit-jane-men-esse-42728/)

Уақыт бәрін өзгертеді: махаббатты, сезімді, ойды, арманды, бақытты, заманды, көңіл-күйді, дертті, адамды. Бүгінгі уақытпен өмір сүр, ертеңгі күнге үмітпен қара. Ең қиын жоғалту – уақытты жоғалту. Ақша – қымбат, өмір – қымбаттырақ, ал уақыт – одан да қымбат. Сезім мен күшке қарағанда, уақыт пен сабырлық көп нәрсе береді.

Жыл деген ат басын бұрғанша

Ай деген аунап тұрғанша.

Заман айнасы – замандас.

Пенде баласы уақытқа тәуелді. Өйткені оған шектеулі ғұмыр берілген. Адамның өмірі – туылған сәті мен өлім аралығындағы мерзім. Сол себепті, уақыттың құны ерекше. Ешнәрсені пайымдамайтын парықсыз пенде ғана өзіне берілген шектеулі уақыттың бағасын ескермейді. Өтіп жатқан әрбір сәт өміріміздің қайтып келмес бөліктері. Адам қымбат, бағалы бұйымдарын, алтын немесе ақшасын жоғалтса, оны тауып, орнын толтыра алады. Ал өткен уақыт қайта айналып келмейді.

<https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/uaqyt-pen-omirdin-tez-otui-711/>

Су патшасы Сүлеймен,

Су қасиетін кім білген?  
Су - өмірдің тірегі,  
Ой қабілеті кең екен.

Бу болып ұшып бұлтқа,  
Жердің бетін көгерткен.  
Тау-тастан шығып, бұрқырап,  
Бұлақ болып, нәр берген.

Тіршілік сумен бар екен -  
Қызметі судың нұр екен.  
Шөл қандырған ғажайып,  
Қасиеті бойда тұр екен.

Су болса, мақта ақ болар,  
Тартылған теңіз қақ болар.  
Сірә да көл мен теңізде,  
Су патшалығы нақ болар.

Суды ішсең, мақтап іш,  
Тал бойыңа ем болар.  
Суды әрдайым сақтап іш,  
Төрткүл дүниенің тең болар!

<https://bilim-all.kz/olen/5707-SU>

### **Еңбекпен тапқан тиын**

Біреудің ерке ұлы болыпты. Өзі жалқау екен. Сөйтсе де әкесі оны бағып-қағып, киіндіріп жүріпті. Ақыры кәрілік жеңіп, сырқаты күшейген қарт әйеліне айтыпты:

– Өмір бойы жинаған мүлкімді түгелдей басқа біреуге беремін. Ұлыма ештеңе қалдырмаймын. Ол – жалқау.

Ұлын аяп анасы баласына он сомдық алтын береді:

– Кешке дейін бір жерде бола тұр, – дейді ол баласына. – Қараңғы түскен соң үйге кел. Содан соң «Мынаны еңбегіме алған едім» деп әкеңе бер.

Баласы шешесінің айтқанын орындайды. Алтынды шал жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:

– Бұл сенің еңбектеніп тапқан ақшаң емес, – депті.

Ұлы жымып күліпті де, түк демей шығып кетіпті.

Құлықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:

– Біз әкеңді алдай алмайтын көрінеміз, балам. Одан да ақшаны жұмыс істеп тап, – деп ақыл айтады.

Анасының тілін алып, бала бір апта жұмыс істейді. Тапқан тиынын әкесіне береді.

Қария тағы да алтынды отқа лақтырып жіберіп:

– Жоқ, бұл да өз еңбегіңмен тапқан ақша емес, – депті.

Оған ұлы шыдай алмай, шоқтан жалаңаш қолымен ақшаны суырып алады да:

– Әке, мен бұл тиынды апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Сіз оны отқа тастайсыз. Мұныңыз қалай? – деп айқай салыпты.

Сонда әкесі тұрып:

– Бұл ақшаны шынында да өз еңбегіңмен тапқан екенсің, балам. Көзім жетті, – депті.

*Грузин ертегісі.*

<https://massaget.kz/ertegi/enbekpen-tapkan-tiyin-gruzin-ertegs-36478/>

### **Мұрагер (ертегі)**

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып:

– Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады. Әр қайсың маған байлықтарың мен ақылдылықтарыңды көрсетулерің керек, – дейді.

Үлкен ұлы асыл тас салған жүзігінің көзін көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, – дейді.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы күміспен және алтынмен апталған белдігін буынады да:

– Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген емес, – дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап, басын шайқайды да, ең кіші ұлына бұрылып:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді.

Сонда кенжесі:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын-күміспен апталған белдік те жоқ. Тек жұмысқа жарамды екі қолым бар, қайрат-жігерге толы жүрегім бар, – дейді.

Шалға кенже баласының тапқыр да ойлы сөзі ұнайды.

– Жұмыс істей білген адам жұтамайды, – деп, өзінің кенже ұлын үй шаруасын басқаруға мұрагерлікке атайды.

Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпай, талабын орындауды өсиет етеді.

<https://bilim-all.kz/article/7>

Спорт – салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі. Ғалымдардың айтуынша, күніне 30-40 минут уақытыңды спортқа арнасаң, ауруға шалдығу қаупі 30 пайызға азаяды. Қазіргі уақытта әр күнін тиімді пайдаланып, спортпен айналысатындар үшін арнайы алаңдарда барлық жағдай жасалған. Тек табандылық пен төзімділік болғаны жеткілікті.

«Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да пайдалы. Сол үшін, денсаулығымызға аса мән беріп, спортпен



айналысу қажет. Қай спорт түрі болмасын денсаулыққа пайдасы мол. Мысалға, тоғызқұмалақ, шахмат ойындары адамның мидағы алмасу процесіне оң ықпал етіп, мидың жақсы жұмыс жасауын жақсартады.

Спортпен дұрыс шұғылдану – адамның иммунитетін күшейтіп, дерттерге қарсы тұруға көмегін тигізеді және есте сақтау қабілетін жақсартып, ұйықтай алмау қиындығынан құтқарады. Ағзаның иммунитетін көтеріп, жүрек-тамыр жүйесінің қызметінің жақсаруына айрықша септігін тигізеді. Кейбір спорттың түрі адамдарға кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда бір мезгіл жаяу жүру керек. Сонда ғана қаныңыздағы қант мөлшерін реттей аласыз және жүрек аурулардың алдын алып, қатерлі ісіктің кейбір түрінен сақтана аласыз. Шындығына келгенде, әрбір адам өз денсаулығының кепілі. Ұзақ өмір сүрем десеңіз, спортпен шұғылданыңыз.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl/densaulyk/press/news/details/410902?lang=kk>

Спорт – адамның рухани әлемі үшін де маңызды. Өйткені, әлсіз әрі қиындыққа көп ретте қарсы тұруға қауқары жетісе бермейтін жандарға мамандар бір ауық спортпен шұғылдануға кеңес береді екен. Күйзеліске ұшыраған сәттерде дене жаттығуларына ден қойсаңыз, жаңа құлшыныс пен тың серпін арқасында ерекше өмір сүруге ұмтыла түсесіз. Бұл да спорттың, дене жаттығуларының бір құдіреті.

Тағы да ғалымдар зерттеулеріне назар салып көрейік. Адам дене жаттығуларымен айналысқан сәтте оның миында да сан мыңдаған үдерістер орын алады. Ми дене қимылдарының әрекетін күйзеліс ретінде қабылдап, оған қарсы күрес жүргізе бастайды. Ағзадан эндорфин гормоны (қуаныш пен ләззәт алу гормоны) мен пайдалы ақуыздар бөлініп, жүйке жүйелері мен миға тарайды. Сол арқылы адам ойы ұшқыр әрі есте сақтау қабілеті жақсара түсіп, көңіл-күйге әсер етеді екен.

<https://massaget.kz/makala/sport-bakytka-bastar-jol-24072/>

### **Үйретеді кім оған ана тілін?**

Қызғалдақтай атылған қара түрін,  
Ата-ананың дегендей қанатымын.  
Сен екеуің сөйлейсің басқа тілде,  
Үйретеді кім оған ана тілін?

Сол емес пе күні-түні қарайтының?  
Бақытына өміріңнің балайтының.  
Інім, өзің сөйлейсің, басқа тілде,  
Үйретеді кім оған Абай тілін?

Ол да өзіңдей дегбірсіз күтті әр күнін,  
Ер жеткен соң өмірдің құптар құнын.  
Басқа тілде сөйлейсің інім өзің,  
Үйретеді кім оған Мұхтар тілін?

Үйретеді кім оған қазақ тілін?  
Еркін құстай елім де азат бүгін.  
Жаманбыз ба сонша біз, ойлашы өзін,  
Шылауында кетердей боз аттының.

Саған айтам қазақтың қара көзі,  
Басталды ғой заманның жаңа кезі.  
Үйрет оған өз тілін, ана тілін,  
Басқа тілді үйреніп алады өзі.  
Тұманбай Молдағалиев

<https://stan.kz/til-turali-7-olen-335980/>

Адам клеткасының қимылы арқылы неше түрлі әуен естуге болады. Мысалы, Бахтың симфонияларынан, қазақтың ән-күйінен шексіз сұлулық тұнып тұр. Сонымен қатар ән үйрету арқылы бала грамматиканы да тез үйренеді. Грамматиканы жедел үйрену үшін септік, тәуелдік, жіктік жалғаулар мен етістіктің түрлерін жақсы білу керек. Әннің сөздері арқылы әңгіме, сұхбат, сөзжұмбақ құрастыру керек.

Кейбір елдерде тарих, география ән мәтіндері арқылы үйретеді. Ғалымдардың пікірінше, кез келген тілде сөйлеуді үйренбес бұрын, сіз осы тілде музыка тындауыңыз керек, есту тілдік ортаға үйренуі керек. Ән айтқан денсаулыққа пайдалы. Себебі әр дыбыстың ағзаға өзіндік жақсы әсері бар екен. Мысалы, «А» дыбысы – жүректі, тамақты, кеудені емдейді, «О» дыбысы – асқазан, іш-құрылысын емдейді, «У» – бас, бауыр, тамақты емдейді, «Н» – миды емдейді, «В» – нерв жүйесін емдейді, «Е» – адамның ағзаларын тазартады, «М» – ана мен баланы қосатын дыбыс және бауырды емдейді, «Рэ» – стресті, қорыққанды емдейді, «Тэ» – жүрек пен жүрек тамырларын емдейді, «Су» – кеуденің төменгі жағын емдейді, «Я» – бұл дыбыс психологиялық құбылыстардың резонаторы мен генераторы. «Ха-ха», «хо-хо» – ауруды қуады. Адам күлгенде адамның тәні тазарады.

<https://tilalemi.kz/kz/method/an-arqili-til-uyrenu.html>

Мектеп жылдары – адам өмірінің маңызды кезеңі. Бұл бүкіл ағзаның қарқынды өсуі мен дамуы, жоғары жүйке қызметі мен мінез-құлық белгілерінің қалыптасуы кезеңі.

Дұрыс күн тәртібі – бұл әркімнің өмірінің негізі, денсаулықты сақтаудың басты шарты, ол дененің жұмыс істеуінің биологиялық ырғағына негізделген, атқаратын рөлі жоғары. Ұйқы, тамақтану, жұмыс істеу, демалуды дұрыс ұйымдастыру және қолайлы үйлестірудің нәтижесінде тәулік бойы тиімді өмір өнімділігі қамтамасыз етіледі. Оқушының денсаулығы мен дұрыс дамуын нығайту үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Оқушының күн тәртібінің негізгі элементтері:

- мектепте және үйде оқу сабақтары;

- таза ауада барынша көп бола отыра белсенді демалу;
- тұрақты және жеткілікті тамақтану;
- физиологиялық толық ұйқы;
- жеке таңдауы бойынша еркін жұмыс істеу.

Оқушының күн тәртібін құрастыру бойынша қандай ұсыныстар айта аласыз?

<https://www.gov.kz/memleket/entities/departament-kkbtu-pavlodar/press/news/details/376459?lang=kk>

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

<https://www.zharar.com/kz/shygarma/528-family.html>

### **Сыйлық сыйлау**

Бүгінгі таңда кітап сыйлау кең тараған. Кітапты өте мұқият таңдау керек. Ол сыйлық алушы адамның талғамына сай болуы керек. Алтын ереже-кітапқа ешқашан жазу жазуға болмайды, оған тек қана автор құқылы. Кез-келген басқа жазу кітапты бұзады, егерде жылы лебіздеріңізді қалдырғыңыз келсе, құттықтау қағазын қыстыруға болады.

Әрбір сыйлық-сыйлық сыйлаушының жан-дүниесінің айнасы. Сыйлық сыйлау ол міндет емес, көңілдің, жылы қатынастың белгісі. Сыйлықты алдын-ала ойластырып алғаны жөн болар. Сыйлық сыйлау-ол өнер, оны кез-келген өнер сияқты үйренуге болады.

<https://znaniya.com/task/14293783>

### **Бауырсақ**

Бауырсақ –шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға бауырсақ салады. Бауырсақты жоғары немесе бірінші сортты бидай ұнынан пісіреді. Оны камырды ашытып та ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған камырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді. Камырды жазып, төрт бұрыштап немесе жіңішкелеу кеседі. Кесіп дайындаған бауырсақтың бетін кеуіп кетпеу үшін жауып қойған жөн. Қазанға

май салып әбден қыздырып алған соң, бауырсақ майдың мөлшеріне қарай салынады. Бауырсақты үздіксіз араластырып тұрса, бір келкі болып піседі. От қатты жанса, бауырсақтың іші шикі болады немесе тым қызарып кетеді. Қызыл-күрең болып піскен бауырсақ сәнді де, дәмді де болады.

<https://www.wp1.kk-kz.nina.az/>

Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Талғамы мен көңіл-күйіне қарай одан қызықтыратын көп нәрсе табуға болады.

Е-mail-электрондық пошта. Желі тұтынушылары арасында мәлімет алмасу ісін жүзеге асыратын қызмет жүйесі. Ол арнайы пошта бағдарламалары көмегімен жүзеге асырылады. Оның көмегімен санаулы минуттар ішінде хабарды жеткізе аласыз. Ол үшін пернетақтада тиісті хабар мәтінін теріп, белгілі электрондық мекен жайына жіберсеңіз болғаны. Осынау тәсілдеме арқылы достарыңызбен, сыныптастарыңызбен, көршілеріңізбен араласуға болады.

<https://ktlpbl.wordpress.com/>

### **Досымның күн тәртібі**

Менің досым – Әсет. Ол сегізінші сыныпта оқиды. Ол - өте ұйымшыл бала. Оның жұмыс күні сағат жетіден басталып, кешкі онға дейін созылады. Таңертеңнен түске дейін сабақтар өтеді. Сонда сабақтарға белсенді қатысып жақсы баға алуға тырысады.

Ең жақсы көретін уақыты – сабақтан кейінгі уақыт. Әсет сурет салуды жақсы көреді, сондықтан «Суретшілер» тобының мүшесі. Біз мейрам күндері, сыныптастарымыздың туған күні қарсаңында қабырға газетін шығарамыз. Біздің суретіміз құрбы-құрдастарымыздың көңілінен шығады. Осы уақыт аралығында ол тоқтамай жұмыс жасай береді. Ол сыныптастарына әрдайым көмектесіп жүреді. Мен өз досымды мақтан етемін.

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=115276>

### **Үлкенді сыйлау**

Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен, әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Есейген бала ата-анаға қамқоршы болуға жараса – жігіт болғаны. Ата мен ананың қартайғанда бойынан күші қайтады. Бірақ олардың ақылы, көпті көрген тәжірибесі отбасына үлкен көмегін тигізеді. Ол үшін ата-анамен ақылдасып, олардың пікірін тыңдап отыру керек. Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ананың тәжірибесін бойға сіңіре білу – әр баланың парызы.

<https://znaniya.com/task/20688850>

### **Абай мұражайы**

Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы–ақынның туғанына 95 жыл толуы қарсаңында 1940 жылғы 1-

сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылды. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай Абай мұражайы мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық «Жидебай-Бөрілі» қорық-мұражайы болып қайта құрылды.

Мұражай экспозициясы келесі залдардан тұрады: «Абай және оның дәуірі», «Абай шығармашылығы», «Абай шығармашылығының қайнар бұлақтары», «Абай аудармалары мен музыкалық мұрасы», «Шығыс поэмалары», «Ескендір поэмасы», «Күмбезді зал», «Жыл мезгілдері», «Жаз өлеңіне арналған панорамалық заң», «Тақырыптық көрмелер залы», «Ақындық айналасы», «Абай халық жүрегінде», «Сыйлықтар залы».

Абай қорық-мұражайы қорында 20 мыңнан астам жәдігері, 12 950 кітабы бар ғылыми кітапхана және көшірме жасайтын ғылыми-техникалық бөлім бар.

<https://abaialemi.kz/post/view?id=488>

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады. Мамандық пен өнерді өз қабілетіне де қарай таңдап алады. Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Халық алдына шығып ән салатын әнші болу. Адам өмірінің арашасы болатын ақ халатты дәрігер болу. Шәкірттерді білімге жетелейтін ұстаз болу.

Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай бейімделе бастайды. Терең білім алуға талпынады. Өз бетінше ізденеді. Көп оқиды. Түрлі мамандықта еңбек етіп жүрген адамдардың өмірімен танысады.

Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, журналист болу үшін оқу керек. Бақташы, сауыншы, егінші, шопан болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болу үшін өндірісте істеу керек.

Бала шақ пен болашақ әрқашан үндесіп жатады. Болашаққа апаратын тура жол бала шақтан басталады.

<https://znaniya.com/task/24583523>

Гидрогеология саласындағы зерттеу нәтижелері адамзат үшін аса маңызды. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, жер шарының 74 пайызын су алып жатыр. Соған қарамастан, бүкіл әлемде су тапшылығы бар. Соның ішінде, әсіресе таза ауыз су мәселесі өзекті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, әлем халқының жартысына жуығы су тапшылығын сезінеді. Сарапшылардың айтуынша, жер бетінде 780 миллионнан астам адам таза ауыз суға қол жеткізе алмай отыр. Ал 1,7 миллиард адам тұщы су көздеріне зәру. Әлемде жыл сайын таза судың жоқтығынан, соның салдарынан болатын антисанитариядан мыңдаған адам көз жұмады. Оның көбі – балалар.

<https://satbayev.university/kk/news/auyz-su-maselesi-arkashan-ozekti>

### **Дене шынықтырудың пайдасы.**

Дене шынықтырумен шұғылдану-әр оқушының міндеті. Ол үшін түрлі жаттығулармен айналысу керек. Спорттық әртүрлі үйірмелерге қатысқаны

дұрыс. Спорттың түрі көп: жеңіл атлетика, футбол, волейбол, бокс, үстел теннисі. Бұл үйірмелер ептілікке, жылдамдылыққа үйретеді. Дене шынықтыру мәдениетін дамытуға көмектеседі.

Тез қимылға, шапшаң қозғалысқа үйрететін шығыс спортының түрлері бар. Ол өзін-өзі қорғауға үйретеді. Бала кезінен спортпен айналысу арқылы республикамызды әлемге танытып, даңқын шығарған спортшылар аз емес.

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=115252>

### **Еңбекпен тапқан тиын**

(Грузин ертегісі)

Біреудің ерке ұлы болыпты. Өзі жалқау екен. Сөйтсе де әкесі оны бағып-қағып, киіндіріп жүріпті. Ақыры кәрілік жеңіп, сырқаты күшейген қарт әйеліне айтыпты:

– Өмір бойы жинаған мүлкімді түгелдей басқа біреуге беремін. Ұлыма ештеңе қалдырмаймын. Ол – жалқау.

Ұлын аяп анасы баласына он сомдық алтын береді:

– Кешке дейін бір жерде бола тұр, – дейді ол баласына. – Қараңғы түскен соң үйге кел. Содан соң «Мынаны еңбегіме алған едім» деп әкеңе бер.

Баласы шешесінің айтқанын орындайды. Алтынды шал жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:

– Бұл сенің еңбектеніп тапқан ақшаң емес, – депті.

Ұлы жымып күліпті де, түк демей шығып кетіпті.

Құлықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:

– Біз әкеңді алдай алмайтын көрінеміз, балам. Одан да ақшаны жұмыс істеп тап, – деп ақыл айтады.

Анасының тілін алып, бала бір апта жұмыс істейді. Тапқан тиынын әкесіне береді.

Қария тағы да алтынды отқа лақтырып жіберіп:

– Жоқ, бұл да өз еңбегіңмен тапқан ақша емес, – депті.

Оған ұлы шыдай алмай, шоқтан жалаңаш қолымен ақшаны суырып алады да:

– Әке, мен бұл тиынды апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Сіз оны отқа тастайсыз. Мұныңыз қалай? – деп айқай салыпты.

Сонда әкесі тұрып:

– Бұл ақшаны шынында да өз еңбегіңмен тапқан екенсің, балам. Көзім жетті, – депті.

<https://massaget.kz/ertegi/enbekpen-tapkan-tiyin-gruzin-ertegs-36478/>

### **8-сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

#### ***1-мәтін***

Қожанасыр бір мейрамхананың алдына тауарларын жайып қойып, сауда жасап жатқанында мейрамхананың иесі Қожанасырға:

- Қожеке, әр күні мейрамхананың алдында тамақтардың иісін



пайдаланасыз, мұның ақшасын төлеуіңіз керек! – дейді.

- Тамақтың иісіне де ақша төлене ме?

- Иә, менің тек қана палау мен мантыларыма ғана емес, олардың иістеріне де ақшатөлейсіз, әйтпесе қазыға барып сөйлесеміз.

Екеуі бірге қазыға барады. Қазы:

- Ал Қожеке, бұған не айтасыз? - дейді.

- Дұрыс, – депті Қожа. Тамақтардың иісінен аузымның суы құритыны рас, бірақ әр күні санаған ақшамның дауысын естіген бұл кісінің ойына ақша келетіні де рас. Ендеше тамақтың иісіне ақшаның дауысымен төлеп, бұл есепті жабайық...

## ***2-мәтін***

Қазіргі мемлекеттерде энергия тапшылығы байқалуда. Көмір, мұнай, табиғи газ сияқты энергия көздерінің сарқылуы немесе қорының азаюы, қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсері күн санап артуда.

Бүкіл әлем энергия тапшылығынан құтылу үшін альтернативті энергия көздеріне қол жеткізе бастады. Бүгінгі таңда әлемнің ғалымдары энергияның жаңа көзін жыл өткен сайын іздестіруде. Сарқылмайтын дүние жоқ. Уран да сарқыллатын отынға жатады.

Атом энергетикасының келешегіне қауіп төнгендіктен, көптеген елдер баламалы қуат көздерін пайдалануда. Әрине, көгілдір отын және көмірмен жұмыс істейтін станцияларда өндірілетін қуат арзан, бірақ олардың қоры шектеулі. Сондықтан күн батареялары мен жел станцияларының қымбат болуына қарамастан, энергия өндіру бағытында жаңғыртылатын қуат көздерін құру бүгінгі және болашақ үшін өте маңызды.

Елімізде күн сәулесі болашақтың сарқылмас энергиясы бола алады. Мысалы, күн энергиясын пайдалануға толық мүмкіндігіміз бар. Оңтүстік облыстарда бір жылдың ішінде 180-250 рет күн ашық болып, орташа температура 37<sup>0</sup>С құрайды. Бұл біз үшін, ең тұрақты, ең арзан, таусылмайтын энергия көзі күн сәулесінің энергиясы болмақ.

Күн үлкен энергия қорына ие, жылына жер бетіне түсетін күн энергиясы 7,5\*10<sup>17</sup>кВт/сағ. Күн энергиясының маңызды артықшылықтарының бірі қоршаған ортаға қауіпсіздігі және арнайы жеткізу құралдарының қажет еместігі болып табылады.

## ***3-мәтін***

Энергия үнемдеу - көп талқыланатын және маңызды мәселелердің бірі. Әрбір тұтынушы өзінің электр энергиясы шығындары деңгейін бағалап, өзіне: «шығындарды үнемдей отырып, энергия ресурстарын қалай ұтымды пайдалану керек?» деген сұрақ қоюы керек. Мамандардың пікірінше, пәтерді жарықтандыруға электр энергиясының бестен бір бөлігі кетеді. Сарапшылар энергия үнемдейтін шамдарды сатып алуға және А және В кластағы энергия тиімділігі бар тұрмыстық техникаларды таңдауға кеңес береді.

Статистика бойынша үйде шамдар мен шырақ шамдар электр

энергиясының 20 пайызын тұтынады, сондықтан қыздыру шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыру отбасы бюджетіне елеулі үнем әкеледі.

Энергия үнемдейтін шамдар үйреншікті қыздыру шамдарынан 5-7 есе қымбат тұратынына қарамастан, ол айына тек 1,8 кВт энергияны тұтынады. Ал қыздыру шамын қолданса, электр энергиясын тұтыну айына 9 кВт құрайды.

Энергия үнемдейтін шамдардың ұзақ мерзімге қызмет ету және жоғары жарық беру ерекшеліктері бар. Энергия үнемдейтін шамдар 5-10 жыл, ал қыздыру шамдары 1 жыл қолданылады. Энергия үнемдейтін шамның жоғары жарық беруі ол тұтынатын ең жоғарғы электр энергиясы жарыққа айналатынын болжамдайды, ал қыздыру шамдарындағы электр энергиясының 90 пайызы вольфрам сымдарын қыздыруға, яғни жылытуға кетеді. Энергия үнемдейтін шамдардағы жарық сапасы қыздыру шамдарының жарық сапасынан кем түспейді.

#### *4-мәтін*

Барбара – супермаркет қызметкерлерімен әңгімелесіп, қызметкерлердің жұмыстарына деген ынтасын арттыратын психолог. Бір күні офисіне Джонни есімді кісі телефон соғады. Дүкендердің бірінде кассада сатып алушылардың заттарын пакеттеуге жауапты кісі екен. Оның үстіне Down синдромының бар екенін айта келіп:

– Барбара, айтқандарың маған қатты ұнады – деді. Барбараның әңгімесінің ертесіне Джонни әкесінен компьютер алуын сұрап, компьютер қолдануды үйренуді қалайды. Үйге барып күнде «күннің көркем сөзін» жазып қоятын болды. Осындай сөздерді таппаған кезде де оларды ойдан шығаратын. Сөздердің бәрін компьютерге жазып, бірнеше көшірме жасап, принтерден шығарып, әрбірін кесіп, артына да өз есімін жазады. Ертеңіне сатып алушылардың заттарын пакетке салғанда, бір сөзден қосатын болды.

Осылайша жасаған ісін ерекше етіп жасайтын болды. Бір апта болмай жатып, Барбараға сол супермаркеттің директоры телефон соғады:

– Барбара, бүгін не болғанын айтсам, сенбейсің! Магазин аралап шықсам, Джоннидің кассасына тұрған адамдар кезегі басқа кассалардікінен 3 есе ұзын екенін көрдім. Мен дереу қосымша кассалардың ашылуын талап етіп ұрыса бастаған едім, сатып алушылар «Жоқ, біздің Джонни кассасында тұрғымыз келеді. Күннің көркем сөзін алғымыз келеді», - деп жауап берді. Сатып алушы бір әйел қасыма келіп: «Бұрындары супермаркетке аптасына бір рет қана кіретін едім. Қазір жолым түскен сайын кіріп жүрмін. Джоннидің «күннің сөздерінен» алғым келгендігінен», – дейді. 3 ай өткен соң дүкен директоры Барбараға қайта телефон соғады:

– Джонни екеуің супермаркетімізге үлкен өзгерістер әкелдіңіздер. Енді гүл сататын сатушымыз сынып қалған гүлдерді лақтыра салмай, жас қыздардың көйлегіне қадайтын болды. Ет сататын жақта сатушы ат, қой суреттерін принтерден шығарып, ет пакеттерінің сыртына жабыстырып сататын болды. Осының арқасында сатып алушылардың да, сатушылардың да көңілдері көтеріңкі болады.



### **5-мәтін**

Ертеде Балқаш деген бай болған екен. Оның көркіне ақылы сай Іле деген қызы болыпты. Іленің көріктілігі мен ақылдылығы жан-жаққа аңыз болып тарайды. Ілеге құда түсушілер келе бастайды, бірақ Іле олардың бірде-біреуіне өз сезімін алдырмайды. Сол елде Қаратал деген батыр, кедей жігіт болады. Ол үнемі жарлы-жақыбайлардың сөзін сөйлеп, оларға көмек беріп жүреді.

Бірде Балқаш бай үлкен ас береді. Бұл аста ақындар айтысып, жауырыны жерге тимеген палуандар белдеседі. Осы аста Іле мен Қаратал кездеседі. Бір көргеннен бір-біріне тәнті болған екі жас тек іштей ұғысады. Сегіз қырлы, бір сырлы Қаратал бұл аста ерекше көзге түседі. Балқаш бай қызы Іленің Қараталға ерекше ілтипат көрсетуінен қатты шошынады. Қараталды қызына тең көрмейді. Балқаш бай бақыт тек байлықта деп ұғады. Қаратал Ілеге қанша ынтызар болғанымен, арада алынбас қамал барын ұғады. Ол – өзінің кедейлігі еді.

Іле Қараталды шын сүйетіндігін айтып, әкесінен рұқсат сұрайды. Балқаш бай рұқсат бермек түгілі жігіттің атын атауға тыйым салады. Ақыры ебін тауып, Іле мен Қаратал ауылдан қашып шығады. Қызының кедей жігітпен қашып кеткенін білген Балқаш бай өзі бас болып арттарынан қуады. Іле мен Қаратал қуғыншылардан құтылмасын біледі де, әкесін тосып алады. Әкесімен бір ауыз сөзге келеді. Іле: «Әке, мен тек Қараталды сүйемін. Өмірде байлықтан жоғары күш бар. Ол – махаббат. Өзіңнен соңғы өтінер жалғызтілегім: тіршілікте бірге болмаған тәніміз о дүниеде бірге болсын, Қаратал екеумізді бірге жерле», – дейді де, биік құздан етекке құлайды.

Қызының парша-парша болған жансыз денесін көрген Балқаш бай есінен танып құлайды. Арада біраз уақыт өтіп, өзі-өзіне келген Балқаш бай жанындағыларға: «Мен өмірде үлкен қателік жібердім. Адам үшін бар байлық та, бақыт та бала екенін енді түсіндім. Тірлігімде жіберген қателігімді о дүниеде жуайын, Іле мен Қаратал екі сағам болсын», – деп екі баласының ортасына жатып, өзіне-өзі қанжар салады. Міне, Балқаш көлі Балқаш байдың көз жасынан пайда болып, үнемі екі сағасынан келіп құятын Іле мен Қаратал демімен толығып отырады екен.

### **6-мәтін**

#### **Шайтанкөл туралы аңыз**

Баяғыда бір байдың Сұлушаш деген қызы болыпты. Байдың есігінде жүрген Тезек деген құлы Шұнақ деген күңімен қосылып, одан Алтай туады. Ол ер жетіп, Сұлушаш екеуі бір-бірін сүйеді, бірақ бай қарсы болады.

*Алтай мен Сұлушаштың әрекеті қандай болады?*

Алтайдың Қайсар деген досы, Сұлушаш үшеуі елден қашады. Олар Қарқаралының маңайындағы Жиренсақал деген жерді мекендейді. Сол жерде аң аулап, құс ұстап, күндерін көреді. Бір күні Алтай құс аулап жүріп, құзға кездеседі. Сол құзға бүркіт ұя салған екен.

*Алтай ұяны көрген соң не істейді?*

Алтай одан бүркіттің балапанын алмақшы болады, бірақ жолы болмай шыңырауға құлайды. Сұлушаш Тескен таста сырнай тартып отырады. Біраздан

соң артынан ырылдаған дауыс естіледі, қараса артында арыстан тұр екен.

*Арыстанды көргенде Сұлушаш не істейді?*

Содан қорыққаннан көлге құлайды. Қайсар Сұлушашты іздеп осы жерге келсе, көлдің бетінде қыздың көйлегі, тақиясы жүзіп жүреді.

*Қайсардың әрекеті қандай болады?*

Ол да сол көлге құлапты. Содан кейін бұл көл «Шайтанкөл» атаныпты.

## **7-мәтін**

**7.1.** Төле би Әлібекұлы (1663 – 1756 жж.) – қазақтың би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана. Ұлы жүздің төбе биі.

Төле жастайынан ескіше оқып сауатын ашады. Қазақтың аңыз-әңгіме, өлең - жырларын, шежіре-тарихтарын ел арасынан тыңдап, өзінен бұрынғы өткен шешен билер мен хандардың, әсіресе, өзінің бабалары – Жанту, Жарылқамыс билердің кесімді төреліктері мен өнегелі нақыл-шешен сөздерін ойында сақтап өседі.

Әкесі Әлібек шешен, сауатты және ел әңгімелерін жақсы білетін адам болған. Ол ұлының ерте есейіп, сол кездегі атақты билерден бата алуына себін тигізеді. Төле бала жасынан әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды. Он бес жасынан ел билігіне араласып, өзінің ақыл-парасаты, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түсе бастайды. Ол жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады.

Төле бидің әділдігі, ойға жүйрік, сөзге шешендігі жұртшылыққа оны белгілі, сыйлы етеді. Сонымен бірге қазақ халқын біріктіру, Қазақ мемлекеттігін нығайту, халық атынан сөйлеп, шешім шығару Төле бидің өмірлік мұраты болды. Төле би Абылай ханның «Төбе биі» болып, Ташкентте өмірінің ақырғы жылдарына дейін Ұлы жүзді басқарып тұрған.

**7.2.** Қазыбек би Келдібекұлы (1667 – 1764 жж.) – қазақтың белгілі би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері. Орта жүздің төбе биі.

Қазыбектің әкесі Келдібек кезінде елді аузына қаратқан белгілі шешен, би болыпты. Анасы Токмейіл де ұтымды да тапқыр сөйлейтін зерек жан екен. Кішкентайынан осындай ортада өскен Қазыбек бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек», «Алты Алаштың ардағы» деген атаққа ие болады.

Қазыбек жасынан ел әңгімелерін, нақыл-өсиет сөздерін естіп өседі. Әке тәрбиесі мен би-шешендердің әсер-ықпалы да көп көмек етеді. Жастайынан ел билігіне араласып, адалдықты жақтайды, әділеттілікті, бейбіт жолды қалайды.

Қаз дауысты Қазыбек кезінде атақты да беделді билердің бірі атанды. Ол Абылай, Тәуке, Әбілмәмбет, Семеке хандардың тұсында халық қамы үшін ел қорғау ісіне белсене араласты. Төле, Әйтеке билермен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсыкүресті ұйымдастырушылардың бірі болып, елдің азаттығы үшін аянбай тер төкті. Абылай жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға елшілікке барған. Сондай-ақ ол Ресей,

Бұхар, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге араласып, аразды татуластырып, алысты жақындастырып отырған мәмілегер ретінде танылды. «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деп, бейбітшілік пен достықты дәріптеп, елшілік қызметті мінсіз атқарған тұңғыш дипломат болды.

### **8-мәтін**

Дәстүрлі қазақ отбасында ата-баба тәрбиесі ерекше. Қазақ отбасында балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабаларын, үлкен аталарын, жеті атасын айтып отырады. Бұл баланы өскенде өз туыстарын жақсы білуге, сыйлауға үйретеді. Жеті атаны үйрету – әр ата-ананың басты борышы. Өзін, әкесін, атасын, бабасын және одан арғы ата-бабасының есімдерін білу – жеті атаны білу. Әкесі, атасы, балаға тек жеті атасына дейінгі аралықтағы аталарының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, елі үшін жасаған ерліктерін, өнегелі істерін де айтып отырған. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көздеген.

Қазақ отбасында ата-әжені, әке-шешені ерекше құрметтеген. Ұл-қыздары ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алған. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әке-шешелері қартайғанда баққан.

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі. Ананың орны да ерекше.

Әке де, балалар да ананы сыйлайды, құрметтейді.

Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі. Тұрмысқа шыққанқыздарына жасау береді.

### **9-мәтін**

Баяғыда байдың қолында бір жетім қыз болыпты. Әке-шешесінен ерте айрылып, жалғыз қалған екен. Жетім қыз байдың отын-суын тасып күн көріпті. Күндердің күнінде сол ауылдың қыздары жиналып, тезек теруге шығыпты. Терген тезектерін буып, арқалап алыпты. Үйлеріне қайтып келе жатқанда жаңбыр құйып кетеді. Қыздар отындарын арқалап үйлеріне қарай жүгіріпті.

Жетім қыз қырық жамау жаман шапанын шешіп алып, отынның үстіне жауып, жаңбырдың басылуын күтіп отырыпты. Алыстан келе жатқан жолаушы мұны көріп, қыздың қасына келеді де:

- Шырағым, ана балалар ауылға кетіп қалды ғой. Сен неге қалып қойдың?  
- деп сұрайды. Сонда қыз:

- Барса, бара берсін. Олардың отындары да, киімдері де су болады.

Атты кісі ауылға барса, айтқанындай-ақ елдің отындары су болып, шай қайната алмай отыр екен.

- Жәміш деген қыз баланың үйі қайсы? - дейді жолаушы.

- Анау жотаның үстіндегі үй, - деп көрсетіп жібереді.

Жолаушы сол үйге барып түседі. Шайы қайнап, тамағы пісіп тұр екен. Мұны көріп отырған қонақ жетім баланы шақырып алып:

- Қызым, сен ақылды бала екенсің, алдыңнан жарылқасын! - деп батасын беріпті.

## **10-мәтін**

Қазақ жерінде он қорық бар. Талас Алатауының етегінде еліміздің байырғы қорықтарының бірі – Ақсу Жабағылы қорығы бар. Ақсу Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген. Мұнда тек аң-құстар ғана емес, шөптер де, гүлдер де қорғалады. Ақсу Жабағылының эмблемасы өте сирек кездесетін Грейг жауқазыны. Қорықтың мақтанышы - алма ағаштар өскен тоғайлар.

Алматы қорығы Іле Алатауының ортаңғы бөлігінде орналасқан. Мұнда Сібірдің тау текесін, маралды, елікті, сілеусінді, барысты және ақ тырнақ аюды кездестіруге болады.

Солтүстік далалық аймақта Қорғалжын қорығы орналасқан. Мұндағы өзендер, көлдер мен батпақтар сан түрлі құс ұя салып, түнеп жүретін орын ретінде қызмет етуде. Қорықтың ең экзотикалық тұрғыны - қызғылт қоқиқаз. Қостанай облысындағы Наурызым қорығы күллі дүниеге өзінің ғаламат қарағайлы ормандарымен атағы шыққан.

Үстірт жонындағы шөл қорығы өте сирек арқардың (Үстірт муфлоны) бір түр тармағын, сондай-ақ сусар тұқымдас және құмды дала өсімдіктерін қорғау үшін арнайы құрылған.

Барсакелмес - Арал теңізінің «Барсакелмес» атты аралына орналасқан жалғыз қорық. Шығыс Қазақстан тауларында Марқакөл қорығы бар. Табиғаты өте көркем.

## **9-сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

### **Арал теңізінің құпиясы: су қайда кетті?**

Жер бетінде таңғажайып құбылыстар өте көп. Солардың бірі – Арал теңізінің жағдайы. Ғалымдарды оның жай-күйі көптен бері ойландырып жүр. Бүгінде бұл теңіздің суы қайда жоғалып кетті және оған адам кінәлі ме деген сұрақтарға нақты жауап табылмады. Арал 70 жыл бұрын көлемі жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен төртінші көл саналды. Адамзат теңізге құятын екі өзенді (Сырдария мен Әмудария-ред.) жауып, қысқа мерзімде Аралдың тартылуына себепкер бола алар ма еді?

Арал теңізінің тасу процесі жеті рет байқалған.

XIX ғасырда ғалымдар тіршілік иелерінің геологиялық деректері мен сипаттамаларын зерттеп, Арал теңізі ертерек құрғап, содан кейін әдеттегі күйіне оралды деген алдын ала үкім шығарды. Бірақ, метаморфозалар процесінде оның жағалау сызығы үнемі өзгеріп отырған. Ондаған жылдар өткен соң, зерттеушілер тарихи деректерді ескере отырып, Арал теңізінің ерекшелігі - тек жағалау сызығының өзгеруінде ғана емес, сонымен қатар арнасы тартылып, кейін қайта пайда болуында деген қорытындыға келді. Деректерге сүйенетін болсақ, соңғы бес мың жыл ішінде Арал теңізінің тасу процесі жеті рет байқалған.

## **Боз жыландар үйі.**

Кезінде Арал биологиялық алуан түрлі табиғи орта болып саналды. Көлде балықтың 20-дан астам түрі болған. 1874 жылы Арал-Каспий экспедициясы кезінде Владимир Аленицын Аралды зерттеп, мәлімдеме жасады. Ең алдымен, ғалымды жануарлар әлемі қызықтырды. Ол зерттей келе, боз жыландардың отаны Арал деген шешімге келді.

Аралдың бүгінгі ахуалы қандай?

Бүгінде шағаласы шаңқылдаған шалқардан ақ тұздар мен шаң-тозаң ғана көкке көтерілуде. Экологиялық апат он миллиондаған адамға өз зардабын тигізді. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, жел арқылы жылына 120 миллион тонна тұз бен құм ауаға таралады екен. Қазіргі таңда Арал теңізінің құрғап қалған табанына Оңтүстік Корея Республикасының Орман қызметінің қолдауымен сексеуіл егу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл өсімдік тұз бен құмды тежеп, жел тұрғанда олардың ауаға көтерілуіне тосқауыл болады. Соңғы 2 жылда 5 миллион сексеуіл көшеті отырғызылған. Диана АСАН, «Адырна» ұлттық порталы.

<https://adyrna.kz/post/47229>

## **«Ақтолқын»**

Бірнеше жыл бойы Абайдың жоғарыда аталған төрт күйі аталып келді. Соңғы жылдары ақынның бесінші күйі «Ақтолқын» табылғаны жайлы ақпараттар тарайды.

Өлкетанушы Қажет Андастың дерегінше, аталған күйдің шығу тарихы жайлы «Шың Жияң» қоғамдық ғылымдар журналының 1995 жылғы №3 санынан жарияланған. Онда 1890 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Көктұма деген жерде өткен үлкен съезд туралы баяндалады.

«Съезге арғын, найман, керей және қызай руларының атқамінерлері жиналған. Осы съезге қызай руынан шыққан атақты Қоңқай күйші де (1836-1920) қатысады. Сол жолы күйшілер төрт күн бойы күй сайысына түсіп, бақ сынайды. Күй сайысына Абай, Шәкәрім бастаған қасқа-жайсаңдар төрелік етеді. Сайыстың төртінші күні Қоңқай күйші бас бармағы буынынан үзіліп кеткеніне қарамастан, Абайдың бір рет шертіп көрсеткен күйін басқа күйшілер нақышына келтіре алмағанда, төрт саусағымен тартып, елді таңғалдырып, нәтижесінде, бас бәйгені ұтып алады. Күйдің «Ақтолқын» деген атауы сол жолы қойылады.

Кейін бұл күйді Қоңқайдың шәкірті, қызайдан шыққан тағы бір дәулескер күйші Әшім Дөңшеұлы үйреніп, кейінге жалғастырады» – , дейді Қажет Андас.

Ал күйші, өнертану PhD докторы Ардаби Мәулетұлы бұл күйді шерткен Тергеусіз Бәлекейұлы күйшінің баласы Қуанышбайдың аудиожазбасы сақталған дейді.

## **Қазақстанда осы күзде бақша дақылдарын аэропоника әдісімен өсіретін тұңғыш жылыжай ашылмақ**

Қазақстанда осы күзде бақша дақылдарын аэропоника әдісімен өсіретін тұңғыш жылыжай ашылмақ. Жобаны жүзеге асыруға алматылық өнертапқыш

кіріскен. Ол күн сәулесін қажет етпейтін, әрі топырақсыз көкөніс өсірудің жолдарын тауыпты. Оның есімі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның 100 жаңа есіміне» ұсынылған.

Талай жылдан бері химия саласында ізденген Диас Тастанбеков үйін бау-бақшаға айналдырып, өсімдік өсіруге кірісіпті. Ол отбасымен жыл 12 ай өз қолымен өсірген өнімдерді тұтынады екен. Бір қызығы, Диастың бақшасындағы көкөністер топырақта емес, суда өседі. Тіпті, күн сәулесін де қажет етпейді. Өнертапқыш мұндай тың тәсілмен жылыжай ашуды да көздеп отыр. Елімізде бақша өнімдерін аэропоника әдісімен өсіретін тұңғыш жылыжай Қарағандыда орын тебеді. Онда бастапқыда күніне 30 келі салат өсімдіктері өндірілмек. Жоба авторы өнімдерді сатып алатын мейрамханалармен де келісіп үлгерген.

«Өсімдікті кез келген жерде топырақсыз өсіруге мүмкіндік беретін аэропоника тәсілі Қазақстанға қажет. Біздің еліміздің кей жерлерінің топырағы құнарсыз болғандықтан, көкөніс өсіруге жарай бермейді. Ал мұнда технология күрделі емес. Өсімдік автоматтандырылған тәсілмен өседі. Тіпті топырақ алмастырушы заттар да қажет емес. Тек жасанды жарық сәулесі, көмірқышқыл газы, суға салатын қоректендіргіш сынды негізгі заттар жеткілікті», - деді химик, компания директоры Диас ТАСТАНБЕКОВ.

Өнертапқыштың тың идеясы мұнымен шектелмейді. Ол компьютерден шыққан шимай парақты мұнтаздай алатын құрылғы да ойлап тауыпты. Онысын алдағы уақытта автоматтандыруды қолға алмақ. Ел білмейтін еңбегі көп Диас Тастанбеков қазір «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына көппен бірге ұсынылып отыр. Қазір аталмыш жобаға қатысуға ниет етіп, ел аумағынан өтініш білдіргендер қызу іріктеліп жатыр. (Қазақстанда бақша дақылдарын аэропоника әдісімен өсіретін жылыжай ашылмақ - Актуальные новости Алматы и Казахстана | Almaty.tv)

\* \* \*

«Бір азамат өзінің бір бүйрегін қарындасына берген аман алып қалу үшін. Осындай бауырмалдық Қазақстан халқына белгілі бір үлгі боларлықтай қадам деп ойлауға болады. Біреулер бар жақсы табыс тауып кәсіппен айналысып, өзінің ақшасының біраз бөлігін қоғамға ұсынады. Қолдау есебінде, басқа есебінде. Біреулер ғылыми жағынан. Әсіресе, ғылыми жағынан көп. Университетте жұмыс істеп жүргендер осы уақытқа дейін жасаған еңбектерінің барлығын менде осы 100 адамға лайықпын деп ұсынып жатыр. Сондықтан бұл жерде ешқандай шектеу жоқ», – деді сараптама комиссиясының мүшесі Дос КӨШІМ.

Жас пен жасамыстың да еңбегін көрсетуге мүмкіндік беретін жобаға ұсынылған жанның бірі – Алмат Қодасбаев. 1996 жылдан бері талай жанның дертіне шипа болған ақ халатты бүгінде Алматыдағы кардиохирургиялық орталықтың бас дәрігері. Дәрігерлік қызметінде талай күрделі отаны өткерген. Білікті кардиохирург тіпті екі аяғы мен бір қолы жоқ азаматтың жүрегіндегі қан тамырларын да ауыстырыпты.

«Біздің қазіргі алдыға қойған мақсатымыз – жетілген, заманауи, жоғары деңгейдегі кардиохирургиялық орталықтармен бәсекелестікке түсетіндей осы

Алматы қаласының медициналық қызметіне, заман талабына сай көмек көрсете алатын медициналық орталық дәрежесіне жету», – деді хирургиялық орталықтың бас дәрігері Алмат ҚОДАСБАЕВ.

Қазір «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына қатысу үшін еліміздің әр түкпірінен өтініштер келіп жатыр. Олардың барлығы арнайы сайтқа жүктелуде. Арнайы комиссиясы әр ай сайын базаны сүзгіден өткізіп, ішіндегі іріктелгендерін орталық жинақтайтын қорға өткізеді екен. Ал Тәуелсіздік жылдарында ел дамуына өз үлесін қосып, үлгі-өнеге болған 100 адамның есімі жыл соңында белгілі болмақ. (Айдана Мейрамбайқызы, Валерий Таубалдиев, «Алматы» телеарнасы)

### **Балқаш – әлемдегі бірегей көл әрі тұран арыстанының мекені**

Балқаш көлінің құпиясы осы күнге дейін дүйім жұртты таңқалдыруда: климаты құрғақ, жауын-шашынға тапшы аймақта, ұшы-қиыры жоқ далада суы жартылай тұщы су қоймасының пайда болуы географиялық қарама-қайшылық бола тұра, ғалымдар әлі де байыбына жетпеген құпия болып табылады. «Балқаш» сөзін айтқан кезде көлемі бойынша дүние жүзінде 14-ші орынға орныққан бірегей көл екендігі, әрі бір бөлігі тұщы (1 литр суында 1 грамм да тұз жоқ) және екінші бөлігі ащы (1 литр суында 3,5 грамнан 6 грамға дейін тұзы бар) дүние жүзіндегі жалғыз көл екендігі ойға оралады.

Гидрографиялық тұрғыдан бөліп тұратын ені тар бұғаздың және Сарыесік түбегінің арқасында көлдің құрамы жағынан екі түрлі бөлігі мүлде араласпайды. Жалпы есеп бойынша, көлдегі ерітілген тұздың қоры 312 млн.тоннаға тең. Сонымен қатар, Балқаш ауқымдылығы бойынша елімізде Каспийден кейінгі құрғамайтын екінші көл болып саналатыны мәлім.

Екінші бірі біле бермейтін қызғылықты жайттың бірі – Балқашқа бес ірі өзен құяды, бірақ олардың біреуі де қайта шықпайды. Бұдан туындайтын сұрақ: көлге құйылатын барлық су қайда кетіп жатыр? Балқаш көлінде қысы-жазы, күні-түні балық аулаушылар саны толастамайды. Мұндағы балықтар түрі сан алуан: сазан, сом, ақтабан, торта шабақ, мөңке, көксерке, жыланбас балықтар кездеседі. Тұтастай алғанда, 20-дан астам балық түрі мекендейді. Кейбір сомдардың салмағы 70 килограмға дейін жетеді.

Жергілікті тұрғындар мен әуесқой балық аулаушылардың айтуы бойынша, XX ғасырдың ортасына дейін көлдегі жануарлары әлемі өте бай болған. Бірақ өнеркәсіптік шаруашылықты жоғары қарқынмен дамыта бастаған уақыттан бері акватория да елеулі өзгерістерге ұшыраған, бұл ақыр соңында біртіндеп экологиялық апатқа әкеп соғуда.

[https://el.kz/bal-ash\\_-\\_lemdegi\\_biregey\\_k-l\\_-ri\\_t-ran\\_arystanyny\\_mekeni\\_39701/](https://el.kz/bal-ash_-_lemdegi_biregey_k-l_-ri_t-ran_arystanyny_mekeni_39701/)

## **10--сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

### **Қарағанды - кеншілер қаласы**

Қарағанды – Қазақстанның кеншілер қаласы, өнеркәсіптің жүрегі және тарихы тереңге тамырланған мекен. Бұл қала өзінің тағдырын 1833 жылы Аппак Байжановтың көмір кенішін табуынан бастады. Қарағанды өңірі еліміздің кен өндірісі саласындағы аса маңызды орталықтарының бірі болып саналады. Қарағанды көмір бассейні Қазақстанның ғана емес, бүкіл ТМД аумағындағы ең ірі кен орындарының бірі. Оның көлемі 3 600 шаршы километрге жетеді, ал мұнда өндірілетін көмірдің сапасы мен энергетикалық әлеуеті жоғары деңгейде бағаланады.

Кеңес Одағы кезінде Қарағанды нағыз индустриялық алыпқа айналды. Қалада бірқатар шахталар, металлургиялық зауыттар және өндіріс кешендері салынды, бұл өндіріс ошақтары бүкіл республиканың өнеркәсіптік дамуындағы негізгі қозғалтқышқа айналды. Сол кезеңде Қарағанды «кеншілер қаласы» деген мәртебеге ие болды. Жұмыстың ауырлығына қарамастан, кеншілер өз еңбектеріне деген шынайы адалдығымен және төзімділігімен ерекшеленді, солардың арқасында қала күн сайын өсіп, дами түсті.

Қарағанды кеншілердің қаласы болуымен қатар, мәдениет пен ғылым орталығы ретінде де танылды. Қалада кеншілердің еңбегін еске түсіретін бірқатар ескерткіштер орнатылған, олардың ішіндегі ең маңыздысы – «Кеншілер даңқы» монументі. Сонымен бірге, Қарағандыда бірнеше жоғары оқу орындары жұмыс істеп, тау-кен өнеркәсібі мен металлургия салаларына қажетті мамандарды даярлауда. Қарағандының дамуы мен гүлденуі кеншілердің қажырлы еңбегімен тығыз байланысты. Бұл қала бүгінгі таңда да Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарып келеді, ал оның тұрғындары болашаққа үлкен үмітпен қарап, өз еңбектерін мақтан тұтады. Кеншілердің тынымсыз еңбегі мен қажырлы күші арқылы Қарағандының жарқын болашағы қалыптасып, оның тарихи маңызы арта түсуде.

### **Қадыр Мырза Әлі – философ ақын**

Қадыр Мырза Әлі – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, философ ақын және қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі. Ол 1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Қадыр Мырза Әлі өзінің шығармаларында терең философиялық ойларды шеберлікпен жеткізіп, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды жырлаған ақын ретінде танылды. Оның поэзиясы адамзаттың өмірге, уақытқа, тағдырға деген көзқарасын, дүниетанымдық мәселелерді қамтып, терең ой-толғауларымен ерекшеленеді.

Қадыр ақынның шығармашылығы кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Ол адамның ішкі жан дүниесін, өмірдің мәнін, табиғаттың тылсым күштерін өлеңдері арқылы суреттеді. Әсіресе, ұлттық дәстүрлер, қазақтың болмысы, тарихы, мәдениеті оның өлеңдерінің басты арқауы болды. Қадыр Мырза Әлі поэзиясы оқырманды ойға атырып, адам мен қоғамның арасындағы байланысқа терең үңілуге жетелейді.



Ақынның «Ой орманы», «Бұлбұл бағы», «Домбыра» атты жыр жинақтары оның шығармашылық қуаты мен философиялық көзқарастарының айқын көрінісі болды. Қадыр ақынның шығармашылығында ұлттық болмыс пен әлемдік өркениет арасындағы байланысты ерекше байқалады. Ол қазақ халқының тарихына терең үңіліп, қазақтың ұлттық қасиеттерін жырлау арқылы оны әлемдік деңгейде танытуға күш салды. Қадыр Мырза Әлі тек философ ақын ғана емес, сонымен бірге қазақтың рухани көсемдерінің бірі болды. Ол өзінің терең білімін, рухани ізденістерін және өмірлік тәжірибесін поэзияда шебер түрде пайдаланған тұлға. Оның өлеңдері заманауи қазақ әдебиетінің дамуында ерекше орын алып, кейінгі буын ақын-жазушыларға үлкен әсер етті. Қадыр Мырза Әлі 2011 жылы 22 қаңтарда дүниеден озды, бірақ оның шығармашылық мұрасы әлі күнге дейін халқымыздың рухани қазынасының бір бөлшегі ретінде сақталып келеді.

Қадыр Мырза Әлі – қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған философ ақын, оның өлеңдері халықтың жүрегінде мәңгілік орын тапқан, ал оның терең ойлары ұрпақтан ұрпаққа жететін мәңгілік мұра.

### **Қазақ киносының атасы**

«Қазақ киносының атасы» ретінде танылған Шәкен Айманов – қазақ кино өнерінің іргетасын қалаған, оның дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті тұлға. Шәкен Кенжетайұлы Айманов 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келді. Оның шығармашылығы мен өмір жолы қазақ киносының қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Шәкен Аймановтың есімі қазақ киносының алтын қорында мәңгілікке жазылды, себебі ол алғашқы қазақ фильмдерін дүниеге әкеліп, ұлттық кино өнерін жаңа биіктерге көтерген дарын иесі.

Шәкен Айманов алғашқы кезде театрда жұмыс істеп, актерлік шеберлігін шыңдаған. Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрында ойнаған рөлдері оны халыққа танымал етті. Оның ерекше дарыны мен шеберлігі арқылы сомдаған кейіпкерлері ұлттық өнердің биік шыңына айналды. Алайда, оның киноға деген құштарлығы мен таланты оны режиссерлікке алып келді.

1940 жылдары Шәкен Айманов кино режиссері ретінде өзін көрсете бастады. Оның ең алғашқы сәтті жұмыстарының бірі – «Абай әндері» (1945) фильмі болды. Бұл фильмде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы көркем бейнеленіп, қазақ кино өнеріне тың серпіліс берді. Кейіннен Шәкен Айманов «Жамбыл» (1952), «Біз осында тұрамыз» (1956), «Тақиялы періште» (1968) және «Атаманның ақыры» (1970) сияқты қазақ киносының классикасына айналған фильмдерді түсірді. Осы туындылар арқылы ол қазақтың ұлттық ерекшелігін, мәдениетін, тарихын кино өнері арқылы тереңінен жеткізе білді.

Шәкен Айманов тек режиссер ғана емес, қазақ киносының шебер актері де болды. Оның «Тақиялы періште» фильміндегі Тана мырза рөлі халықтың есінде мәңгілікке қалды. Ол ұлттық мінезді, қазақтың салт-дәстүрін, қарапайым халықтың өмірін экранда шынайы бейнелеп, көрермен жүрегіне жол тапты.

Шәкен Аймановтың еңбегі елеусіз қалмады. Ол КСРО халық әртісі атағына ие болып, түрлі мемлекеттік марапаттармен марапатталды. 1970 жылы «Атаманның ақыры» фильмі бүкілодақтық кинофестивальде жүлделі орынға ие болды. Шәкен Айманов – қазақ киносының негізін қалаушы ұлы тұлға. Оның шығармашылығы мен киноға қосқан үлесі ұлттық мәдениетіміздің мәңгілік құндылығы болып қалды.

### **Кәсіпкерлік – шеберлік**

Кәсіпкерлік – адамзат өркениетінің дамуындағы маңызды құбылыс, ал шеберлік – оның табысты болуының басты кепілі. Кәсіпкерлік тарихы адамзаттың алғашқы экономикалық қарым-қатынастарынан бастау алады. Алғашқы саудагерлер мен қолөнершілер өз шеберліктері арқылы материалдық игіліктерді өндіруде ерекше орын алған. Бүгінгі таңда кәсіпкерлік – экономиканың қозғаушы күші және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі факторы.

Кәсіпкерлік шеберлік тек қарапайым сауда немесе өндіріс қана емес, ол инновациялар мен жаңа идеяларды жүзеге асыруға бағытталған қабілет. Кәсіпкер болу үшін адамға шығармашылық ойлау, стратегиялық жоспарлау, тәуекелге бару және нарықтың өзгерістеріне жылдам бейімделу секілді қасиеттер қажет. Кәсіпкердің шеберлігі оның бәсекелестікке қабілетті болуына және жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ тарихында да кәсіпкерліктің тамыры тереңде жатыр. Қолөнершілер мен саудагерлер көшпенділер қоғамында маңызды рөл атқарған. Әсіресе, Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-саттықтың өркендеуі кәсіпкерліктің дамуымен тікелей байланысты болды. Сол кезден бастап қазақтар арасында кәсіпкерлікке деген ынта-ықылас жоғары болды, ал шеберлікке деген құрмет ерекше орын алған.

Кәсіпкерлік шеберлік бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Қазіргі нарықтық экономикада табысты болу үшін кәсіпкерлерге инновациялық ойлау, заманауи технологияларды меңгеру және нарықтың сұранысын түсіну қажет. Бұл тұрғыда әлемге әйгілі кәсіпкерлердің үлгісі маңызды. Мысалы, Стив Джобс, Билл Гейтс және Илон Маск сияқты тұлғалар өздерінің шеберліктері мен кәсіпкерлік қабілеттері арқылы жаңа технологиялық революцияны бастап, әлемдік нарықтарды өзгертті.

Қазақстанда да кәсіпкерлікке үлкен мән берілуде. Елдегі шағын және орта бизнес саласының дамуы мемлекеттің экономикалық қуатының артуына септігін тигізіп келеді. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары жүзеге асырылып, жас кәсіпкерлердің жаңа жобаларын қолдауға бағытталған бастамалар көптеп қолға алынуда. Олардың шеберлігі тек жеке пайда табумен шектелмей, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да өз үлесін қосуда. Кәсіпкерлік пен шеберлік тығыз байланысты ұғымдар. Табысты кәсіпкер шеберлігін шыңдап, әрқашан дамып отыруы тиіс. Шеберлік – уақытпен қалыптасатын қасиет, ал кәсіпкерлік – оның нәтижесін көрінетін алаң. Бүгінгі заманда бұл екі қасиетті үйлестіре білген адам үлкен жетістіктерге жете алады.

Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім Әлеуметтік сұраныс пен отандық өнім арасындағы байланыс – экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды факторларының бірі. Әлеуметтік сұраныс дегеніміз – қоғамның белгілі бір уақыттағы тұтынушылық қажеттіліктері мен талаптары. Бұл сұраныс тек материалдық игіліктерді ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсету, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерді де қамтиды. Ал отандық өнім – ел ішіндегі кәсіпорындар мен өндіріс орындарында жасалған тауарлар мен қызметтер. Қазақстанның нарықтық экономикаға көшкен кезеңінен бастап, әлеуметтік сұраныстың өзгеруі отандық өнім өндірушілерге жаңа талаптар қойды. Тұтынушылардың сапаға, экологиялық тазалыққа және қолжетімділікке деген сұранысы өсті. Осыған байланысты қазақстандық өндірушілер өз өнімдерінің сапасын арттыруға, заманауи технологияларды енгізуге және жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті сақтауға мәжбүр болды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, жаңа кәсіпорындар мен өндіріс орындары пайда болды. Елдегі жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, азық-түлік және басқа да салаларда отандық өнімдер өндірісі дамып, халықтың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды. Мысалы, ұлттық тағам өнімдері, киім-кешек және құрылыс материалдары өндірісі жылдан жылға кеңейіп келеді.

Отандық өнімнің сұранысы елдегі экономикалық тұрақтылықтың көрсеткіші болып табылады. Әлеуметтік сұранысқа сай өнім шығару арқылы кәсіпкерлер ішкі нарықта бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Сонымен қатар, тұтынушылардың отандық өнімге деген сенімі мен қызығушылығы арта түседі. Әсіресе, қазақстандық тұтынушылардың экологиялық таза және табиғи өнімдерге деген сұранысы жоғары.

Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсіп салалары үлкен әлеуетке ие. Әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру үшін отандық өнім өндірушілер инновациялық шешімдер мен заманауи технологияларды қолдануы қажет. Мысалы, бүгінгі таңда цифрлық экономика мен электронды сауда жүйесі тұтынушылардың талаптарын жедел түрде қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық кәсіпкерлер осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өз өнімдерін халыққа қолжетімді етуде.

Сонымен қатар отандық өнімге қолдау көрсету мемлекет үшін де маңызды. Қазақстан үкіметі шағын және орта бизнесті қолдау, отандық өнім өндірушілерге салықтық жеңілдіктер беру және экспорттық әлеуетін арттыру бағытында бірқатар шаралар қабылдауда. Бұл шаралар ұлттық экономиканың дамуына, жұмыс орындарының көбеюіне және халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік сұраныс пен отандық өнім бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Халықтың қажеттілігін қанағаттандыру арқылы отандық өнім өндірушілер экономиканың өсуіне ықпал етеді, ал әлеуметтік сұраныстың артуы отандық өндірістің дамуына серпін береді. Қазақстанда өндірілген өнімдер тек ел ішінде ғана емес, халықаралық нарықта да өз орнын табуда, бұл еліміздің болашағының жарқын болатынының белгісі.

## **Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы**

Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы – қазақ драматургиясының алтын қорындағы шоқтығы биік шығармалардың бірі. Бұл драма өзінің терең философиялық ойлары, әлеуметтік тақырыптары және шынайы адам тағдырларын бейнелеуімен ерекшеленеді. Шығарма алғаш рет 1970 жылы жазылып, сахна төріне қойылды. Дулат Исабеков өз дәуірінің әлеуметтік мәселелерін драманың ортасына алып, отбасы, тұрмыс және қоғамның қысымы сияқты маңызды тақырыптарды көтереді.

«Әпке» драмасы – отбасылық қатынастардың нәзік және күрделі қырларын ашып көрсететін шығарма. Негізгі кейіпкері – апасы Қамқа. Ол ауылдық жерде өмір сүретін қарапайым әйел, бірақ оның тағдыры ауыр және жауапкершілікке толы. Қамқа – отбасының тірегі, ол анасының рөлін атқарып, өз бауырларын тәрбиелеумен айналысады. Жас кезінде тұрмысқа шықпай, барлық күш-жігерін бауырларына арнаған Қамқаның образы әйелдің құрбандығын, мейірімділігін және еңбекқорлығын бейнелейді. Қамқа өмірінің қиындығына қарамастан, ешқашан мойымайды, керісінше, өз міндетін адал атқаруға тырысады.

Драманың тағы бір маңызды тақырыбы – ауылдағы тұрмыс-тіршілік. Исабеков ауыл өмірін реалистік тұрғыда көрсетіп, оның қиындықтары мен қоғамның кейбір әдет-ғұрыптары арасындағы қақтығыстарды шынайы бейнелейді. Қамқаның бауырлары есейіп, өз өмірлерін құруға тырысады, бірақ олардың әрқайсысының тағдыры әртүрлі бағытта өрбиді. Осы тұрғыда драма қоғамның дамуы мен адамдардың көзқарастарының өзгеруі арасындағы қайшылықтарды да көрсетеді. Исабековтің «Әпке» шығармасы ұлттық драматургияда ерекше орын алады. Оның көтерген мәселелері мен кейіпкерлерінің өмірі шынайы әрі әсерлі. Шығармада көрініс тапқан әйелдің ішкі әлемі, отбасы алдындағы міндеті және қоғамдағы орны қазақ әйелдерінің өмірін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи деректерге сүйенсек, «Әпке» драмасы алғаш сахналанғаннан бастап үлкен табысқа ие болған. Бұл драма Қазақстанның көптеген театрларында қойылып, көрерменнің жүрегіне жол тапты. Қамқа образы халық арасында ерекше сүйіспеншілікке бөленіп, көптеген актрисалардың сомдауындағы есте қаларлық рөлге айналды. Әсіресе, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында бұл драма көп жылдар бойы қойылып келеді. Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы – қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін терең қозғаған әрі адам жанының нәзік иірімдерін бейнелеген көркем туынды. Бұл шығарма қазақ театр сахнасында ұзақ уақыт бойы сақталып, жас ұрпаққа үлкен рухани мұра ретінде жететіні сөзсіз.

### **11--сыныптарға арналған көркем мәтіндер**

#### **Бөлім атауы: Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік**

#### **Әлеуметтік мәселе: Адам өміріндегі маңызды аспект**

Әлеуметтік мәселелер – біздің өміріміздің маңызды аспектісі, оларды талдау және талқылау жақсы болашаққа ұмтылуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік мәселелер кедейлік, теңсіздік, экологиялық мәселелер, адам құқықтарының бұзылуы, білім беру, денсаулық сақтау және т.б. сияқты мәселелерді қамтуы мүмкін.

Көптеген елдердегі ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі – кедейлік. Бұл әлеуметтік теңсіздікке, сондай-ақ білім алуға, денсаулық сақтау мен тұрғын үйге қол жеткізудегі проблемаларға әкелуі мүмкін. Кедейшілікпен күрес кешенді тәсілді, оның ішінде жұмыспен қамтуға, әлеуметтік қолдау мен білім беруге жәрдемдесетін шараларды қажет етеді.

Тағы бір өзекті әлеуметтік мәселе – климаттың өзгеруі және оның қоршаған ортаға әсері. Жаһандық жылыну, ауа мен судың ластануы және түрлердің жойылуы планетамыздың болашағына қатысты күрделі сұрақтарды тудырады. Парниктік газдар шығарындыларын азайту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және табиғи ресурстарды сақтау бойынша шаралар қажет.

Әлеуметтік мәселелерге сондай-ақ адам құқықтары мәселелері, соның ішінде теңдік, кемсітушілікпен және адам құқықтарының бұзылуымен күресу мәселелері кіреді. Бұл мәселелер қоғамның барлық мүшелері үшін әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ету үшін назар аударуды және әрекетті талап етеді.

Білім мен денсаулық сақтау да назар аударуды және инвестициялауды қажет ететін негізгі сала болып қала береді. Сапалы білім мен медициналық көмекке қолжетімділік қоғамның дамуына және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Бұл мәселелерді шешу үшін қоғам мен үкіметтердің бірлесіп жұмыс істеуі маңызды. Ашық пікірталас пен қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекет неғұрлым әділ және тұрақты қоғам құруға көмектеседі.

*(Egemen Qazaqstan, қазан 2023 жыл)*

## **Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік»**

**/үзінді/**

Барахолкадан бір-ақ шықтық. Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде пәтер жалдаймын деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қуанғаннан айқайлап жібере жаздап, бетімді шымшып өзімді әрең тежедім. Қожайын ұйғыр әйел екен, бізді суық қарсы алды.

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші жын сасыған қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып, бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім.

Қыртыс есікті шалқалай ашты, үш аттап төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиюластырып, кірпіші, шөркесі аралас бірдемелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Сол тақтай төсектің біреуінің тең жартысы есіктің артындағы үйді бөлген кездегі бетон қабырға мен тақтай қабырғаның арасындағы бос аралыққа кептеліп кіргізіліпті. Егер осы қуыс

болмаса бір ғана төсек сыятындай. Үш метр үйге төрт метр төсек, эне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап, тозығы жеткен матрац төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғыштанып кеткен. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден әрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Ырғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе бір сәрі. Қыртыспен киюластыра беріпті. Соның керегеге тірелген соңғы қуысы бізге бұйырып тұр. Саңылауларының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт арғы беттен сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да, сол ашық аралыққа небары жалғыз ғана шырақ орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалайын деп тұр. Есік жақ қабырға да итеріп қалсаң құлап түсердей, қаусап әрең тұр. Бірақ ол оң жақ қабырға сияқты ашық емес, сәл де болса жиі шегеленіпті. Опырылған оң жақ тоқал өкшемен еденді ақырын теуіп көріп едім, ескі төсеніштің шаңы бұрқ етіп балағыма шапшыды. Шамасы бізден бұрын аяқ киімін шешуді білмейтін біреулер тұрған тәрізді.

– Қоныс жайлы болсын,– деген дауысқа жалт қарасам, ақ күмістей ұзын сақалы кеудесін жапқан қария қарап тұр екен, қапелімде сасқалақтап қалдым.

– Бірге болсын, ата,– деппін.

– Е-е, балам менсінбей тұрсың-ау, ә! «Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді». Біз де жүрміз ғой! – деді солқ-солқ күліп. Осы арада қожайын әйел килігіп кетті.

– Алсандар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіңдер.

Келіншегім маған қарады, мен келіншегіме қарадым. Екеуімізде де үн жоқ. Қария күлімсіреп: «Әй, балаларым-ай!» деп басын шайқап қояды.

– Аяғым ісіп кетті, жетім бұрышқа енді бармай-ақ қояйықшы. Өкшем ойылып қалды-ау деймін, удай ашып тұрғаны.

– Келістік,– дедім. Ауызмнан осы сөз қалай шыққанын да сезбей қалдым. Артынша елден қай жеріміз артық, өзіміз сияқты қазақтар екен ғой осында пәтер жалдап жүрген,– деп қоям күбірлеп. Өзімді-өзім жұбатқан түрім.

– Мына үйде бір нәрсе жетіспейді,– деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ күліп. – Бір нәрсе жоқ.

– Бір нәрсе?! Бір нәрсе ғана емес, бұл үйде ештеңе жоқ.

– Бір нәрсе ғана жоқ.

– Телевизор ма?

– Жоқ.

– Айна...

– Қойшы, айна біздің не теңіміз. Өзің соқырмысың. Көзіңді ашып қарасайшы.

– Өзің айтшы ал.

Кенет жарық сөнді де, үйдің іші қараңғылыққа шома қалды.

– Өй, жарыққа не болды,– деп недәуір сасқалақтап қалдым.

- Мен өшірдім,– дейді келіншегім сыңғырлап.
- Жындымысың, жақ шырақты.
- Не нәрсе жоқ екенін тапсаң жағам.
- Бәрі жоқ бұл үйде. Ештеңе жоқ.
- Әдейі істеп тұрсың ба, әлде, соған да миың жетпей тұр ма?
- Бала қорқады, жарықты жағындар,– деген еркек дауысы шықты қыртыс қабырғаның ар жағынан.
- Терезе жоқ,– деген әйел дауысы шықты қыртыс қабырғаның ары жағынан. Шырақ жарқ етіп жана қалды.
- Терезе жоқ дейді?
- Иә, терезе жоқ,– деді келіншегім.
- Терезе жоқ,– деп қарқылдап күлді ер мен әйел.
- Терезесі жоқ үй де болады екен-ау, ә.

*Ерболат Әбікенұлы*

## **Бөлім атауы: Экология. Мұнай және атомдық индустрия**

### **Мұнай-газ – еліміздегі орта бизнесті дамыту тетіктерінің біріне айналуға тиіс**

«Халқымыз да мұнайды «қара алтын» деп атайды. Дүние жүзінің өркендеу жолы энергетика ресурстарымен тығыз байланысты болды. Ғылым мен технологияның дамуына қуат көздері ерекше ықпал етті. Осы үрдіске қазақ жеріндегі қара алтын өндірісі де мол үлес қосқаны сөзсіз.

Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарын игеру, Каспий құбыр желісі консорциумы жобасын іске асыру – мемлекет пен инвесторлар арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі. Қазақстан бұл салада ашық және жан-жақты ойластырылған саясат жүргізу арқылы жаһандық экономикаға дендеп еніп, үлкен көлемде инвестиция тартып жатыр», – деді Президент.

Мемлекет басшысы энергетика саласының түбегейлі өзгергеніне, логистика, экология мәселелерінің маңызы артқанына назар аударып, бұл секторда алдағы уақытта атқарылуға тиіс бірқатар міндетке тоқталды.

Ғылыми-технологиялық прогресс әлемдік мұнай-газ саласын дамытуда айрықша рөл атқарады. Мұнай өндіру көлемі тұрақты өсуі үшін геологиялық барлау және кен орындарын игеру ісіне озық технологияларды белсенді түрде енгізу қажет. Бұрын-соңды болмаған халықаралық тұрақсыздық жағдайында экспорттық бағыттарды одан әрі әртараптандыру – басты міндет. Мұнай өңдеу секторын дамыту маңызды. Заманауи экологиялық стандарттарға сай мұнай өнімдерінің тұрақты өндірісін қамтамасыз ету керек. Мұнай-газ химиясының да келешегі зор.

*Egemen Qazaqstan 30 тамыз 2024 жыл.*

### **Қазақстандағы болашақ атом электр станциясы**

Қазақстандағы атом электр станциялары (АЭС) еліміздің энергетикалық саясатының маңызды бағыты болып табылады. Болашақта Қазақстанда атом

энергетикасын дамытудың бірнеше елеулі артықшылықтары бар. Атом электр станциялары елді энергиямен қамтамасыз ету көздерін әртараптандыруға, көмір мен газға тәуелділікті азайтуға ықпал етеді. Олар атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайтатын экологиялық таза энергия көзі болып табылады.

Атом энергиясы энергиямен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені атом электр станциялары үздіксіз жұмыс істейді және ауа райы жағдайына тәуелді емес. Заманауи технологияларды енгізу атом электр станцияларының жоғары тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атом энергетикасы еліміздің технологиялық дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

Атом электр станцияларының жұмыс істеуі олар орналасқан аймақтардың экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Заманауи атом электр станциялары энергия тиімділігін арттыра отырып, смарт-желілік жүйелерге біріктірілуі мүмкін. Атом энергетикасы импорттық энергия ресурстарына тәуелділікті азайтып, елдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтады. Атом электр станциялары Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді перспективасын қамтамасыз етеді. Атом электр станцияларын сутегі және басқа да жоғары технологиялық өнімдерді өндіру үшін пайдалануға болады. Атом электр станцияларын енгізу ядролық физика мен технология саласындағы зерттеулер мен инновацияларға ықпал етеді.

### **Қара алтыны халқымның**

Мұнай... мұнай – сары май, қап-қара май,  
келбетіне халқымның жаққан арай.

Бейнеті мол қазақтың жерін кеулеп,  
байлығына айналған баққа қарай.

Мұнай... мұнай – қара алтын қазынамыз,  
қаталдау табиғаттың назы нағыз.

Қан тамырдай таралған құбырлардан,  
қарақошқыл Жер қанын ағызамыз.

Мән сыйлаған тірлікке, сән сыйлаған  
мұнай көзін тереңнен аршиды адам.

Жапан түзде ертегі қала салып,  
естен кетпес жасады сан сый маған.

Талайларды келтірген жарқын жүзге,  
мұнай деген қап-қара алтын бізге.

Мұнай іздеп келеміз қиырлардан  
ыстық шілде, қатал қыс, алтын күзде.

Қап-қара қан жүгіртіп тамырына,  
қара алтынның боялып сағымына

қолын созған әлемдік биіктерге  
сүйінемін Маңғыстау алыбыма!

*Гүлжауһар Сейітжан*



## **Бөлім атауы: Тіл. Өнер. Әдебиет.**

### **Шешендік сөз өнері**

Төле би тоқсан жасқа келгенінде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендер, ойшылдары жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанында:

– Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрін түгел жиналдындар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіндер, – дейді Төле би.

– Айтыңыз, айтыңыз?

– Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады.

– Бұл не деген жұмбақ! Осындай да жұмбақ бола ма?

– Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз? – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рұқсат, рұқсат.

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

– Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

– Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

– Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

– Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.

– Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

– Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса сол жаман.

– Сегіз дегеніміз – серпілмеген кайғы жаман.

– Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

– Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген, – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рақмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым, – деп Төле би Қазыбекке разы болыпты.

### **Бөлім атауы: Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі**

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік экономикалық құбылыс. Экономикалық әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты фрикциялық жұмыссыздық, құрылымдық жұмыссыздық, циклдік жұмыссыздық болып ажыратылады.

Фрикциялық жұмыссыздық – қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.

Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан

пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда қызметкер не өзінің кәсібіне (мамандығына) сұранымның жоқтығы салдарынан, не жұмыс алу үшін жеткілікті біліктілігінің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.

Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұранымның күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Осы себептен оны кейде сұранымның тапшылығына байланысты жұмыссыздық деп те атайды. Циклдік жұмыссыздық – кез келген қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болып саналады. Экономикалық дағдарыс (экономикалық дамудың құлдырауы, тоқырау) елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың елеулі бөлігінің бостан босқа уақыт өткізуіне әкеліп соғады, ал мұндай жағдай олардың біліктілігінің жоғалуына, адамгершілік қадір-қасиеттің азғындауына, әлеуметтік және саяси жанжалдарға апарып соқтырады. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады.

### Дүние қалай етсең табылады

Француз жұртының бір білімді адамы жазады: – 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң, бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ. Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жыйып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара кебірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар, фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас, себебі, баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон,— деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп

тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

– Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді? Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

– Сен Антонбысың? – дедім.

– Рас, – деді Антон, – мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*

## **Бөлім атауы: Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі**

### **Қазақтың ат спорты**

Ат – ер қанаты. Қазақтардың көптеген ұлттық спорт түрлері атқа байланысты туған. Бәйгенің неше түрлері, сақина алу, көкпар, аударыспақ, сайыс, қыз қуу тағы басқалары адамды ат үстінде шебер өнер көрсетуге, епті, шыдамды, төзімді болуға баулиды. Олардың көбісі ата-бабаларымыз жауынгерлер даярлағанда да маңызды міндет атқарған. Ал атты күту, баптау жүздеген жылдық тәжірибесі бар өзіндік бір ғылым. Қазақтың ат спорты төмендегіше бірнеше түрге бөлінеді: аламан бәйге, бәйге, жорға жарыс, аударыспақ, сайыс, көкпар, жамбы.

**Аламан бәйге.** Аламан бәйгеде ат 25-100 километр аралығындағы қашықтықта шабады. Жарыс өтетін жер ойлы-қырлы, кедергілі болады. Бір сөзбен айтқанда адамның бойында шыдамдылық, төзімділік сияқты қасиеттерді дамытып, оның атына, өзіне үлкен сын болатын спорт түрі аламан бәйге деп аталған.

**Бәйге.** Аламан бәйгеге қарағанда бәйгеде ат шабатын қашықтық қысқа болады. Жарыс алдына қоңырау үш рет қағылады. Бірінші қоңыраудан кейін шабандоз атына мінеді. Екінші қоңыраудан соң төрешілер алқасы тұрған мінбе алдынан өтіп, өздерінің бәйгеге дайын екендіктерін көрсетеді. Үшінші қоңыраудан соң мәреге тұрады. Бәйгеге шабатындар жеребеде алған орын бойынша мәре сызығынан 50 метр жерде тұрады да мәрешінің белгісімен (жалау көтеру бойынша) аттарының басын тежей қатарласа мәре сызығына тұрады. Аттар біркелкі қатарласып тұрған шақта мәреші: «Шап» деген команда беріп, жалауды төмен түсіреді, осы сәттен бастап бәйгенің мерзімі есептеледі.

**Жорға жарысы.** Жүрісі майда, тыныш болғандықтан, алыс жолға жорға мінген қолайлы. Жорға жарысына жігіттермен қатар әйелдер, қыздар да қатысады. Аттың ер-тұрманы, әбзелі әшекейлі, спортшылардың киімі әдемі болуы керек.

**Жамбы ату жарысы** 250x300 метр келетін алаңда өткізіледі. Жамбы

мәреден 100 метр жердегі биіктігі 3-4 метр бағанаға орнатылады. Алаңның шетіне жалаушылар ілінеді. Нысаналар тай тұяқ, жамбы (көлемі тайдың тұяғындай), ай қабақ (туған ай формасында жасалынып, екі ұшынан ілінген), теңге түрінде болады. Ай қабақ теңге бір орында тұрып атылады. Ал жамбы ат үстінде шауып келе жатып көзделеді.

### **Бөлім атауы: Ұлттық өнер - театр ордасы**

#### **Қазақ театрының тарихы**

XIX ғасырдың 2-жартысында Орал (1859), Орынбор (1869) және Омбы (1875) қалаларында орыс театрлары құрылды. 1890 жылы Семейде «Музыкалық-драмалық өнерді сүюшілер қоғамы» құрылды. 1905-1907 жылдары Қызылжарда (Петропавл), Оралда, Орынборда, Семейде татарлардың саяхатшы труппалары өнер көрсетті. 1910 жылдан бастап қазақ көркемөнерпаздар үйірмесі қалыптаса бастады. 1918 жылы Алматы (бұрынғы Верный), Семей, Петропавл және басқа қалаларда бірқатар орыс драма театрлары ашылды. Ұлттың мәдениет тарихындағы маңызды оқиға 1926 жылы Қызылордада Қазақ драма театрының ашылуы болды. Театрдың ресми ашылуы 1926 жылы 13 қаңтарда үлкен концертпен және «Еңлік-Кебек» пьесасының үшінші актісін қоюмен өтті. Спектакль қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің екі ғашықтың қайғылы тағдыры туралы халық арасында сақталған аңыз негізінде жасалған шығарма бойынша сахналанды. Оның таңдалуы да кездейсоқ емес. Алғаш рет 1917 жылы Абай Құнанбаевтың туған ауылында Абайдың немересінің ұзату тойында қойылып, режиссері М.Әуезовтің өзі болған. Ондағы рөлдерді Абайдың немерелері мен пьеса авторының жақын туыстары сомдады. Жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылған пьеса бүгінде сахнадан кетпей, көптеген танымал театр ұжымдарының репертуарына енген. Қызылордада ашылған театр 1928 жылы Алматыға көшіп келді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 35 театр, оның ішінде 7 қазақ драма театры, 3 қазақ музыкалық драма театры, 2 жастар театры, 14 орыс драма театры, неміс драма театры, 3 музыкалық комедия театры, 5 қуыршақ театры көрермендерге қызмет етеді.

### **Бөлім атауы: Туризм: экотуризм**

Туризм бүкіл әлемдегі табысы жоғары салалардың бірі болып саналады. Туризмнің елдегі халықтың тұрмысын жақсартудағы, экономикалық қуатты арттырып, жұмыссыздықты азайтуға тигізетін үлесі ерекше зор. Қазақстан Республикасы табиғаты керемет қалалар мен қорықтарға толы.

Мемлекетіміз жер аумағы бойынша әлем елдерінің арасынан тоғызыншы орынды алады. Сонау кең-байтақ жердің барлығы табиғатқа өте бай. Қазақстанның әр өңірінде туристерді баурап алатын табиғаты керемет жерлер - таулар, жазық, далалар, ормандар, өзендер мен көлдер бар. Археология, тарих және сурет ескерткіштері Қазақстанда көптеп кездеседі. Жалпы Қазақстан аумағында 12 ұлттық табиғи парк және 10 қорық бар.

Негізінен, елімізде туристік сала 20-ғасырдан бастан пайда болған. Қазақстанда қымыз терапиясы, минералды суларды пайдалану қолданылады. Сонымен бірге заманауи құрылғылармен жабдықталған шипажайлар бар. Қазақстан дүниежүзі туристік ұйымының мүшелігіне 1993 жылы енген болатын. Жалпы туризмнің салалары көп болып саналады.

Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға жағдай толығымен қамтамасыз етілген. Қазақстанның әр өңірінің ауа райы бір-бірінен өзгеше болып келеді және бұл жағдай Қазақстанда жыл бойы туризм шаруашылығын жүргізуге өте тиімді. Қазақстан аумағында Бұрабай, Баянауыл, Марқакөл, Катонқарағай, Қарқаралы, Алатау, Хан Тәңірі баурайы, Түлкібас, Шарын шатқалы, Сақ қорғаны, Маңғыстау түбегі сияқты ғажайып жерлер де, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі, Арыстан баб кесенесі сияқты тарихи мұралары да көп. Шыңға шыққысы келетін немесе тауға өрмелеуді қалайтын туристтерді қамтамасыз етуге Қазақстанның мүмкіндігі мол.

### **Бөлім атауы: Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі**

#### **Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романы 1, 2-кітабы**

Абай Қарқаралыдан қайтқан соң атқа мініп, ел аралаған жоқ.

Көбінесе Жидебайдағы ауылда шешелерінің қасында болды. Көктемге шейін күндіз-түні кітап оқуға салынды. Медреседен қайтқалы кітапқа анықтап оқталғаны осы еді. Арап, парсы тілін, бірталай сөздерін ұмытыңқырап, қарайып қалған екен. Алғашқы бір жұмадай Ғабитханның тәпсіріне қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды. Содан әрі мұның қолына түскен әрбір қалың кітап соншалық бір қатты сағынып жолыққан ыстық, қымбат досы тәрізді болды. Ғабитхан да кітап оқығыш болатын. Соның кітаптарының ішінен өзін қызықтырған көп-көп асыл бұйымдар тапты. Мұнда Абұлқасым Туси-Фирдоуси, Низами, Физули, Науаи, Бабырлар бар. «Жәмшид», «Сеидбаттал Ғазі», «Мың бір кеш», Табары жазған тарих, «Жүсіп - Зылиқалар», «Ләйлі - Мәжнүндер», «Көрұғлы» сияқты хикая дастандар да бар. Абайдың бас алмай оқығандары осылар. Аздан соң, кешкі шайдан асқа шейінгі мезгілде Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын үй ішіне әдемі әңгіме қып, айтып беріп отыратын әдет тапты. Бұған әжесі себеп болды. Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап бір күні кешке:

–Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айрылма! Ұқсама аналарға!..– деген.

Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды. Шешелер, малшылар, балалар боп – баршасы телміре тыңдайтын. Анда-санда Айғыз да кеп естуші еді. Ол Кәмшат кеткелі қатты жүдеу. Үлкен қара көздері аларыңқырап, барлық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді. Үнсіз уайымдаған ана қаралы. Абай бұл шешесінің күйін қабақпен таниды. Ол келген кештерде әңгімесін ерекше ықыласпен айтады.

Абай әңгіме айтуға бір түрлі шешен, шебер боп барады. Ғабитхан, тіпті өзі оқып шыққан кітаптарды Абай хикая қып айтқанда, бар бейілімен, жақсы ілтипатпен тыңдайтын. Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бәрі тегіс оқылып, бар әңгіме айтылып қалды. «Әңгіме, әңгіме», - деп, Абайға емініп отыратын үй іші енді, алғаш Абай айтқан әңгімелерді, кейбір малшы қатынға немесе балаларға қайта айтқызып, қайта тындасатын болды. Бірақ олардың айтуы Абайдай емес, дәмсіз, үстірт.

Ұлжан соларын сезіп, кей кезде тоқтатпақ боп:

– Қыс өтті. Жаз шығып, мал төлдеп қалды. Ертектің кезі өтті. Әйтпесе, қыс аяғы ұзап кетеді. Қой-ақ қой! – деп қалжың етіп, тоқыратып тастайтын.

Бірақ шешелер оңашада Абайға жақсы кітаптың жақсы хикаяларын қайтадан ескерте беруші еді.

*(М.Әуезов «Абай жолы», Шытырманда 132 бет)*

## **Бөлім атауы: Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты**

### **Әлем және Қазақстандағы миграция**

Заңсыз миграция мәселесі – дүниежүзін алаңдатып отырған маңызды мәселе. «Daily Express» тілшілерінің мәліметінше, Ұлыбританияда туристердің тәртіп бұзуы жиілеген, шетел азаматтары жасаған қылмыс саны былтырғыдан 16%-ке артқан.

Жергілікті полиция қызметкерлерінің айтуынша, мигранттар жиі қылмыс жасайды. Жалпы алғанда, бұл мемлекетте үш минут сайын өзге ұлт өкілі қамауға алынады. Лондонда, статистика бойынша, әрбір үшінші мигрант тәртіп бұзады. Сол себепті елде криминалды туризм өршіп тұр.

Еуропада Балқан жерінің азаматтары құқық бұзушылардың алдын бастап тұр. Заңсыз миграция біздің елімізде де әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселе болып саналады.

Заңсыз мигранттар санының артуы қылмыстың өсуіне және саяси тұрақтылықтың бұзылуына әкеледі. Мәселен, осы жылдың ортасында елордада жедел алдын алу шаралары жүргізіліп, көші-қон заңнамасын бұзған 1033 мигрант анықталды.

Алматыда да осыған ұқсас іспен мыңдаған мигрант тіркелген. Қазірдің өзінде іздеу салынған азаматтар мен бізге беймәлім қылмыстық жайттар баршылық. Қазақстандағы жұмыс күшінің біраз бөлігін заңсыз мигранттар құрайды.

Олардың арасында маусымдық жұмыстарды істейтін адамдар басым. Қазақстандағы криминалдың өршуіне шетелдік жұмыс күші санының артуы себеп болуы мүмкін. Егер заңсыз іс-әрекеттерге, тәртіп бұзушыларға тиісті шаралар қолданылмаса, ұлттық қауіпсіздік құлдырайды. Ондай жағдайда елімізде криминалды ортаның пайда болмасына кім кепіл?!

*Арай Жұматай*

## **Бөлім атауы: Толеранттылық –ел бірлігі.**

### **Толеранттылық – қауіпсіздік кепілі**

1995 жыл ЮНЕСКО-ның бастамасымен Халықаралық толеранттылық жылы болып жарияланып, Бас конференцияның шешімімен Толеранттылық ұстанымдарының декларациясы бекітілді. Толеранттылық декларацияға сай адам баласы ұлт пен ұлысқа, аймағына, шығу тегіне, діні мен тіліне байланысты ешқандай кемсітуге жол бермейді. Еліміздің конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп анық атап өтеді.

Бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 120-ға жуық ұлт пен ұлысты, 40 түрлі дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктерді тату-тәтті ұстап отыру оңай емес. Алайда, еліміз қанша уақыттан бері шашау шығармай, достық пен бірлікті ту етіп, ортақ мүддеге жұмылдырып, олардың ортақ Отаны бола алып отыр. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, күні бүгінге дейін еліміз мемлекет үшін ең маңызды ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен тұрақтылықты ұстаным етіп өмір сүруде.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына республикалық, аймақтық деңгейдегі 820-дан аса этномәдени бірлестіктер енген. Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамдық қатынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал жасауда деп толық айта аламыз. Қазіргі Қазақстан – толығымен толерантты мемлекет.

### 3. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ

#### 3-СЫНЫП

Бөлім тақырыбы: **Жанды табиғат**

Бөлімше тақырыбы: **Жанды және жансыз табиғат**

**Оқу мақсаты:** 3.1.1.1 Анық айтылған сөзді тыңдап, түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау

#### Сабақтың мақсаты

➤ анық айтылған сөзді тыңдайды, түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындайды;



#### Мәтін алды жұмыс

«Болжау» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

#### Сөздікпен жұмыс

Жануар, тұмсығы, қорқақ

**1-тапсырма.** Мәтіндерді тыңда. Мәтінде қай жануар сипатталған? Жануардың атауын жаз немесе суретін көрсет.

Бұл жануардың құйрығы ұзын. Түсі қызғылт сары. Орманды, далалы жерлерді мекендейді. Ол - жыртқыш жануар.

Бұл - өте үлкен жануар. Құлақтары үлкен, тұмсығы ұзын. Оның денесі 6-8 метрдей, салмағы 9 тоннадай болады. Ол шөппен қоректенеді.

Бұл жануардың құлақтары өте ұзын. Қыста түсін өзгертеді. Ертегілерде оны «қорқақ» деп сипаттайды.

Бұл жануардың мойны өте ұзын. Басында кішкентай мүйіздері болады. Жапырақтармен қоректенеді.

Керекті суреттер:





**2-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Жұбыңа кез келген жануарды жұмбақтап сипатта және оның сипаттаған жануарын анықта.

Дескриптор	Білім алушы - сипаттамасы бойынша жануарларды анықтайды; - сипаттама беруде сөздерді/сөйлемдерді орынды қолданады.
------------	--

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы: Арыстан мен тышқан**

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1.Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

**Сабақтың мақсаты**

➤ тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырады/кесте толтырады/мазмұндайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«Болжау» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Жануар, тұмсығы, Арыстан

**1-тапсырма.** «Арыстан мен тышқан» бейнематериалын қара.

Бір күні арыстан тоғайда ұйықтап жатады. Бір тышқан оның үстіне шығып алып, ойнай бастайды. Арыстан оянып кетеді. Ол тышқанды ұстап алады. Тышқан оған:

– Кешіріңізші. Бір күні мен де сізге көмектесемін ғой, – дейді. Арыстан оның сөзіне күледі.

– Сен маған қалай көмектесесің? Өзің кіп-кішкентайсың, – деп тышқанды босатып жібереді.

Бірде арыстан торға түсіп қалады. Одан шығу үшін бар күшімен секіреді. Бірақ тордан шыға алмай, ашуланып ақыра бастайды.

Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанды көреді. Ол тордың жібін тістелеп қиып, арыстанды тордан босатады.

<https://www.youtube.com/watch?v=YaTPyh51toQ>

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Арыстан тордан қалай босанды?
- 2) Мысал неге үйретеді?

**3-тапсырма.** Кестедегі сөйлемдерді оқы. Осы іс-әрекетті жасаған кейіпкерді жаз.

Ол ұйқысынан ашулы оянды.	Досын тордан босатты.
---------------------------	-----------------------

**Дескриптор** Білім алушы

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;

- іс-әрекеті арқылы кейіпкерді анықтайды.

Бөлім тақырыбы: **Жанды табиғат**

Бөлімше тақырыбы: **Жәндік жанды табиғатқа жата ма?**

**Оқу мақсаты:** 3.1.4.1 Тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау

**Сабақтың мақсаты**

➤ Тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«Таза тақта» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Ірімшік, қарға, түлкі

**Тыңдалым.**

**1-тапсырма.** «Қарға мен түлкі» мысалын тыңда.

Қарға жерден ірімшік тауып алады. Ірімшікті тістеп алып, ағашқа келіп қонады.

Оны бір түлкі көреді. Түлкі қарғаға келіп:

- Қарғажан, сен қандай әдемісің! Сенің даусың да әдемі. Бір ән айтып берші. Сенің даусыңды естігім келеді, - деп мақтай бастайды.

Қарға түлкінің сөзіне сеніп, қарқ етеді. Ал ірімшігі жерге түседі. Түлкі ірімшікті жеп қояды.

[https://ust.kz/word/kiriktirilgen\\_asyq\\_oqy\\_qyzmeti\\_qarga\\_men\\_tulki-](https://ust.kz/word/kiriktirilgen_asyq_oqy_qyzmeti_qarga_men_tulki-)

**2-тапсырма.** Саған мысалдағы қай кейіпкер ұнады немесе ұнамады? Неліктен?

---

**3-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін тауып, белгіле.

Сөйлемдер	Реті (1,2,3...)
Қарға өтірік мақтауға сеніп, қарқ етеді.	
Қарға ірімшік тауып алады.	
Түлкі қарғаны мақтайды.	
Түлкі қарғаны көреді.	
Ірімшік жерге түсіп қалады.	
Түлкі ірімшікті жеп қояды.	

**Дескриптор** Білім алушы

- жағымды/жағымсыз кейіпкерлерді атайды және негіздейді;

- мәтіндегі оқиғаның ретін дұрыс анықтайды.

Бөлім тақырыбы: **Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен**

Бөлімше тақырыбы: «**Жақсы**» деген немене?

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1. Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны

бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

**Сабақтың мақсаты**

➤ тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны

бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырады/кесте толтырады/мазмұндайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«**Қабырғадағы сұрақтар**» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

**Алғыс, риза, ұзақ**

*1-тапсырма. Мәтінді оқы.*

### **Шын дос**

Мұқан есебін шығара алмай отырған. Ойына Сәкен түсті. Жүгіріп Сәкенге келді. Ол есебін шығарып қойыпты. Мұқан есепті көшіріп алғысы келді. Бірақ Сәкен дәптерін бермеді. Мұқан досына ренжіп қалды. Ол есікке қарай беттеді. Сәкен досын тоқтатты. Олар ұзақ отырып есеп шығарды. Мұқан досына риза болып, үйіне қайтты.

<https://znaniya.com/task/51481018>

### **2-тапсырма.**

Мәтіннің кейіпкерлерін жаз \_\_\_\_\_

- Саған қай кейіпкер ұнады? Неліктен?
- Мұқан мен Сәкенді «шын достар» деуге бола ма? Ойыңды дәлелде.

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>- мәтіннің кейіпкерлерін атайды;</li><li>- жағымды кейіпкерді анықтап, себебін түсіндіреді;</li><li>- мәтіндегі оқиғаға қатысты дәлелді ой айтады;</li><li>- сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.</li></ul>
-------------------	--

Бөлім тақырыбы: **Жанды табиғат**

Бөлімше тақырыбы: **Жәндік жанды табиғатқа жата ма?**

**Оқу мақсаты:** 3.3.1.1 Мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу

**Сабақтың мақсаты**

➤ Мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқиды, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқиды;



**Мәтін алды жұмыс**

«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Ірімшік, түлкі

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтіннің мазмұны бойынша кестені толтыр.

Түлкі – жыртқыш аң. Түсі сұрғылт сары. Жүні жұмсақ. Орманда, ашық жерлерде, өзен-көл жағалауында, тауда мекендейді. Күндіз інінде жатады, ал түнде қорегін іздейді. Ұсақ жәндіктермен, көбінесе, тышқандармен қоректенеді. Түлкінің бірнеше түрлері бар. Ақ, қызғылт сары түлкілер болады.

<https://engime.org/aza-tili-peninen-mektepishilik-olimpiada-tapsirmalari-3->

Атауы	Сипаты	Мекені	Қорегі	Қосымша ақпарат

**Дескриптор**

*Білім алушы*

– мәтінді қатесіз, түсініп оқиды;  
мәтіннен кестеге сәйкес ақпараттарды анықтайды

Бөлім тақырыбы: **Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен**

Бөлімше тақырыбы: **Қайырымды бала**

**Оқу мақсаты:** 3.3.2.1 Жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну

**Сабақтың мақсаты**

➤ Жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсінеді



**Мәтін алды жұмыс**

«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Қымбат, шындық, ешкім

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

**Шындық бәрінен қымбат**

Асан ойнап отырып қымбат кесені сындырып алды. Оны ешкім көрген жоқ.

Анасы жұмыстан келді. Ол:

- Кесені кім сындырды?, - деп сұрады.
- Мен, - деді Асан ақырын ғана.
- Шыныңды айтқаның үшін рақмет!, - деді анасы.

<https://zharar.kz/id/9041>

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер

- Анасы баласына не үшін алғыс айтты?
- Саған баланың іс- әрекеті ұнады ма? Неліктен?
- Асан қандай бала деп ойлайсың?
- Асаннан қандай үлгі алуға болады?

Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</li><li>- мәтіннің кейіпкеріне қатысты пікірін негіздейді;</li><li>- мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды.</li></ul>
------------	---

Бөлім тақырыбы: **Жанды табиғат**

Бөлімше тақырыбы: **Жәндік жанды табиғатқа жата ма?**

**Оқу мақсаты:** 3.3.3.1 Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/сипаттау мәтіндерін анықтау

**Сабақтың мақсаты**

➤ Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/сипаттау мәтіндерін анықтайды



**Мәтін алды жұмыс**

**«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі** арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Барыс, арқар, аңдар

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Барыс – жыртқыш аң. Денесінің ұзындығы 130 см. Түсі көк сұр, сақина тәрізді дөңгелек қара дақтары болады.

Барыс кешкі уақытта қорек іздеуге шығады. Ол арқар, елік, жабайы шошқа сияқты аңдармен қоректенеді.

Барыс – бағалы аң.

<https://zharar.kz/id/9041>

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1) Мәтін не туралы?

2) Бұл қандай мәтін? Белгіле (✓)

әңгімелеу мәтіні

сипаттау мәтіні

пайымдау мәтіні

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>- мәтіннің тақырыбын атайды;</li></ul>
------------	---

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы: Жем шашамыз**

**Оқу мақсаты:** 3.4.3.1 Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

**Сабақтың мақсаты:**

➤ Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазады



**Мәтін алды жұмыс**

*«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі* арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Өгіз, бақа, кішкентай

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### **Өгіз бен бақа**

Бір күні өгіз су ішуге көлге келеді. Көлде бір бақа отырады. Ол өгіздің су ішкенін көреді. Бақа өгіз сияқты үлкен боламын деп су іше бастайды. Ол басқа бақадан:

– Қарашы, мен анау өгіз сияқты үлкен болдым ба? – деп сұрайды.  
– Жоқ, өгіз үлкен, ал сен кішкентайсың. Сен өгіз сияқты бола алмайсың, – дейді екінші бақа. Бақа тағы да су ішеді.

– Енді қарашы, өгіз сияқты болдым ба? – деп тағы сұрайды.

– Жоқ, сен әлі кішкентайсың, – дейді қасындағы бақа.

Бақа тағы су іше береді. Ақыры бақаның денесі жарылып кетеді.

<https://tattialma.kz/ru/teacher/library/view/813>

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша суреттердің ретін тап. Сандармен белгіле.



- Берілген тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын жаз.

*Тірек сөздер:* өгіз, көлге келеді, су ішеді, бақа, өгіз сияқты, сұрайды, жарылып кетеді

Дескриптор	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін мазмұны бойынша суреттердің ретін анықтайды;</li> <li>- мәтіннің мазмұнын жүйелі жазады;</li> <li>- тірек сөздерді орынды қолданады;</li> <li>- сөйлемдердің құрылымын сақтап жазады.</li> </ul>
------------	---

**Бөлім тақырыбы: Сәулет**

**Бөлімше тақырыбы: «Бәйтерек» неге ұқсайды?**

**Оқу мақсаты:** 3.4.3.1 Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

**Сабақтың мақсаты:**

➤ Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазады



**Мәтін алды жұмыс**

*«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі* арқылы жаңа тақырыпты ашындар.

**Сөздікпен жұмыс**

Бәйтерек, Хан Шатыр, болашақ

**1-тапсырма.** *«Әли мен Айя» бейнематериалын мұқият қара (4:05 – 8:25 аралығы)*

- Әке, бұл Бәйтеректің суреті ғой?
- Дұрыс, Айя, бұл – Бәйтерек.
- Мынау - Хан Шатыр. Ол жерде көп ойын аттракциондары бар.
- Думанды қара, Айя.
- Әке, мен мұхитаралынан алтын балық көрдім. Ол жылт-жылт етеді.
- Иә, балалар, ол жерде балықтың түрі көп. Бұл мұхитарал мұхиттан 3000 км жерде орналасқан. Астана – кереметтерге бай қала. Ол гүлденіп, дамып келеді. Астана – еліміздің мақтанышы. Астана - болашақтың қаласы.
- Болашақтың қаласы? Ол қалай, әке?
- Біздің болашағымыз – сендерсіңдер. Сендер білімді, тәрбиелі болуларың керек. Ол үшін Астанада барлық жағдай жасалған. Сондықтан да Астана - болашақтың қаласы.

<https://zharar.kz/id/9041>

**2-тапсырма.**

- 1) Балалар әкесімен не туралы сөйлесті?
- 2) Мәтінде қандай ғимараттар туралы айтылады? Белгіле.

Хан Шатыр      Ақорда      Думан      Бәйтерек

3) Сұрақтарды жауабымен сәйкестендір

Қай жерде түрлі балықтар көп?      Бәйтеректе



Қай жерде ойын аттракциондары көп?

Хан Шатырда

Думанда

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>- мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;</li><li>- мәтінде айтылған ғимараттарды анықтайды;</li><li>- сұрақтарға сәйкес жауапты анықтайды.</li></ul>
-------------------	--

**Бөлім тақырыбы: Сәулет**

**Бөлімше тақырыбы: Қорқыт ата**

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1 Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

**Сабақтың мақсаты:**

➤ тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырады/кесте толтырады/мазмұндайды



**Мәтін алды жұмыс**

**«Болжау» әдісі** арқылы жаңа тақырыпты ашындар.

**Сөздікпен жұмыс**

Қорқыт ата, аңыз, қобыз

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.

Аңыз бойынша Қорқыт туар кезде аспанда қара бұлттар пайда болып, найзағай жарқырайды, қатты жел соғады. Адамдар қатты қорқады. Сол кезде сәби дүниеге келеді. Адамдарды қорқытты деп, сәбиге «Қорқыт» деген ат береді.


Қорқыт ер жетеді. Бірде ол ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде ақ киім киген, қолында таяғы бар, ақ сақалды қария қобыз аспабын жасау керектігін айтады.

Қорқыт қобыз жасайды. Қобызбен әдемі күй тартады.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

**2-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді суреттің әр бөлігіне сәйкестендіріп жаз. Оларды толықтыр.

Мәтіннің ортасы





Мәтіннің басы  
Мәтіннің соңы

*Тірек сөздер:* Қорқыт туар кезде, қорқады, ер жетеді, түс көреді, ақ сақалды қария, аспап.

#### **4-СЫНЫП**

**Бөлім тақырыбы: Менің Отаным – Қазақстан**

**Бөлімше тақырыбы: Бурабайдағы демалыс**

**Оқу мақсаты:** 4.1.1.1 анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

**Сабақтың мақсаты**

➤ анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру



**Мәтін алды жұмыс**

*«Болжау» әдісі* арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Көрікті жерлер, демалыс, мемлекет

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.

Мен жазғы демалыста Қазақстанға бардым. Қазақстан – үлкен мемлекет. Қазақстанда көрікті жерлер өте көп. Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты үлкен қалалары бар. Біз Қазақстанға отбасымызбен келдік. Алматы қаласына бардық. Алматыда биік таулар бар. Бурабай көлін де көрдік. Мұнда қалың орман мен әдемі таулар бар.


Келесі демалыста да мен Қазақстанға келемін. (47сөз)

<https://znaniya.com/task/35976588>

**2-тапсырма.** Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазыңдар.

---


**3-тапсырма.** Тірек сөздерді қолданып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.



<b>Дескриптор</b>	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды;</li> <li>- тірек сөздерге сүйеніп, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады;</li> <li>- сұрақтың құрылымын сақтайды;</li> <li>- тілдік нормаларды сақтайды.</li> </ul>
-------------------	--

**Бөлім тақырыбы: Табиғат құбылыстары**

**Бөлімше тақырыбы: Күн райы болжамы**

**Оқу мақсаты:** 4.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау

**Сабақтың мақсаты**

➤ тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді/сөйлемді толықтырады және түйінді тұстарын анықтайды/кесте толтырады/кластер құрастырады/болжайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«Болжау» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Салқындады, қырыққабат, қыркүйек

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Төмендегі деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

**Күз**

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Қазір күз мезгілі. Күн салқындады. Суық жел соқты. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсті. Бақтарда түрлі жемістер мен көкөністер пісті. Біз бақшадан асқабақ, қызанақ, алма, алмұрт жинадық. Әпкем қырыққабат тұздады. Шешем алма мен алмұрттан тосап

қайнатты. Біз күз мезгілін ерекше жақсы көреміз. (45 сөз)

<https://goo.edu.kz/loader/load/32501>

**Жеке жұмыс.** Деңгейлік тапсырмалар

III деңгей

1. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар.

Қазан, жеміс

2. Төмендегі сөздерге зат есімнің көптік жалғауын жалғаңыздар.

Сынып, адам, әже, ата, мұғалім, аға, кісі, мектеп

3. Берілген сөздерді тәуелдеңіздер.

Алма, алмұрт

II деңгей

1. Берілген сөздерге антонимдік қатар табыңыздар.

Жылы, күн, жақсы, суық


2. Берілген сөздерді септеңіздер.

Қыркүйек, жапырақ

I деңгей

Күз мезгілі туралы диалог құрастырыңыздар. (3-4 сұрақ)

**2-тапсырма.** Сурет бойынша берілген жауаптарға сұрақтар қойып, диалог құрыңдар.



Дескриптор

Білім алушы

- сөйлемді толықтырады;
- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- деңгейлік тапсырмаларды орындайды.

**Бөлім тақырыбы: Мәдени мұра**

**Бөлімше тақырыбы: Отбасылық мереке**

**Оқу мақсаты:** 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

**Сабақтың мақсаты**

➤ мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастырады және оған жауап береді;



### Мәтін алды жұмыс

*«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі* арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

#### Сөздікпен жұмыс

Сыйластық, бірлік, кішіпейілдік

*1-тапсырма. Мәтінді оқы.*

### Отбасы – сыйластық ортасы

Отбасы – сыйластық орнаған орта. Отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс. Сонда бірлік, татулық берік болады. Өке отбасындағы барлық қамқорлықты атқарса, ана отбасына нәр беруші адам. Сондықтан бала өмір бойы ата-анасының еңбегін, жақсылығын сыйлауы тиіс.

Жалпы отбасында үлкендерді сыйлауға көп мән беріледі. Кішіпейілдік, көркем мінез, сыйластық отбасында қалыптасады. Ата-анасын сыйлап өскен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді (55 сөз).

<https://goo.edu.kz/loader/load/19547>

*2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңдар.  
(3 сұрақ)*

*3-тапсырма. Берілген деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.*

#### III деңгей

I нұсқа	II нұсқа
1) Берілген сөздерді септеңдер.	
Мінез.	Еңбек
2) Мәтін ішіндегі синоним сөздерді теріп жаз	
3) Отбасы мүшелерін атап жаз	

#### II деңгей

1) Берілген сөздерге синонимдік қатар жасап, сөйлем құраңдар.  
Көркем. Халық.

2) Берілген сөздерді сөз құрамына талда  
Сыйлау, қамқорлық, кішіпейілдік, отбасылық

#### I деңгей

Отбасы туралы 5,6 мақал – мәтел жаз.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - кейіпкерлерге қатысты бағалау сұрақтарын қояды және сұрақтарға жауап береді; - деңгейлік тапсырмаларды орындайды.
------------	--

Бөлім тақырыбы: **Құндылықтар**

Бөлімше тақырыбы: **Қамқор батыр бала**

**Оқу мақсаты:** 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

**Сабақтың мақсаты**

➤ Мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастырады және оған жауап береді;



**Мәтін алды жұмыс**

**«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі** арқылы жаңа тақырыпты ашындар.

**Сөздікпен жұмыс**

жамандық, дүниеге, қалмақтар

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Алпамыс дүниеге келеді. Алпамыс бала кезінде домбыра тартып, күй тыңдауды жақсы көреді. Алпамысқа мыстан кемпір жамандық жасағысы келеді. Бірақ киелі домбыра Алпамысты әрқашан қорғайды.

Бір жылы Алпамыстың ауылына қалмақтар шабуыл жасайды. Алпамыс ол кезде тұлпарымен тауда жүреді. Жаулар Алпамыстың ауылын өртеп, дүние-мүлкін алып кетеді.

Алпамыс жауға қарсы жалғыз аттанады. Батыр жауларын жеңіп, еліне жеңіспен оралады.

<https://massaget.kz/blogs/nan-psre-alasyiz-ba--23211/>

**2-тапсырма.** «Бес жолды өлең» әдісін қолданып, құрастырыңдар. Алпамыс бала.

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім (кім? не?):
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім (қандай?).
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік (не істеді/істейді?),
4. бірінші зат есіммен төрт сөзден тұратын сөйлем.
5. Ол - кім?

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - кейіпкерлерге қатысты бағалау сұрақтарын қояды және сұрақтарға жауап береді.
------------	--

Бөлім тақырыбы: **Құндылықтар**

Бөлімше тақырыбы: **Еңбектің сыйы**

**Оку мақсаты:** 4.1.4.1. Тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау

**Сабақтың мақсаты**

➤ тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«Дамино» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Қария, шыбық, дұшпан, бірлік

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда.**

Баяғыда бір ақылды қария болыпты. Оның тоғыз ұлы бар екен. Бірақ балалары әкесінің ақылын тындамай, жеке-жеке жүреді екен.

Бір күні әкесі балаларын шақырып, бір бума шыбық береді де:

– Қане, мынаны сындырыңдар! – дейді.

Тоғыз ұл қанша тырысса да, бір бума шыбықты сындыра алмайды. Содан соң қария:

– Енді шыбықтарды бір-бірден алып, сындырыңдар! – дейді. Балалары шыбықтарды тез-ақ сындырып тастайды. Сонда әкесі:

– Балаларым, егер сендердің бірліктерің жоқ болса, дұшпандарың сендерді жалғыз шыбықтай оп-оңай сындырады. Ал бірге болсаңдар, ешкім сындыра алмайды, – дейді.

Осыдан бастап балалары бірлікте, татулықта өмір сүре бастайды.

(қырғыз ертегісі)

<https://znaniya.com/task/51404664>

**2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.**

- 1) Әкесі балаларына бір бума шыбықты неліктен берді?
- 2) Оған не себеп болды?
- 3) Балаларға шыбықтарды бір-бірлеп сындыру неліктен оңай болды деп ойлайсың?
- 4) Мәтіннен қандай ой түйдің?

**3-тапсырма. Мәтінге қай мақал сәйкес келеді?**

- A) Өнерлі бала сүйкімді. B) Күшіңе сенбе, ісіңе сен.
- C) Бірлік болмай, тірлік болмас
- D) Әкеден – ақыл, анадан – мейір

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</li><li>- мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақалды анықтайды.</li></ul>
-------------------	--

## **Бөлім тақырыбы: Табиғат құбылыстары**

### **Бөлімше тақырыбы: Күн райын бақылайық**

**Оқу мақсаты:** 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

#### **Сабақтың мақсаты**

➤ мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастырады және оған жауап береді;



#### **Мәтін алды жұмыс**

*«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі* арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

#### **Сөздікпен жұмыс**

жапырақтар, өнер, көңілді

#### **1-тапсырма. Мәтінді оқы.**

Айжан мен Әлия бір сыныпта оқиды. Олар мектепке бірге барады, үй тапсырмасын бірге орындайды. Бос уақыттарын да бірге өткізеді. Айжан – қарапайым, сабырлы қыз. Ал Әлия көңілді, ашық мінезді. Олардың мінездері әртүрлі, бірақ екеуі нағыз достар.

Бір күні өнер сабағында оқушылар ағаштың суретін салды. Сабақтың соңында балалар өздерінің суреттерін көрсетті. Әлия жасыл жапырақтары бар әдемі гүлдің суретін салды. Сурет балаларға да, мұғалімге де ұнады. Кезек Айжанға келді. Ол да ағаш пен гүлдердің суретін салыпты. Бірақ Айжан ағаштың жапырақтарын көк түспен бояған екен.

– Айжан, сенің жапырақтарың неге көк түсті? Жапырақтардың жасыл түсті болатынын білмейсің бе? – деп сұрады мұғалім.

– Білемін. Бірақ менде жасыл түсті қарындаш болған жоқ, - деп жауап берді Айжан.

– Әлияда бар ғой. Неге досыңнан алмадың? – деп сұрады мұғалім. Айжан үндемеді. Әлия да қызарып төмен қарады.

<https://www.scribd.com/document/>

#### **2-тапсырма. «Бес жолды өлең» әдісін қолданып, құрастырыңдар.**

#### **Айжан, Әлия**

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім (кім? не?):
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім (қандай?).
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік (не істеді/істейді?),
4. бірінші зат есіммен төрт сөзден тұратын сөйлем.
5. Ол - кім?

**3-тапсырма. Неліктен? не үшін? сұрақтарын пайдаланып, мәтін бойынша 2 сұрақ құрастыр. Жұптас оқушының сұрақтарына жауап бер.**



- 1) Екі достың мінездері қандай?
- 2) Өнер сабағында қандай оқиға болды?
- 3) Әлия нағыз дос па? Неліктен?

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- кейіпкерге қатысты көзқарасын айтады және негіздейді;</li> <li>- - мәтін бойынша бағалау сұрақтарын құрастырады.</li> </ul>
-------------------	---

### **Бөлім тақырыбы: Табиғат құбылыстары**

### **Бөлімше тақырыбы: Күн райын бақылайық**

**Оқу мақсаты:** 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

#### **Сабақтың мақсаты**

➤ мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастырады және оған жауап береді;



#### **Мәтін алды жұмыс**

«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

#### **Сөздікпен жұмыс**

боран, мұз, аяз

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

#### **Қыс**

Күн суық. Жерде қар қалың. Түн ұзақ, күн қысқа. Қыста мен таңертен сағат жетіде тұрамын. Беті-қолымды жуамын, сүртінемін, шашымды тараймын, тамақ ішемін. Содан соң басыма бөрік, қолыма қолғап, аяғыма етік киіп, мектепке барамын. Мектептен шыққан соң, мектептің мұз айдынына барамыз. Мұз айдыны мектептен алыс емес.

<https://znaniya.com/task/>

**2-тапсырма.** «Бес жолды өлең» әдісін қолданып, құрастырыңдар.

#### **Қыс**

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім (кім? не?):
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім (қандай?).
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік (не істеді/істейді?),
4. бірінші зат есіммен төрт сөзден тұратын сөйлем.
5. Ол - кім?

**3-тапсырма.** Неліктен? не үшін? сұрақтарын пайдаланып, мәтін бойынша 2 сұрақ құрастыр. Жұптас оқушының сұрақтарына жауап бер.



Дескриптор	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- - кейіпкерге қатысты көзқарасын айтады және негіздейді;</li> <li>- - мәтін бойынша бағалау сұрақтарын құрастырады.</li> </ul>
------------	--

**Бөлім тақырыбы: Табиғат құбылыстары**

**Бөлімше тақырыбы: Күн райын бақылайық**

**Оқу мақсаты:** 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

**Сабақтың мақсаты**

➤ мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастырады және оған жауап береді;



**Мәтін алды жұмыс**

*«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі* арқылы жаңа тақырыпты ашындар.

**Сөздікпен жұмыс**

аяз, ойыншық, сыйлықтар

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Жаңа жыл

Жаңа жылды қыс ортасында, қатты аязды кезде тойлайды. Бұл кезде үйлер, ағаштар, жер ақ қар жамылады. Ауа райы аязды болса, қар жауса, адамдар қуанады. Көшелерге, алаңдарға, үйлерге, дүкендерге, спорт кешендеріне шыршалар орнатады. Оларға түрлі түсті ойыншықтар іледі. Жаңа жылды балалар асыға күтеді. Оларға сыйлықтар береді. Бұл күнді адамдар өз отбасында немесе достарымен, туыстарымен бірге мерекелейді.

<https://znaniya.com/task/>

**2-тапсырма.** *Неліктен? не үшін? сұрақтарын пайдаланып, мәтін бойынша 2 сұрақ құрастыр. Жұптас оқушының сұрақтарына жауап бер.*

---



---



---



---

Дескриптор	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- - кейіпкерге қатысты көзқарасын айтады және негіздейді;</li> <li>- - мәтін бойынша бағалау сұрақтарын құрастырады.</li> </ul>
------------	--

**Бөлім тақырыбы: Болашаққа саяхат**

**Бөлімше тақырыбы: Болашақтың жоспары. Күнтізбе**

**Оқу мақсаты:** 4.5.1.3 Өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің грамматикалық категорияларын ауызекі және жазба тілде қолдану

**Сабақтың мақсаты**

➤ Өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің грамматикалық категорияларын ауызекі және жазба тілде қолданады;



**Мәтін алды жұмыс**

«Таза тақта» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

демалыс, сыныптастарымыз, денсаулық,

**1-тапсырма. Мәтінді оқы.**

**1-мәтін**

Сәлеметсіздер ме, әке-ана! Қалдарыңыз қалай? Менің қалым жақсы. Қазір Германияда күн жылы. Бұл елден мен өзіме көп достар тапты... Менің сабағым таңертең бастала... Түстен кейін достарыммен кітапханаға, кинотеатрға бар.....Атам мен әжемнің қалы қалай? Денсаулықтары жақсы ма? Мен сіздерді қатты сағынды.... Қысқы демалыста елге келе...

Сау болыңыздар! Асыға жауап күте... .

Құрметпен, ұлыңыз Аят

**2-мәтін**

Сәлем, досы. ! Қалың қалай? Жаңа мектебің ұнады ма? Сыныптастарыңмен достасты... ба? Алматы қаласы қандай екен? Біздің сыныпқа жаңа оқушы кел.....Ол қазір менімен бірге отыра.. . . Мен оған сабақ оқуға көмектесе.....Сыныптастарымыз саған сәлем айтып жатыр. Сен қысқы демалыста Көкшетауға келе... бе? Елге келсе..., екеуміз бірге коньки тебуге бара... .

Сау бол! Асыға жауап күте...Досың Санжар.

<https://balkhash.goo.kz/loader/load/>

**2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазыңдар.**

**3-тапсырма. Мәтіндерге сүйеніп, кестені толтыр.**

Сұрақтар	1-мәтін	2-мәтін
Хат кімге жазылды?		
Хат кімнен келді?		
Хаттан алған 2-3 ақпарат		

**Дескриптор**

*Білім алушы*

- көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғайды;
- -мәтіндерге қатысты ақпаратты анықтайды.

**Бөлім тақырыбы: Мәдени мұра**

**Бөлімше тақырыбы: Алтын адам**

**Оқу мақсаты:** 4.1.1.1. Анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

**Сабақтың мақсаты**

➤ анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасайды және нақтылау мақсатында сұрақтар құрастырады;



**Мәтін алды жұмыс**

«WORD WALL» платформасы арқылы жаңа тақырыпты ашыңдар.

**Сөздікпен жұмыс**

Алтын адам, жауынгер, еркіндік

**1-тапсырма. Мәтінді тыңда.**

Алтын адам 1970 жылы Алматы облысынан табылды. Кемел Ақышев тапқан бұл ескерткіш әлемдік жаңалық болды. Алтын адамның сақ жауынгері екені анықталды. Оның киімі төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Бас киімінің ұзындығы 70 см-дей, онда жүз елу аң мен құс бейнеленген.



Алтын адам - қазақ халқының еркіндік символы. (48 сөз)

<https://www.zharar.com/kz/qmzh/kazt2/91349-altyn-adam-aza-tili-orys->

**2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздердің тізімін жаса.**

---

---

---

**3-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша иә» немесе «жоқ» деп жауап беретіндей етіп нақтылау сұрақтарын құрастыр. Жұбыңның қойған сұрақтарына жауап бер.**

Ия	Жоқ

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>- тыңдаған мәтін бойынша тірек сөздер тізімін жасайды;</li><li>- мәтін мазмұны бойынша нақтылау сұрақтарын құрастырады;</li><li>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</li></ul>
------------	---

**5-СЫНЫП**

**1-мәтін**

**«Денсаулық» мәтініне негізделген тапсырмалар:**

**Тапсырма:** Мәтіннің мазмұнына сәйкес келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Денсаулықты сақтау үшін қандай шаралар қабылдау қажет?
2. «Дені сау адам – қоғамның ең үлкен байлығы» деген сөздің мәні неде?

**Тапсырма:** Мәтіндегі 5 кілт сөзді (немесе сөз тіркесін) тауып, оларды жазыңыз.

**Тапсырма:** Мәтінді қара сөзге айналдырып, 4-5 сөйлеммен жазыңыз, онда денсаулықтың маңызы мен оны сақтау жолдары туралы айтылсын.

**Тапсырма:** Денсаулықты сақтау жолдарын көрсететін сурет салыңыз. Спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу.

**Тапсырма:** «Денсаулық – бақыттың негізі» тақырыбына 70-80 сөзден тұратын эссе жазыңыз.

**Тапсырма:** Өз денсаулығыңызды қалай сақтауға тырысатыныңыз туралы күнделік жазыңыз. Күн сайынғы әдеттеріңізді сипаттаңыз.

### 2-мәтінге негізделген тапсырмалар:

**Тапсырма:** Өлеңнің мазмұнына сәйкес келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Ақын өзенді қалай сипаттайды?
2. Өзеннің табиғатқа әсері қандай?

**Тапсырма:** «Өзен» өлеңінің мазмұнын 3-4 сөйлеммен қысқартыңыз, онда судың табиғаттағы орны мен маңызы туралы айтылсын.

**Тапсырма:** Өлеңнен 5 кілт сөзді (немесе сөз тіркесін) тауып, олардың мағынасын түсіндіріңіз.

**Тапсырма:** «Су – өмір көзі» деген тақырыпта көршіңмен 4-5 сөйлемнен тұратын диалог құр.

**Тапсырма:** Топта судың табиғаттағы рөлі туралы пікір алмасу жүргізіңіз. Әр оқушы өз көзқарасын білдірсін.

### 3-мәтінге негізделген тапсырмалар:

**Сұрақ:**

1. Қазақ отбасындағы ата-ана рөлдері қалай бөлінеді?
2. Қазақ отбасында үлкендерге құрмет көрсетудің қандай мәні бар?
3. Қазақ отбасындағы үлкендерге құрмет көрсетуді басқа мәдениеттермен салыстырыңыз. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?
4. Отбасылық қарым-қатынастың, сыйластықтың және бірліктің маңызы неде?

**Тапсырма:** Мәтінді 3-4 сөйлеммен қысқаша мазмұндаңыз.

**Тапсырма:** Сіз қазақ отбасындағы дәстүрлі тәрбие мен құндылықтар туралы не ойлайсыз? Өз пікіріңізді жазыңыз.

---

---

---

---

---

**Тапсырма:** Мәтіндегі «құрмет», «ақылышы», «камқоршы» сөздеріне синонимдер табыңыз.

**Тапсырма:** Қазақ отбасындағы дәстүрлі тәрбиенің қазіргі қоғамдағы маңыздылығы туралы шағын эссе жазыңыз. (Сөз саны: 50-60 сөз)

**Тапсырма:** Сыныптастарыңызбен бірге «Қазақ отбасындағы құндылықтар» тақырыбына презентация жасап, қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесіне қатысты ойларыңызды бөлісіңіздер.

#### **4-мәтінге негізделген тапсырмалар:**

##### **1. Мәтінді түсіну**

Компьютердің қандай функциялары атап көрсетілген?

Компьютердің білім беру саласындағы рөлі қандай?

Компьютердің бізге ұсынатын жаңа мүмкіндіктері қандай?

Сіз компьютердің өміріміздегі маңыздылығы туралы не ойлайсыз? Өз пікіріңізді жазыңыз.

**Тапсырма:** Мәтіндегі «ақпарат», «сақтау», «тарату» сөздеріне синонимдер табыңыз.

**Тапсырма:** Мәтіндегі «компьютерді шамадан тыс қолдану денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін» фразасына қатысты өз пікіріңізді жазыңыз.

**Тапсырма:** Компьютердің болашағы туралы шағын эссе жазыңыз.

**Тапсырма:** Сыныптастарыңызбен бірге «Компьютер және білім» тақырыбына презентация жасап, компьютерді оқу процесінде қалай тиімді пайдалануға болатынын талқылаңыз.

#### **5-мәтінге негізделген тапсырмалар**

##### **Мәтінді түсіну**

1. Қазақстандағы ұлттар достығының қандай негізгі аспектілері атап көрсетілген?

2. Ұлттар достығының еліміздің гүлденуіне қандай әсері бар?

3. Ұлттар достығының қоғамдағы орны мен маңызы неде?

**Тапсырма:** Мәтіндегі «ынтымақтасу», «тұрақтылық», «байлық» сөздеріне синонимдер табыңыз.

**Тапсырма:** Мәтінді 3-4 сөйлеммен қысқаша мазмұндаңыз.

**Тапсырма:** Сіз Қазақстандағы ұлттар достығының маңыздылығы туралы не ойлайсыз? Өз пікіріңізді жазыңыз.

**Тапсырма:** Мәтіндегі «әрбір азамат өз елінің бір бөлігі ретінде» фразасына қатысты өз пікіріңізді жазыңыз

**Тапсырма:** Қазақстандағы ұлттар достығы туралы шағын өлең немесе жазыңыз.

**Тапсырма:** Сыныптастарыңызбен бірге «Ұлттар достығы» тақырыбына презентация жасап, Қазақстанның мәдени әртүрлілігімен бөлісіңіздер.

### **6-мәтінге негізделген тапсырмалар:**

#### **Мәтінді түсіну**

1. Мектеп өмірінің қандай үш негізгі аспектісі аталған?
2. Мектеп өмірінің маңызды сәттері туралы мәтінде қандай ақпарат берілген?
3. Мектеп өмірінде білім, достық және тәжірибенің адам өміріндегі маңызы неде?

**Тапсырма:** Мәтіндегі «білім», «достық», «тәжірибе» сөздеріне синонимдер табыңыз.

**Тапсырма:** Мәтінді 3-4 сөйлеммен қысқаша мазмұндаңыз.

**Тапсырма:** Сұрақ: Сіз мектеп өміріндегі достықтың маңызы туралы не ойлайсыз? Өз пікіріңізді жазыңыз.

**Тапсырма:** Мәтіндегі «мектеп кезеңін барынша тиімді өткізу» фразасына қатысты өз пікіріңізді жазыңыз.

**Тапсырма:** Мектеп өмірі туралы кішкентай өлең немесе мәтін құрап жазыңыз.

**Тапсырма:** Сыныптастарыңызбен бірге «Мектеп өмірі» тақырыбына фотоколлаж жасап, сыныптастарыңызбен бөлісіңіздер.

### **7-мәтінге негізделген тапсырмалар:**

**Тапсырма:** Мәтіннің мазмұнына сәйкес келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Кітаптың адам өміріндегі маңызы неде?
2. Кітапты сыйға тартудың мәні қандай?

**Тапсырма:** Мәтінді 5-6 сөйлеммен қысқартыңыз, онда кітаптың құндылығы мен сый ретінде берілуі туралы айтылсын.

**Тапсырма:** Мәтіндегі 5 кілт сөзді (немесе сөз тіркесін) тауып, оларды жазыңыз.

**Тапсырма:** Кітаптың адамның білімін, рухани байлығын қалай арттыратынын өз ойыңызбен жазыңыз.

**Тапсырма:** «Кітап – білім мен даналықтың символы» тақырыбына 100 сөзден тұратын эссе жазыңыз.

**Тапсырма:** Мәтіндегі «құнды», «байлық», «сый» сөздеріне синонимдер мен антонимдер жазыңыз.

**Тапсырма:** Кітапты сыйға тарту туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сіз кітапты қалай сыйлауды қалайсыз?

**Тапсырма:** Кітаптың құндылығын көрсететін 2-3 сөйлемнен тұратын жарнама жазыңыз.

*Тапсырма: Кітап оқу мен сыйлаудың маңызы туралы топта пікір алмасу жүргізіңіз. Талқылауда әркімнің көзқарасын естіңіз.*

### **8-мәтінге негізделген тапсырмалар:**

*Тапсырма: Сұрақтарға жауап бер.*

1. Мәтіннен батырлардың есімдерін табыңыз.
2. Батырлық пен ерліктің маңыздылығын талқылаңыз.
3. Батырлардың ел үшін жасаған ерліктерін қалай есте сақтауға болатынын ұсыныңыз.
4. Егер осы оқиға бүгінгі заманда болғанда, қандай өзгерістер болуы мүмкін деп ойлайсыз?

*Тапсырма: Мәтіннің негізгі ойын қысқаша айтып беріңіз.*

*Тапсырма: Тақырып таңдаңыз. Мәтінге сәйкес келетін жаңа тақырып ойлап табыңыз.*

*Тапсырма: Мәтінге қатысты 5 сұрақ құрастырыңыз және оларға жауап беріңіз.*

*Тапсырма: Мәтіндегі түсініксіз сөздерді тауып, олардың мағынасын анықтаңыз.*

*Тапсырма: Мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, қысқаша жоспар құрыңыз.*

*Тапсырма: Өз көзқарасыңызды білдіру. Мәтіндегі кейіпкердің ерлігін қалай бағалайсыз? Өз пікіріңізді жазыңыз.*

*Тапсырма: «Ер есімі ел есінде» тақырыбында шағын эссе жазыңыз.*

### **9-мәтінге негізделген тапсырмалар:**

*Тапсырма: Мәтіннен төрт табиғи объектіні атаңыз.*

*Тапсырма: Дала табиғатын сипаттайтын үш сын есімді табыңыз.*

*Тапсырма: «Ауа-райы» сөз тіркесіне синоним табыңыз.*

*Тапсырма: Мәтіннің негізгі тақырыбын анықтаңыз.*

*Тапсырма: Қазақ халқына Ұлы даланың қандай мәнге ие екенін жазыңыз.*

*Тапсырма: Мәтіннен табыс септігінде тұрған сөздерді табыңыз.*

*Тапсырма: Дала өсімдіктері туралы бір сөйлем құраңыз.*

*Тапсырма: Мәтінде кездескен антоним сөздерді анықтаңыз.*

### **10-мәтінге негізделген тапсырмалар:**

*Тапсырма: Жан-жануарлар мәтінін оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңыз. Бұл мәтінде қандай негізгі ақпарат берілген?*

*Тапсырма: Мәтінде кездесетін күрделі немесе жаңа сөздерді жазып, олардың мағынасын сөздіктен тауып, анықтамасын жазыңыз.*

*Тапсырма: Мәтіндегі жануарлар туралы ақпаратқа қосымша дерек қосып жазыңыз. Мысалы, олар қай жерде тіршілік етеді, қандай ортада өмір сүреді?*

**Тапсырма:** Мәтінге байланысты 5 сұрақ құрастырып, оларға жауап беріңіз.

**Тапсырма:** Мәтінде айтылған жануарларды салыстырыңыз. Олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын жазып шығыңыз.

**Тапсырма:** Мәтінге қысқаша қорытынды жазыңыз. Онда мәтіннің басты идеясы мен маңызды тұстарын қамтыңыз.

**Диалог құру:** Жан-жануарлар тақырыбында екі адам арасындағы диалог құрастырыңыз. Олардың бірі жануарларды қорғау туралы ой айтсын, ал екіншісі табиғатты қорғауға қосқан үлесі туралы пікір білдірсін.

**Тапсырма:** «Менің сүйікті жануарым» тақырыбына байланысты шағын әңгіме жазыңыз. Жануардың ерекшеліктері мен оған деген сезіміңізді сипаттаңыз.

**Тапсырма:** Мәтінде айтылған жануарларды тіршілік ету ортасына қарай топтастырыңыз (мысалы, орманда, шөлде, суда тіршілік ететіндер).

## 6-СЫНЫП

<b>Оқу мақсаты:</b>	6.3.3.1 Орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; 6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; 6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.
<b>Бағалау критерийі:</b>	<i>Білім алушы</i> Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды; жазба жұмысында орфографиялық норманы сақтап, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады; жазба жұмыстарында етістіктің шақтарын (нақ осы шақта) дұрыс қолданады.
<b>Ойлау дағдысының деңгейі:</b>	Білу және түсіну Қолдану

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Адам денсаулығының жақсы болуына оны көңіл күйі мен төңірегінде болып жатқан жағымды өзгерістердің маңызы ерекше. Қуаныш, сүйініш, таңдану, сүйіспеншілік сезімдері адамның денсаулығына жақсы әсер етеді. Оның дене құрылысының өсіп-жетілуін жақсартады, жұмыс істеу қабілетін арттырады. Ал болмашы нәрсеге күйіну, қайғы-қасіретке түсу немесе біреудің табысына қызғаныш білдіру, жек көру сезімдері адамның денсаулығын нашарлатады.

Әлемге әйгілі ғалым Әбу Әли ибн Сина ауруларды емдеп, сауықтыруда дәрілер мен хирургиялық әдістерден бұрын жылы сөздің қажеттігін айтқан. Біздің ата-бабамыз сөздің әсер ету күшін біліп, көптеген мақал-мәтелдер қалдырған: «Жақсы сөз жан семіртеді», «Жылы сөз жанға қуат береді», «Жақсы сөз жанды айықтырады, аурудың жазылуына жәрдемін тигізеді» т.б.



Адамның рухани күйі мен ішкі сезімі - денсаулықтың кепілі. Көңіл күйді жадыратып, жүрекке жылы тиетін жақсы сөздер деніңіздің сау болуына әсер етеді. Себебі жан мен тән егіз. Халқымыздың «Жаны саудың тәні сау» деген мақалы өмірден алынған.

(«Денсаулық – халық байлығы» кітабынан)

**2-тапсырма.** Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтаңыз.

Мәтінге қандай тақырып қоюға болады?	Мәтіннің негізгі ойы қандай?

<b>Дескриптор</b>	Білім алушы - мәтін мазмұнына қарай тақырып ұсынады; - мәтіннің негізгі ойын анықтайды.
-------------------	---

**3-тапсырма.** Орфографиялық нормаға сай «Жаны саудың тәні сау» тақырыбында 60 сөзден тұратын шағын мәтін құрастырып жазыңыз. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз. Сөйлемдер нақ осы шақта қолданыңыз.

<b>Дескриптор</b>	Білім алушы - тақырып бойынша сөз санын сақтап мәтін жазады; - орфографиялық нормаға сай жазады; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгісін дұрыс қолданады - сөйлемдерді етістіктің шақтарын (нақ осы шақта) дұрыс қолданады.
-------------------	---

<b>Оқу мақсаты</b>	6.3.4.1 - мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру
<b>Бағалау критерийі</b>	Білім алушы • Екі мәтіннің стилін, жанрын, тақырыбын, мазмұнын салыстырады
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану

**1-тапсырма.** Мәтіндерді оқыңыз, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

**Зергерлік өнер**

Тамырын тереңге жайған көрікті әрі көрнекті саланың бірі - зергерлік өнер. Зергерлік – өте ертеден келе жатырған өнер саласы. Әсіресе, оған қазақ халқы көп көңіл аударады. Қазақ халқының зергерлік өнері Қазақстанның Алтайдан Оралға және Сырдариядан Солтүстік орман далаларына дейінгі жерлерін мекендеген көшпелі халықтар мәдениетінің дәстүрі негізінде қалыптасты.

Археологиялық қазбалар жүргізген кезде осы аталған аймақтардан алтын, күміс, қоладан жасалған, қымбат тастармен әшекейленген ескерткіштер табылған.

Шеберлер әсіресе қыз-келіншектердің сәндік бұйымдарын асқан шеберлікпен, жоғары талғаммен жасаған. Оларға сақина, жүзік, шолпы, сырға, білезік, алқа, түйме, және тағы басқаларын жатқызуға болады.

Әртүрлі сәнді бұйымдар асыл тастардан жасалған қымбат заттар шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

### **Ағаш өңдеу өнері**

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ағаштан жасалған бұйымдар ежелден бері кеңінен қолданылып келеді. Киіз үйдің ағаш сүйегін жасайтын шеберді қазақ халқы үйші деп атап, он саусағынан өнер тамған шеберлерге әрдайым құрмет көрсетті.

Ағаш шебері үйге жарамды ағаштарды өзі таңдап алып, киіз бөліктерінің барлығын, атап айтқанда кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық есігіне дейін өз қолымен жасап шығарды. Сондай-ақ ағаш ұсталары домбыра, сыбызғы, қобыз, даңғыра сияқты тағы да басқа музыкалық аспаптар, атқа салатын ер және астық бастыру үшін қажетті еңбек құралдары – айыр, аша, тырмақ, күрек тәрізді еңбек құралдарын дайындады.

**2- тапсырма.** Екі мәтіннің стилін, жанрын, тақырыбын, мазмұнын салыстырыңыз.

Салыстыру аспектілері	1-мәтін	2-мәтін
Стилі		
Жанры		
Тақырыбы		
Мазмұны не туралы (3 сөйлем)		
<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіндердің стилін анықтайды;</li> <li>- мәтіндердің жанрын анықтайды;</li> <li>- мәтіндерге тақырып қояды;</li> <li>- мәтіндердің мазмұнын 3 сөйлеммен береді.</li> </ul>	
<b>Оқу мақсаты:</b>	<p>6.3.3.1 Орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;</p> <p>6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу.</p>	
<b>Бағалау критерийі:</b>	<p><i>Білім алушы</i></p> <p>Шығармаларды түсінеді, мәтін мазмұнына сай тақырып қояды, негізгі ойды анықтайды;</p> <p>тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысады, диалогте ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады.</p>	

<b>Ойлау дағдысының деңгейі:</b>	Білу және түсіну Қолдану

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз

Бір қария кісі қартайған шағында балаларын шақырып соңғы өсиетін айтады.

- Балаларым, менің бұл дүниеде көретін көп күнім қалмады. Бәлкім, қазір айтатын сөздерім менің соңғы өсиетім болатын шығар. Менің айтатын бір ғана өсиетім бар: ынтымақты болыңдар, - деп, әрқайсысына бір- бірден шыбық берді. Ал енді осыны сындырыңдар, - дейді. Бәрі лезде сындырып тастайды. Сосын бірнеше шыбықты қосады да: - ал енді сындырыңдаршы, -дейді. Ешбірі сындыра алмайды.

- Міне, араларында бірлік болса, әрқашанда мықтысыңдар. Егер бірліктерің жоғалса, ешқандай жауға қарсы тұра алмайсыңдар. Аталарымыз «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі түседі» деп тегін айтпаған. Әрдайым бір-біріңе қамқор болыңдар. Егер біреуіңде сіріңке, біреуіңде май, біреуіңде шам, біреуіңде мақта білте болса және әрбірің әр жақта болсаңдар, ешқашан жарықтан пайдалана алмайсыңдар. Егер біріксеңдер, онда шамның жарығынан бәрің де пайдаланасыңдар. Сондықтан әрдайым тату-тәтті өмір сүріңдер. Осы өсиетімді ешқашан ұмытпаңдар.

**2-тапсырма.** Берілген ақпараттардың ішінен мәтін мазмұнына сай келетін 2 шын тұжырымды анықтаңыз.

Ақпараттар	Шын	Жалған
Қария кісі қартайған кезде балаларын шақырып алғашқы өсиетін айтады.		
Бірлік бар жерде сендер мықтысыңдар		
Ағайындар ауызбіршілікте өмір сүру керек		

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> - Мәтіннің мазмұның түсінеді; - Мәтін мазмұнына сай келетін 2 шын тұжырымды анықтайды.
-------------------	---

**3-тапсырма.** Мәтінге ат қойып, идеясын анықтаңыз.

Мәтіннің тақырыбы (сөз тіркесі)	Мәтіннің идеясы (1 сөйлеммен)

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i>
-------------------	--------------------

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін тақырыбын анықтайды;</li> <li>- негізгі ойды анықтайды.</li> </ul>
--	---

**4-тапсырма.** Жұбыңызбен «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі түседі» тақырыбы бойынша диалогқа қатысыңыздар. Диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданыңыз.

Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формалары: сіз қалай ойлайсыз, сіздің пікіріңізше, мен сіздің пікіріңізбен толықтай келісемін, кешіріңіз, бірақ мен басқаша ойлаймын, сіздің осы туралы ойыңызды білсем деп едім, өте құнды пікір айттыңыз.

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша монолог( диалог) құрайды;</li> <li>- сөйлеу этикеті формаларын қолданады;</li> <li>- өз ойын, көзқарасын айқын жеткізе алады</li> </ul>
-------------------	---

### **Оқу мақсаты:**

6.3.1.1 Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру;

6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу;

6.5.1.5 етістіктің шақтарының (ауыспалы осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу, түсіну, қолдану

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз

### **Ұрпақ – өмір жалғасы**

Ең бір саналы тіршілік санатындағы адамның ұрпақ жаюы – сұлулық пен арпалысқа, қым-қуыт күреске, жақсылық пен жамандыққа толы сыр. Әрбір ұлт пен ұлыстың, халық пен елдің әр қилы кезеңдерде ұрпақ қалдырудағы талғамдарында ала-құлалық болғанымен, бәріне ортақ бір түпқазық ертеңіне деген асқан жауапкершілікке тоғысады. Өйткені, перзент – жеке адамның ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі, келер тарихқа барар аманат. Бұл – табиғат-ана қалыптастырған әсем де қасиетті құбылыс. Ұрпақ– саналы өмірдің ең басты кепілдігі.

Атам қазақтың ұрпаққа деген көзқарасы да жан шырылына толы. Олай болары ғасырлар бойы табиғатпен тайталас өрбіген, не қилы заманалар ауыздықпен су ішкен дала тіршілігі ұрпаққа деген қатаң жауапкершілікті қалыптастырады. Толассыз арпалыс үстіндегі тіршілік бауырмалдықты, әрбір ру мен аталықтың, әр шаңырақтың шайқалмай нық тұруын талап етті. Олар шаңырақтың басты мүддесі – ұл тілеген. Ұл – берісі өз үйінің отын өшірмесе,

әрісі елге қамқор, жалпақ жұртқа пана. Қазаққа ер бала-ұрпақ, демек, өз өмірінің жалғасы, қала берді, қарт ата-ананың сүйеніші.

Дүниеге қыздың келуі – отбасына енген жаңа нәзіктік пен әсемдік деген сөз. Ағалары, тіпті, ата-анасының өздеріне дейін жаратылысында сезімтал қыз балаға ұнамай қалудан сескенеді, бойларын бұрынғыдан да түзей түсіп, жүріс-тұрыс, іс-қылықтарының бәріне де жаңалық енгізеді, қызға қамқор болады.

**2-тапсырма.** Мәтіннен 2 негізгі, 2 жанама ақпаратты анықтаңыз.

Негізгі ақпарат	Жанама ақпарат
1.	1.
2.	2.

Дескриптор	Білім алушы - негізгі ақпараттарды анықтайды; - жанама ақпараттарды анықтайды.
------------	--

**3-тапсырма.** «Ұрпақ– саналы өмірдің ең басты кепілдігі» берілген тұжырыммен келісу не келіспеу пікіріңізді шынайы өмірмен байланыстырып, өз ойын дәлелдеп эссе жазыңыз ( 60-70 сөз)

**Қажетті клишелер:** біріншіден, (екіншіден), оған қоса, бір айта кетерлігі, нәтижесінде, қорытындылай келе, атап айтсақ, бір жағынан, басқа жағынан қарастырсақ, сонымен қатар, сондай-ақ, сондықтан, алайда, дегенмен, дәлелдейтін болсақ.

Дескриптор	Білім алушы - эссенің құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтап жазады; - көтерілген мәселеге қатысты қарама-қайшылықты анықтайды; - келісу-келіспеу себептерін дәлелдеп жазады.
------------	--

**Оқу мақсаты:**

6.3.1.1 - мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру

**Бағалау критерийі**

*Білім алушы*

- Мәтін мазмұнындағы негізгі және қосымша
- ақпараттарды анықтайды
- Өмірмен байланыстырады

**Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану**

**1-тапсырма**

Мәтінді түсініп оқып, 3 негізгі және 2 қосымша ақпаратты анықтаңыз.

**Қазақ отбасындағы дәстүрлік тәрбие**

Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Ал моральдік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз – адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі – имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға үлкендерге қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жанына сыпайылық, кішіпейілділік қағидаларын үнемі сіңірумен болған. Жастарды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Негізгі ақпараттар	1.	Қосымша ақпараттар	1.
	2.		2.
	3.		

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> - мәтін мазмұнынан 3 маңызды ақпаратты анықтайды; - мәтіннен 2 қосымша ақпаратты анықтайды.
-------------------	--

**Оқу мақсаты:** 6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

Мәселені өмірмен байланыстыруда үйренген сөздерін қолданады

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** қолдану

### ***1-тапсырма***

*Мәтінді мұқият оқыңыз. Мәтінде кездесетін мәселелер жазылған бұлтшаларды бояңыз.*

Сұлу Көкшетаудағы биік тау туралы мынадай аңыз бар.

Ертеде Бурабай, Көкше жерін мекендеген елде бір бала дүниеге келіпті. Ол зор денелі, батыр болып өседі. Ірі болғаны сонша, өзін көтеруге мал шыдамаған соң пілге мініп жүріпті. Осы кезде қазақ жеріне қызыққан жау көп еді. Бала келген жаумен шайқасып, еліне жолатпапты.

Бір күні сол бала шайқастан кейін сәл тынығып алмақшы болады. Көлдің суына шомылады да, қалың қарағайдың арасына келіп жатады. Орман ішінде

жасырынып жүрген жау осы сәтті дереу пайдаланады. Ұйқыдағы батырды қолға түсірмек болады. Байқаусызда қарусыз қалған батыр жаулармен айқаса кетеді. Батырдың күші азайып, әл-дәрмені таусылады. Сонда батыр жаулардан қорлық көргенше өлгенін артық санап, Құдайдан өзін тасқа айналдыруын тілейді. Пілін де жау қолына тастамас үшін төбесіне көтеріп алады. Сол батыр осы Оқжетпес болса керек.



Анықталған 1 мәселенің шешілу жолын мәтіннен тауып жазыңыз.

Мәселе	Шешілуі

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтінге сай 2 мәселені анықтайды;</li> <li>- 1 мәселенің шешімін білдіретін сөйлемді мәтіннен тауып жазады.</li> </ul>
-------------------	--

<b>Оқу мақсаты</b>	6.4.4.1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тақырыпқа сай мәліметтерді жинақтайды, сызба-кестелер әзірлейді</li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі:</b>	Қолдану

**Тапсырма**  
*Мәтінді түсініп оқыңыз. Мәтіндегі ақпараттарды кесте немесе сызбаға түсіріңіз. Сызба/кестеңіз бойынша жұбыңызға мәтінді ауызша аңгімелеңіз.*

Статистика бойынша, үйде шамдар мен шырақ шамдар электр энергиясының 20 пайызын тұтынады, сондықтан қыздыру шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыру отбасы бюджетін үнемдейді. Бұл энергия үнемдейтін шамдар үйреншікті қыздыру шамдарынан 5-7 есе қымбат тұратынына қарамастан, шамдарды ауыстырғандағы үнемді бағалайды. Ол үшін, мәселен, қыздыру шамы күніне 3 сағаттан 100 Вт қуаттылықпен немесе айына 90 сағат жұмыс жасайды деп алайық. Бұл жағдайда қыздыру шамы ай сайын 9 кВт

(0,1кВт\*90=9кВт\*) электр энергиясын тұтынады. Егер қыздыру шамының орнына 20 ваттық энергия үнемдейтін шамды қолданса, электр энергиясының тұтыну айына 1,8 кВт (0,2кВт\*90=1,8кВт\*) құрайды. Сонымен бір қыздыру шамын энергия үнемдейтін шамға ауыстырудан болған үнем айына 7,2 кВт құрайды. Егер бір ай көлемінде бір шамды ауыстырумен болған үнем азғантай сияқты болғанмен, ал 10 шамды ауыстыру кезіндегі бір жылғы үнем 864 кВт\* құрайды.

Энергия үнемдейтін шамдардың электр энергиясын үнемді тұтынудан басқа да ұзақ мерзім қызмет ету және жоғары жарық беру ерекшеліктері бар. Яғни, энергия үнемдейтін шамдарды Сіз 5-10 жыл, ал қыздыру шамдарын 1 жыл ғана қолдана аласыз.

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кесте немесе сызба түрінің бірін таңдайды;</li> <li>- мәтіндегі ақпараттарды кесте/сызбаға түсіреді;</li> <li>- кесте/сызбасын қолдана отырып, жұбына мәтінді ауызша әңгімелейді.</li> </ul>

**Оқу мақсаты:** 6.3.1.1 Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру

**Бағалау критерийі:** *Білім алушы*

Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, өмірмен байланыстырады

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану

### ***Тапсырма***

*Мәтінді түсініп оқып, мамандықтар мен олардың қызметін сәйкестендіріңіз.*

«Fast Future» британдық агенттіктің футурологтері 2030 жылы сұранысқа ие болып, кең жайылатын мамандықтардың тізімін болжады. Сонымен біраз жылдан кейін заманауи инженерлер мен сату бойынша менеджерлердің орнына мынандай маман иелері қажет болады.

Наномедицина қызметкері – адам денесінің мүшелерін қайта жасайтын маман. Ғылым жетістіктері этикасының маманы. Бұл кісі адамдарды клондау, өлілерді тірілту сынды адам өмірі мен өлімінің этикасына қатысты мәселелерді шешу керек. Ғалымдардың ойлауынша, ол уақытқа дейін өмір мен өлім адам қолында болады екен.

Ғарыш туризм мамандары: ұшқыштар, бординженерлер мен гидтер. Дамыған технология ғарышқа саяхаттауға мүмкіндік беріп, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Жер болашақта үлкен құндылыққа айналып, жерді үнемдеу өмірдің кез келген саласында байқалады. Өндіріс пен шаруашылық көп жерді алмас үшін, «тігінен тұратын фермалар мен өндіріс орындары» көбейеді. Осы салада жұмыс істей алатын мамандардың қажеттілігі де артады.

Климат өзгерісі бойынша маман болашақта ең жиі кездесетін мамандықтардың қатарында болады.

Қарт кісілердің денсаулығын күтуші маман тек үлкен кісілерге



медициналық көмеккөрсететін болады.

Адамның табиғи есін жақсартып, «жадысын» көбейтетін арнайы хирург пайда болады.

Мамандық	Сәйкестендіру бағаны	Қызметі
1. Наномедицина қызметкері		А. Тек кәрі адамдарға ғана дәрігерлік көмек көрсетеді.
2. Ғарыш туризм мамандары		В. Аспан әлеміне саяхат жасауды ұйымдастырады.
3. Қарт кісілерді күтуші		С. Адамның ақыл-есін қалпына келтіретін маман.
4. Хирург		Д. Адам ағзасын жасайды.

1. Мәтіннен 1 негізгі, 1 қосымша ақпаратты анықтаңыз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

<b>Дескриптор</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін мазмұны бойынша мамандық пен олардың қызметін</li> <li>- сәйкестендіреді;</li> <li>- мәтіннен 1 негізгі ақпаратты анықтайды;</li> <li>- мәтіннен 1 қосымша ақпаратты анықтайды.</li> </ul>
-------------------	--

<b>Оқу мақсаты:</b>	6.4.4.1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау
<b>Бағалау критерийі:</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіндегі мәліметтерді постер, сызба-кесте түрінде ұсынады</li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі:</b>	Қолдану

### Тапсырма

Мәтінді түсініп оқыңыз. Ұлы Жібек жолының пайда болуы туралы мәліметті жинақтап, сызба-кесте жасаңыз.

#### Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы

Жолдың аты жібек саудасына байланысты шыққан. Жібек мата дайындау үшін табиғи жібек талшықтары керек. Табиғи жібек талшықтары тұт жібек көбелегінен алынады. Ересек көбелек жапырақ бетіне жұмыртқалайды. Ол жұмыртқаларды жұлдыз құрт немесе жібек құрты деп атайды. Жұлдыз құрт тек тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін болғандықтан, оны тұт жібек құрты немесе тұт көбелек деп атаған. Жібек халықаралық саудаға шығарылғанымен, оны өндіру жолын Қытай үкіметі өте құпия сақтаған. Соған қарамастан, құпия өндіру тәсілін Қытайдан жасырын түрде алып шыққандар болған. Олар жібек құртын қуыс қурайдың ішіне тығып, әйел адамдардың шашының арасына жасырған. Жібек жолы Қытай жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аудандардан басталады. Ол Ұлы Қытай қорғанының батыс шетінен, Іле өзенімен Ыстықкөлге жетеді. Жол осы арада батысқа және солтүстік-батысқа қарай шығу үшін оңтүстік, солтүстік бағыттар болып тармақталады.

## 7-СЫНЫП

### Тапсырма.

*Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша тірек сөздерді тап. Сөйлеушінің дауыс ырғағы мен мәнері арқылы негізгі ойды анықта. Сөздермен сөйлем құра.*

7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау;

Тірек сөздер: өмір, жалқау, еңбек, жұмыс, ақша.

Негізгі ой: Еңбекпен тапқан тиын.

Сөйлем: Еңбек ет, жалқау болма.

Дескриптор	Білім алушы - мәтінді тыңдайды; - сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы тірек сөздерді табады; - негізгі ойды анықтайды; - сөйлем құрады.
------------	---

Уақыт бәрін өзгертеді: махаббатты, сезімді, ойды, арманды, бақытты, заманды, көңіл-күйді, дертті, адамды. Бүгінгі уақытпен өмір сүр, ертеңгі күнге үмітпен қара. Ең қиын жоғалту – уақытты жоғалту. Ақша – қымбат, өмір – қымбаттырақ, ал уақыт – одан да қымбат. Сезім мен күшке қарағанда, уақыт пен сабырлық көп нәрсе береді.

Жыл деген ат басын бұрғанша

Ай деген аунап тұрғанша.

Заман айнасы – замандас.

Пенде баласы уақытқа тәуелді. Өйткені оған шектеулі ғұмыр берілген. Адамның өмірі – туылған сәті мен өлім аралығындағы мерзім. Сол себепті, уақыттың құны ерекше. Ешнәрсені пайымдамайтын парықсыз пенде ғана өзіне берілген шектеулі уақыттың бағасын ескермейді. Өтіп жатқан әрбір сәт өміріміздің қайтып келмес бөліктері. Адам қымбат, бағалы бұйымдарын, алтын

немесе ақшасын жоғалтса, оны тауып, орнын толтыра алады. Ал өткен уақыт қайта айналып келмейді.

<https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/uaqyt-pen-omirdin-tez-otui-711/>

**Тапсырма.**

*Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтыр.*

7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу;

Не?	Қандай?	Не істейді? Қайтеді?
уақыт	қымбат шектеулі	өзгертеді айналып келмейді

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- берілген ақпаратты түсінеді, қолдана біледі;
- сұрақтарға жауап бере отырып, кестені толтырады.

**Үйретеді кім оған ана тілін?**

Қызғалдақтай атылған қара түрін,  
Ата-ананың дегендей қанатымын.  
Сен екеуің сөйлейсің басқа тілде,  
Үйретеді кім оған ана тілін?

Сол емес пе күні-түні қарайтының?  
Бақытына өміріңнің балайтының.  
Інім, өзің сөйлейсің, басқа тілде,  
Үйретеді кім оған Абай тілін?

Ол да өзіңдей дегбірсіз күтті әр күнін,  
Ер жеткен соң өмірдің құптар құнын.  
Басқа тілде сөйлейсің інім өзің,  
Үйретеді кім оған Мұхтар тілін?

Үйретеді кім оған қазақ тілін?  
Еркін құстай елім де азат бүгін.  
Жаманбыз ба сонша біз, ойлашы өзің,  
Шылауында кетердей боз аттының.

Саған айтам қазақтың қара көзі,  
Басталды ғой заманның жаңа кезі.  
Үйрет оған өз тілін, ана тілін,  
Басқа тілді үйреніп алады өзі.  
Тұманбай Молдағалиев  
<https://stan.kz/til-turali-7-olen-335980/>

**Тапсырма.**

Тұманбай Молдағалиевтің «Үйретеді кім оған ана тілін?» атты шығармасын тыңда. Тақырыбы мен идеясын анықтап, кластер құр.

7.1.4.1 лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;



**Дескриптор:**

- лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды;
- тақырыбы мен идеясын талдайды;
- кластер құрады.

**Мұрагер (ертегі)**

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып:

– Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады. Әр қайсың маған байлықтарың мен ақылдылықтарыңды көрсетулерің керек,— дейді.

Үлкен ұлы асыл тас салған жүзігінің көзін көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды,— дейді.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді,— дейді.

Үшінші ұлы күміспен және алтынмен апталған белдігін буынады да:

– Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген емес,— дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап, басын шайқайды да, ең кіші ұлына бұрылып:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың?— дейді.

Сонда кенжесі:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын-күміспен апталған белдік те жоқ. Тек жұмысқа жарамды екі қолым бар, қайрат-жігерге толы жүрегім бар,— дейді.

Шалға кенже баласының тапқыр да ойлы сөзі ұнайды.

– Жұмыс істей білген адам жұтамайды,–деп, өзінің кенже ұлын үй шаруасын басқаруға мұрагерлікке атайды.

Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпай, талабын орындауды өсиет етеді.


<https://bilim-all.kz/article/7>

<https://www.youtube.com/watch?v=trkMolrwjSs>

### **Тапсырма.**

*Мәтінді тыңда. Ақпараттың өзектілігін анықта, құндылықтарды көрсет. Материалды және адами құндылықтарды ажыратып көрсет.*

7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау;



### **Дескриптор:**

- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді;
- ақпараттың өзектілігін анықтайды;
- құндылықтарды ажыратып көрсетеді.

Су патшасы Сүлеймен,  
Су қасиетін кім білген?  
Су - өмірдің тірегі,  
Ой қабілеті кең екен.

Бу болып ұшып бұлтқа,  
Жердің бетін көгерткен.  
Тау-тастан шығып, бұрқырап,  
Бұлақ болып, нәр берген.

Тіршілік сумен бар екен -  
Қызметі судың нұр екен.  
Шөл қандырған ғажайып,  
Қасиеті бойда тұр екен.

Су болса, мақта ақ болар,  
Тартылған теңіз қақ болар.

Сірә да көл мен теңізде,  
Су патшалығы нақ болар.

Суды ішсең, мақтап іш,  
Тал бойыңа ем болар.  
Суды әрдайым сақтап іш,  
Төрткүл дүниен тең болар!

<https://bilim-all.kz/olen/5707-SU>

### **Тапсырма.**

*Мәтінді оқы. Тақырып бойынша сұрақтар қой. Диалог құр. Өз ойыңды дәлелдеп жаз.*

7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

#### **Үлгі:**

- Су патшасы кім?
- Су патшасы Сүлеймен.
- Суды қалай ішу керек?
- Суды мақтап ішу керек.
- Неге?
- Сонда бойыңа жақсы сіңеді, ем болады.

#### **Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- тақырып бойынша сұрақтар қояды;
- диалог құрады;
- өз ойын дәлелдеп жазады.

Мектеп жылдары – адам өмірінің маңызды кезеңі. Бұл бүкіл ағзаның қарқынды өсуі мен дамуы, жоғары жүйке қызметі мен мінез-құлық белгілерінің қалыптасу кезеңі.

Дұрыс күн тәртібі -бұл әркімнің өмірінің негізі, денсаулықты сақтаудың басты шарты, ол дененің жұмыс істеуінің биологиялық ырғағына негізделген, атқаратын рөлі жоғары. Ұйқы, тамақтану, жұмыс істеу, демалуды дұрыс ұйымдастыру және қолайлы үйлестірудің нәтижесінде тәулік бойы тиімді өмір өнімділігі қамтамасыз етіледі. Оқушының денсаулығы мен дұрыс дамуын нығайту үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Оқушының күн тәртібінің негізгі элементтері:

- мектепте және үйде оқу сабақтары;
- таза ауада барынша көп бола отыра белсенді демалу;
- тұрақты және жеткілікті тамақтану;
- физиологиялық толық ұйқы;
- жеке таңдауы бойынша еркін жұмыс істеу.

Оқушының күн тәртібін құрастыру бойынша қандай ұсыныстар айта аласыз?


<https://www.gov.kz/memleket/entities/departament-kkbtu-pavlodar/press/news/details/376459?lang=kk>

### **Тапсырма.**

*Мәтін мазмұнында көрсетілген күн тәртібі элементтерін қолданып, оқушыларға кеңес бер. Ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын ұстан. Баспалдақты сызба арқылы жаз.*

7.2.2.1 кеңес берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу;

**Үлгі:**



### **Дескриптор:**

- мәтін мазмұнында көрсетілген күн тәртібі элементтерін қолданады;
- ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана отырып кеңес береді;
- баспалдақты сызба арқылы жазады.

Уақыт – біздің өміріміз. Уақыт өмірімізден бөлек емес, уақыт пен өмір арасындағы байланыс күн мен оның сәулесі, ағаш пен жемісі, көз бен көру арасындағы байланыс секілді өте тығыз. Басқа жаратылыстарды айтпағанда, адамзаттың уақыт пен мекенге мұқтаж екеніне ешқандай талас жоқ. Уақытты босқа өткізу – мезгілі өлшеулі, құны өлшеусіз өз өмірімізді рәсуа қылу.

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?

Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.

Менің жаным ашиды бұл өмірді,

Өтпейтіндей көретін адамдарға!-дейді Мұқағали Мақатаев.

Расында кейбір адамдар уақытты өміріміздің ұрысы деп есептесе, бірі уақытты ұлы ұстаз дейді. Біздің қолымыздан бәрі келеді. Біз біраз нәрсені жасап өзгерте аламыз. Тек уақытты емес. Біз уақытқа ешқашан әсер ете алмаймыз.

[https://massaget.kz/uy\\_tapsyrmasyi/uakyit-jane-men-esse-42728/](https://massaget.kz/uy_tapsyrmasyi/uakyit-jane-men-esse-42728/)

### **Тапсырма.**

*Мәтінді оқы. Мәтіннен етістіктерді тап, етістік шақтарының қызметін көрсет.*

7.5.1.5 етістік шақтарының қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану;

### **Үлгі:**

<b>Өткен шақ</b>	<b>Осы шақ</b>	<b>Келер шақ</b>
өзгерткен	өзгертіп жатыр	өзгертеді

### **Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- мәтіннен етістіктерді табады;
- етістік шақтарының қызметін көрсетеді;
- жазба жұмыстарда қолданады.
- 

### **Абай мұражайы**

Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы–ақынның туғанына 95 жыл толуы қарсаңында 1940 жылғы 1-сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылды. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай Абай мұражайы мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық «Жидебай-Бөрілі» қорық-мұражайы болып қайта құрылды.

Мұражай экспозициясы келесі залдардан тұрады: «Абай және оның дәуірі», «Абай шығармашылығы», «Абай шығармашылығының қайнар бұлақтары», «Абай аудармалары мен музыкалық мұрасы», «Шығыс поэмалары», «Ескендір поэмасы», «Күмбезді зал», «Жыл мезгілдері», «Жаз өлеңіне арналған панорамалық заң», «Тақырыптық көрмелер залы», «Ақындық айналасы», «Абай халық жүрегінде», «Сыйлықтар залы».

Абай қорық-мұражайы қорында 20 мыңнан астам жәдігері, 12 950 кітабы бар ғылыми кітапхана және көшірме жасайтын ғылыми-техникалық бөлім бар.

<https://abaialemi.kz/post/view?id=488>

### **Тапсырма.**

*Мәтінді оқы. Тақырыпқа сай сөйлем құра. Сөйлем ішінде ой екпінін қолдан.*

7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту;

### **Үлгі:**

Бүгін әпкем **Абай мұражайына** кетті. Әпкем Абай мұражайына **бүгін** кетті. Бүгін Абай мұражайына **әпкем** кетті.

### **Дескриптор:**



- мәтінді оқиды;
- тақырыпқа сай сөйлем құрады;
- екпін түрлерін сөйлем ішінде орынды қолданады.
- 

### **Бауырсақ**

Бауырсақ – шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға бауырсақ салады. Бауырсақты жоғары немесе бірінші сортты бидай ұнынан пісіреді. Оны қамырды ашытып та ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған қамырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді. Қамырды жазып, төрт бұрыштап немесе жіңішкелеу кеседі. Кесіп дайындаған бауырсақтың бетін кеуіп кетпеу үшін жауып қойған жөн. Қазанға май салып әбден қыздырып алған соң, бауырсақ майдың мөлшеріне қарай салынады. Бауырсақты үздіксіз араластырып тұрса, бір келкі болып піседі. От қатты жанса, бауырсақтың іші шикі болады немесе тым қызарып кетеді. Қызыл-күрең болып піскен бауырсақ сәнді де, дәмді де болады.

<https://www.wp1.kk-kz.nina.az/>

### **Тапсырма.**

*Мәтінді оқы. Мәтіндегі тірек сөздерді қолдана отырып тақырыпқа сай «5 жолды өлең» (синквейн) құрастыр.*

7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.

#### **Үлгі:**

1. Зат есім (Кім? Не?): бауырсақ
2. Сын есім (Қандай?): сәнді, дәмді
3. Етістік (Не істеді? Қайтті?): ашытады, илейді, пісіреді
4. Сөйлем: Шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға бауырсақ салады.
5. Синоним: қамыр

#### **Дескриптор:**

- Мәтінді оқиды;
- Тірек сөздерді қолданады;
- Негізгі ойды анықтайды;
- «5 жолды өлең» (синквейн) құрастырады.
- 

### **Досымның күн тәртібі**

Менің досым – Әсет. Ол сегізінші сыныпта оқиды. Ол - өте ұйымшыл бала. Оның жұмыс күні сағат жетіден басталып, кешкі онға дейін созылады. Таңертеңнен түске дейін сабақтар өтеді. Сонда сабақтарға белсенді қатысып жақсы баға алуға тырысады.

Ең жақсы көретін уақыты – сабақтан кейінгі уақыт. Әсет сурет салуды жақсы көреді, сондықтан «Суретшілер» тобының мүшесі. Біз мейрам күндері, сыныптастарымыздың туған күні қарсаңында қабырға газетін шығарамыз. Біздің

суретіміз құрбы-құрдастарымыздың көңілінен шығады. Осы уақыт аралығында ол тоқтамай жұмыс жасай береді. Ол сыныптастарына әрдайым көмектесіп жүреді.

Мен өз досымды мақтан етемін.

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=115276>

### **Тапсырма.**

*Мәтінді оқы. Тақырыпқа сай сөйлем құра, сөйлемде етістіктің қалай рай формасын қолдан.*

7.5.1.5 етістіктің қалау рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.

**Мысалы:** Сабақтарға белсенді қатысып, жақсы баға алғысы келді. Әсет сурет салуды жақсы көреді, сондықтан «Суретшілер» тобының мүшесі болғысы келіпті. Біз мейрам күндері, сыныптастарымыздың туған күні қарсаңында қабырға газетін шығарғымыз келді.

### **Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- тақырыпқа сай сөйлем құрады;
- етістіктің қалау рай қызметін біледі;
- ауызша және жазба жұмыстарда қолданады.

## **8-СЫНЫП**

**Бөлім тақырыбы:** Сауда жасай білесің бе? Абай Құнанбайұлы «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»

**Бөлімше тақырыбы:** Сатып алушының бейнесі

**Оқу мақсаты:** 8.3.3.1 - прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру

**Сабақтың мақсаты**

➤ прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға береді;



**Мәтін алды жұмыс**

«*Wordwall*» платформасы арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**Сөздікпен жұмыс**

Мейрамхана, палау, жүгіну

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.**

Қожанасыр бір мейрамхананың алдына тауарларын жайып қойып, сауда жасап жатқанында мейрамхананың иесі Қожанасырға:

- Қожеке, әр күні мейрамхананың алдында тамақтардың иісін пайдаланасыз, мұны ақшасын төлеуіңіз керек! - дейді.

- Тамақтың иісіне де ақша төлене ме?

- Иә, менің тек қана палау мен мантиларыма ғана емес, олардың иістеріне де ақшатөлейсіз, әйтпесе қазыға барып сөйлесеміз.

Екеуі бірге қазыға барады. Қазы:

- Ал Қожеке, бұған не айтасыз? - дейді.

- Дұрыс, - депті Қожа. Тамақтардың иісінен аузымның суы құритыны рас, бірақ әр күні санаған ақшамның дауысын естіген бұл кісінің ойына ақша келетіні де рас. Ендеше тамақтың иісіне ақшаның дауысымен төлеп, бұл есепті жабайық...

**2-тапсырма. Оқиға композициясын сәйкестендіріңіз.**

Басталуы	Қазыға жүгіну
Дамуы	Мейрамхана иесінің талабы
Шиеленісуі	Жабылған есеп
Шарықтау шегі	Қожаның мейрамхана алдындағы саудасы
Шешімі	Қожаның қазыға айтқан жауабы

**3-тапсырма**

Әңгімедегі екі кейіпкерге мінездеме беріп, шығармадан дәлел келтіріңіз.

Кейіпкер	Қожанасыр	Мейрамхана иесі
Мінездеме		
Дәлел		

**Дескриптор**

- әңгіменің композициясын оқиғамен сәйкестендіреді;
- кейіпкерлерге мінездеме береді;
- мінездемеге әңгіме негізінде дәлел келтіреді.

**Бөлім тақырыбы: «Білім. Ғылым. Инновация»**

**Бөлімше тақырыбы: Баламалы қуат көздері**

**Оқу мақсаты:** 8.1.2.1 - тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, детальді ақпараттарды анықтайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«*Wordwall*» платформасы арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**Сөздікпен жұмыс**

Сарқылмайтын, баламалы, күн сәулесі

**1- тапсырма.** Мәтінді тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Қазіргі мемлекеттерде энергия тапшылығы байқалуда. Көмір, мұнай, табиғи газ сияқты энергия көздерінің сарқылуы немесе қорының азаюы,

қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсері күн санап артуда.


Бүкіл әлем энергия тапшылығынан құтылу үшін альтернативті энергия көздеріне қол жеткізе бастады. Бүгінгі таңда әлемнің ғалымдары энергияның жаңа көзін жыл өткен сайын іздестіруде. Сарқылмайтын дүние жоқ. Уран да сарқылатын отынға жатады.

Атом энергетикасының келешегіне қауіп төнгендіктен, көптеген елдер баламалы қуат көздерін пайдалануда. Әрине, көгілдір отын және көмірмен жұмыс істейтін станцияларда өндірілетін қуат арзан, бірақ олардың қоры шектеулі. Сондықтан күн батареялары мен жел станцияларының қымбат болуына қарамастан, энергия өндіру бағытында жаңғыртылатын қуат көздерін құру бүгінгі және болашақ үшін өте маңызды.

Елімізде күн сәулесі болашақтың сарқылмас энергиясы бола алады. Мысалы, күн энергиясын пайдалануға толық мүмкіндігіміз бар. Оңтүстік облыстарда бір жылдың ішінде 180-250 рет күн ашық болып, орташа температура  $37^{\circ}\text{C}$  құрайды. Бұл біз үшін, ең тұрақты, ең арзан, таусылмайтын энергия көзі күн сәулесінің энергиясы болмақ.

Күн үлкен энергия қорына ие, жылына жер бетіне түсетін күн энергиясы  $7,5 \cdot 10^{17} \text{кВт/сағ}$ . Күн энергиясының маңызды артықшылықтарының бірі қоршаған ортаға қауіпсіздігі және арнайы жеткізу құралдарының қажет еместігі болып табылады.

**2-тапсырма.** «Дастарқан» әдісі. Мәтін мазмұны негізінде бір уақытта әрқайсыңыз өз бұрыштарыңызға сұрақ құрастырып жазыңыз. Дастарқанды сағат тілімен айналдырып, көрші оқушының сұрағына жауап беріңіз.



**3-тапсырма.** Мәтіннен Күн сәулесін энергия көзі ретінде пайдаланудың артықшылығына қатысты 3 ақпаратты анықтаңыз.

1 ақпарат

2 ақпарат

3 ақпарат

Дескриптор

- мәтін мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырады;
- жұбының сұрағына мәтін мазмұны бойынша жазбаша жауап береді;
- мәселеге қатысты 3 детальді ақпаратты анықтайды.

**Бөлім тақырыбы: «Білім. Ғылым. Инновация»**

**Бөлімше тақырыбы:** Болашақтың кілті-ғылымда

**Оқу мақсаты:** 8.3.2.1.публицистикалық стильдің (мақала) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау

**Сабақтың мақсаты:** - публицистикалық стильдің (мақала) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«*Wordwall*» платформасы арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**Сөздікпен жұмыс**

Тұтынушы, шырақ, жарықтандыру

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Жанрына сай 3 ерекшелікті анықтаңыз.

Энергия үнемдеу – көп талқыланатын және маңызды мәселелердің бірі. Әрбір тұтынушы өзінің электр энергиясы шығындары деңгейін бағалап, өзіне: «шығындарды үнемдей отырып, энергия ресурстарын қалай ұтымды пайдалану керек?» деген сұрақ қоюы керек. Мамандардың пікірінше, пәтерді жарықтандыруға электр энергиясының бестен бір бөлігі кетеді. Сарапшылар энергия үнемдейтін шамдарды сатып алуға және А және В кластағы энергия тиімділігі бар тұрмыстық техникаларды таңдауға кеңес береді.

Статистика бойынша үйде шамдар мен шырақ шамдар электр энергиясының 20 пайызын тұтынады, сондықтан қыздыру шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыру отбасы бюджетіне елеулі үнем әкеледі.

Энергия үнемдейтін шамдар үйреншікті қыздыру шамдарынан 5-7 есе қымбат тұратынына қарамастан, ол айына тек 1,8 кВт энергияны тұтынады. Ал қыздыру шамын қолданса, электр энергиясын тұтыну айына 9 кВт құрайды.

Энергия үнемдейтін шамдардың ұзақ мерзімге қызмет ету және жоғары жарық беру ерекшеліктері бар. Энергия үнемдейтін шамдар 5-10 жыл, ал қыздыру шамдары 1 жыл қолданылады. Энергия үнемдейтін шамның жоғары жарық беруі ол тұтынатын ең жоғарғы электр энергиясы жарыққа айналатынын болжамдайды, ал қыздыру шамдарындағы электр энергиясының 90 пайызы вольфрам сымдарын қыздыруға, яғни жылытуға кетеді. Энергия үнемдейтін шамдардағы жарық сапасы қыздыру шамдарының жарық сапасынан кем түспейді.

**2-тапсырма.**

Мәтін жанры		
Жанрға ерекшеліктер	тән	1.
		2.
		3.

**Дескриптор**

- мәтіннің жанрын анықтайды;
- мәтіннен жанрға тән 3 ерекшелікті анықтайды;

**Бөлім тақырыбы: Сауда жасай білесің бе? Абай Құнанбайұлы «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»**

**Бөлімше тақырыбы:** Сауданың қолданылатын орны

**Оқу мақсаты:** 8.1.4.1 - орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

**Сабақтың мақсаты:** орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды, тақырыбы мен идеясын талдайды;



### Мәтін алды жұмыс

**«Қабырғадағы сұрақтар»** әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Барбара – супермаркет қызметкерлерімен әңгімелесіп, қызметкерлердің жұмыстарына деген ынтасын арттыратын психолог. Бір күні офисіне Джонни есімді кісі телефон соғады. Дүкендердің бірінде кассада сатып алушылардың заттарын пакеттеуге жауапты кісі екен. Оның үстіне Down синдромының бар екенін айта келіп:

– Барбара, айтқандарың маған қатты ұнады – деді. Барбараның әңгімесінің ертесіне Джонни әкесінен компьютер алуын сұрап, компьютер қолдануды үйренуді қалайды. Үйге барып күнде «күннің көркем сөзін» жазып қоятын болды. Осындай сөздерді таппаған кезде де оларды ойдан шығаратын. Сөздердің бәрін компьютерге жазып, бірнеше көшірме жасап, принтерден шығарып, әрбірін кесіп, артына да өз есімін жазады. Ертеңіне сатып алушылардың заттарын пакетке салғанда, бір сөзден қосатын болды.

Осылайша жасаған ісін ерекше етіп жасайтын болды. Бір апта болмай жатып, Барбараға сол супермаркеттің директоры телефон соғады:

– Барбара, бүгін не болғанын айтсам, сенбейсің! Магазин аралап шықсам, Джоннидің кассасына тұрған адамдар кезегі басқа кассалардікінен 3 есе ұзын екенін көрдім. Мен дереу қосымша кассалардың ашылуын талап етіп ұрыса бастаған едім, сатып алушылар «Жоқ, біздің Джонни кассасында тұрғымыз келеді. Күннің көркем сөзін алғымыз келеді», - деп жауап берді. Сатып алушы бір әйел қасыма келіп: «Бұрындары супермаркетке аптасына бір рет қана кіретін едім. Қазір жолым түскен сайын кіріп жүрмін. Джоннидің «күннің сөздерінен» алғым келгендігінен», - дейді. 3 ай өткен соң дүкен директоры Барбараға қайта телефон соғады:

– Джонни екеуің супермаркетімізге үлкен өзгерістер әкелдіңіздер. Енді гүл сататын сатушымыз сынып қалған гүлдерді лақтыра салмай, жас қыздардың көйлегіне қадайтын болды. Ет сататын жақта сатушы ат, қой суреттерін принтерден шығарып, ет пакеттерінің сыртына жабыстырып сататын болды. Осының арқасында сатып алушылардың да, сатушылардың да

көңілдері көтеріңкі болады.

*Мәтін мазмұнына қатысты оқиғаларды ретімен орналастырыңыз.*

	Реті
Мәтіндегі оқиғалар	
Джоннидің кассасына адамдар ұзын кезекте тұрады.	
Жылы сөздер жазылған қағаздарды тұтынушылардың сөмкелеріне салады.	
Гүл сатушылардың сыйлығы	
Сауда үйіндегі тұтынушы әйелдің пікірі	

*2-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыз, идеясын анықтаңыз.*

Тақырып	Идеясы

### Дескриптор

- мәтіндегі оқиғалардың ретін санмен белгілейді;
- мәтінге тақырып қояды;
- мәтіннің идеясын 1-2 сөйлеммен анықтайды.

**Бөлім тақырыбы: Қазақстанның су ресурстары Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»**

**Бөлімше тақырыбы: Қазақстанның су қорлары**

**Оқу мақсаты:** 8.1.1.1 - мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау

**Сабақтың мақсаты:** мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды;



**Мәтін алды жұмыс**

**«Таза тақта»** әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

*1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз.*

Ертеде Балқаш деген бай болған екен. Оның көркіне ақылы сай Іле деген қызы болыпты. Іленің көріктілігі мен ақылдылығы жан-жаққа аңыз болып тарайды. Ілеге құда түсушілер келе бастайды, бірақ Іле олардың бірде-біреуіне өз сезімін алдырмайды. Сол елде Қаратал деген батыр, кедей жігіт болады. Ол үнемі жарлы-жақыбайлардың сөзін сөйлеп, оларға көмек беріп жүреді.

Бірде Балқаш бай үлкен ас береді. Бұл аста ақындар айтысып, жауырыны жерге тимеген палуандар белдеседі. Осы аста Іле мен Қаратал кездеседі. Бір көргеннен бір-біріне тәнті болған екі жас тек іштей ұғысады. Сегіз қырлы, бір сырлы Қаратал бұл аста ерекше көзге түседі. Балқаш бай қызы Іленің Қараталға ерекше ілтипат көрсетуінен қатты шошынады. Қараталды қызына тең көрмейді. Балқаш бай бақыт тек байлықта деп ұғады. Қаратал Ілеге қанша ынтызар болғанымен, арада алынбас қамал барын ұғады. Ол – өзінің кедейлігі еді.



Іле Қараталды шын сүйетіндігін айтып, әкесінен рұқсат сұрайды. Балқаш бай рұқсат бермек түгілі жігіттің атын атауға тыйым салады. Ақыры ебін тауып, Іле мен Қаратал ауылдан қашып шығады. Қызының кедей жігітпен қашып кеткенін білген Балқаш бай өзі бас болып арттарынан қуады. Іле мен Қаратал қуғыншылардан құтылмасын біледі де, әкесін тосып алады. Әкесімен бір ауыз сөзге келеді. Іле: «Әке, мен тек Қараталды сүйемін. Өмірде байлықтан жоғары күш бар. Ол – махаббат. Өзіңнен соңғы өтінер жалғызтілегім: тіршілікте бірге болмаған тәніміз о дүниеде бірге болсын, Қаратал екеумізді бірге жерле», – дейді де, биік құздан етекке құлайды.

Қызының парша-парша болған жансыз денесін көрген Балқаш бай есінен танып құлайды. Арада біраз уақыт өтіп, өзі-өзіне келген Балқаш бай жанындағыларға: «Мен өмірде үлкен қателік жібердім. Адам үшін бар байлық та, бақыт та бала екенін енді түсіндім. Тірлігімде жіберген қателігімді о дүниеде жуайын, Іле мен Қаратал екі сағам болсын», – деп екі баласының ортасына жатып, өзіне-өзі қанжар салады. Міне, Балқаш көлі Балқаш байдың көз жасынан пайда болып, үнемі екі сағасынан келіп құятын Іле мен Қаратал демімен толығып отырады екен.

**2-тапсырма.** Мәтінге ат қойып, мәселені анықтаңыз.

Мәтіннің тақырыбы	Көтерілетін мәселе
-------------------	--------------------

**3-тапсырма.** Кейіпкерлердің есімдерін жазыңыз.

Кейіпкер	Мінез ерекшелігі
	Дана, ажарлы, келбетті
	Ержүрек, қаһарман, қамқор
	Дәулетті, бай-қуатты, ауқатты

**4-тапсырма.** Тірек сөздер арқылы мәселені болжаңыз.

- Үлкен ас –
- Бір ауыз сөз –
- Соңғы тілек –
- Байдың қателігі –

**Дескриптор**

- мәтінге тақырып қояды;
- мәтіндегі мәселені анықтайды;
- кейіпкерлердің мінез ерекшелігін ажыратады;
- тірек сөздер арқылы мәселені болжайды.

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстанның су ресурстары Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»

**Бөлімше тақырыбы:** Сусыз тіршілік жоқ

**Оқу мақсаты:** 8.3.5.1 - қосымша ақпарат көздерінен алынған



мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау  
**Сабақтың мақсаты:** қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізеді, ерекшеліктерді бақылайды;



### Мәтін алды жұмыс

«Болжау» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

*1-тапсырма. Мәтінді оқы.*

### Шайтанкөл туралы аңыз

Баяғыда бір байдың Сұлушаш деген қызы болыпты. Байдың есігінде жүрген Тезек деген құлы Шұнақ деген күңімен қосылып, одан Алтай туады. Олар ер жетіп, Сұлушаш екеуі бір-бірін сүйеді, бірақ бай қарсы болады.

Алтайдың Қайсар деген досы, Сұлушаш үшеуі елден қашады. Олар Қарқаралының маңайындағы Жиренсақал деген жерді мекендейді. Сол жерде аң аулап, құс ұстап, күндерін көреді. Бір күні Алтай құс аулап жүріп, құзға кездеседі. Сол құзға бүркіт ұя салған екен.

Алтай одан бүркіттің балапанын алмақшы болады, бірақ жолы болмай шыңырауға құлайды. Сұлушаш Тескен таста сырнай тартып отырады. Біраздан соң артынан ырылдаған дауыс естіледі, қараса артында арыстан тұр екен.

Содан қорыққаннан көлге құлайды. Қайсар Сұлушашты іздеп осы жерге келсе, көлдің бетінде қыздың көйлегі, тақиясы жүзіп жүреді.

Ол да сол көлге құлапты. Содан кейін бұл көл «Шайтанкөл» атаныпты.

*2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы мазмұнын әрі қарай жалғастырыңыз.*

Алтай мен Сұлушаштың әрекеті қандай болады?

Алтай ұяны көрген соң не істейді?

Арыстанды көргенде Сұлушаш не істейді?

Қайсардың әрекеті қандай болады?

*3-тапсырма. Өз нұсқаңызды әңгіменің негізгі нұсқасымен салыстырыңыз.*

---

---

---

---

---

---

---

### Дескриптор

- мәтіннің әр бөлігін оқиды;

- бөліктердегі оқиғаны әрі қарай дамытады;
- түпнұсқасымен салыстырады.

**Бөлім тақырыбы:** «Тарихи тұлғалар тағылымы»

**Бөлімше тақырыбы:** Тарихи тұлғалар

**Оқу мақсаты:** 8.2.4.1 - идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау

**Сабақтың мақсаты:** идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстырады және талдайды;



**Мәтін алды жұмыс**

«*Болжау*» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**1-тапсырма.** *Мәтіндерді оқып, төмендегі аспект бойынша салыстырыңыз.*

**1-мәтін**

Төле би Әлібекұлы (1663 – 1756 жж.) – қазақтың би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана. Ұлы жүздің төбе биі.

Төле жастайынан ескіше оқып сауатын ашады. Қазақтың аңыз-әңгіме, өлең- жырларын, шежіре-тарихтарын ел арасынан тыңдап, өзінен бұрынғы өткен шешен билер мен хандардың, әсіресе, өзінің бабалары – Жанту, Жарылқамыс билердің кесімді төреліктері мен өнегелі нақыл-шешен сөздерін ойында сақтап өседі.

Әкесі Әлібек шешен, сауатты және ел әңгімелерін жақсы білетін адам болған. Ол ұлының ерте есейіп, сол кездегі атақты билерден бата алуына себін тигізеді. Төле бала жасынан әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды. Он бес жасынан ел билігіне араласып, өзінің ақыл-парасаты, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түсе бастайды. Олжас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады.

Төле бидің әділдігі, ойға жүйрік, сөзге шешендігі жұртшылыққа оны белгілі, сыйлы етеді. Сонымен бірге қазақ халқын біріктіру, Қазақ мемлекеттігін нығайту, халық атынан сөйлеп, шешім шығару Төле бидің өмірлік мұраты болды. Төле би Абылай ханның «Төбе биі» болып, Ташкентте өмірінің ақырғы жылдарына дейін Ұлы жүзді басқарып тұрған.

**2-мәтін**

Қазыбек би Келдібекұлы (1667 – 1764 жж.) – қазақтың белгілі би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері. Орта жүздің төбе биі.

Қазыбектің әкесі Келдібек кезінде елді аузына қаратқан белгілі шешен, би болыпты. Анасы Тоқмейіл де ұтымды да тапқыр сөйлейтін зерек жан екен. Кішкентайынан осындай ортада өскен Қазыбек бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек», «Алты Алаштың ардағы» деген атаққа ие болады.

Қазыбек жасынан ел әңгімелерін, нақыл-өсиет сөздерін естіп өседі. Әке тәрбиесі мен би-шешендердің әсер-ықпалы да көп көмек етеді. Жастайынан ел билігіне араласып, адалдықты жақтайды, әділеттілікті, бейбіт жолды қалайды.

Қаз дауысты Қазыбек кезінде атақты да беделді билердің бірі атанды. Ол Абылай, Тәуке, Әбілмәмбет, Семеке хандардың тұсында халық қамы үшін ел қорғау ісіне белсене араласты. Төле, Әйтеке билермен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болып, елдің азаттығы үшін аянбай тер төкті. Абылай жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға елшілікке барған. Сондай-ақ ол Ресей, Бұхар, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге араласып, аразды татуластырып, алысты жақындастырып отырған мәмілегер ретінде танылды. «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деп, бейбітшілік пен достықты дәріптеп, елшілік қызметті мінсіз атқарған тұңғыш дипломат болды.

Салыстыру аспектісі	1-мәтін	2-мәтін
Мәтіндердегі ұқсас эпизодтар	1.	1.
	2.	2.
	3.	3.
Екі мәтінге ортақ идея		

### Дескриптор

- екі мәтіндегі 3 ұқсас эпизодты анықтайды;
- екі мәтінге ортақ идеяны анықтап, 1-2 сөйлеммен жеткізеді.

**Бөлім тақырыбы:** Қызым-жағадағы құндызым, ұлым-аспандағы жұлдызым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»

**Бөлімше тақырыбы:** Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс

**Оқу мақсаты:** 8.1.2.1 - тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, детальді ақпараттарды анықтайды;



### Мәтін алды жұмыс

«Қабырғадағы сұрақтар» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Дәстүрлі қазақ отбасында ата-баба тәрбиесі ерекше. Қазақ отбасында балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабаларын, үлкен аталарын, жеті атасын

айтып отырады. Бұл баланы өскенде өз туыстарын жақсы білуге, сыйлауға үйретеді. Жеті атаны үйрету – әр ата-ананың басты борышы. Өзін, әкесін, атасын, бабасын және одан арғы ата-бабасының есімдерін білу – жеті атаны білу. Әкесі, атасы, балаға тек жеті атасына дейінгі аралықтағы аталарының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, елі үшін жасаған ерліктерін, өнегелі істерін де айтып отырған. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көздеген.

Қазақ отбасында ата-әжені, әке-шешені ерекше құрметтеген. Ұл-қыздары ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алған. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әке-шешелері қартайғанда баққан.

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі. Ананың орны да ерекше.

Әке де, балалар да ананы сыйлайды, құрметтейді.

Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі. Тұрмысқа шыққанқыздарына жасау береді.

*Кестедегі ақпараттардың «шын, жалған» екенін белгілеңіз.*

Ақпараттар	Шын, жалған
Арғы аталарының жақсылықтарын, қаһарман ерліктерін әңгімелеп берген.	
Ер жеткенде балалары әке-шешесін бағып-күтуге міндетті емес.	
Отбасылы болған ер баласына әке-шешесі жасау береді.	
Жеті атаны білу арқылы бала жақын туыстарын таниды.	

**2-тапсырма.** Мәтіндегі жеті атаны білудің маңыздылығына қатысты 3 детальді ақпаратты анықтаңыз.

1 деталь	2 деталь	3 деталь
<p><b>Дескриптор</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шын, жалған ақпаратты анықтайды;</li> <li>- мәтіннен 3 детальді ақпаратты анықтайды.</li> </ul> <p><b>Бөлім тақырыбы:</b> Қызым-жағадағы құндызым, ұлым-аспандағы жұлдызым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»</p> <p><b>Бөлімше тақырыбы:</b> Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс</p> <p><b>Оқу мақсаты:</b> 8.3.3.1 - прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс - әрекетіне немесе</p>		

лирикалық кейіпкердің образына баға беру

**Сабақтың мақсаты:** прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтайды, кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға береді;



### Мәтін алды жұмыс

«Таза тақта» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Баяғыда байдың қолында бір жетім қыз болыпты. Әке-шешесінен ерте айрылып, жалғыз қалған екен. Жетім қыз байдың отын-суын тасып күн көріпті. Күндердің күнінде сол ауылдың қыздары жиналып, тезек теруге шығыпты. Терген тезектерін буып, арқалап алыпты. Үйлеріне қайтып келе жатқанда жаңбыр құйып кетеді. Қыздар отындарын арқалап үйлеріне қарай жүгіріпті.

Жетім қыз қырық жамау жаман шапанын шешіп алып, отынның үстіне жауып, жаңбырдың басылуын күтіп отырыпты. Алыстан келе жатқан жолаушы мұны көріп, қыздың қасына келеді де:

- Шырағым, ана балалар ауылға кетіп қалды ғой. Сен неге қалып қойдың? - деп сұрайды. Сонда қыз:

- Барса, бара берсін. Олардың отындары да, киімдері де су болады.

Атты кісі ауылға барса, айтқанындай-ақ елдің отындары су болып, шай қайната алмай отыр екен.

- Жәміш деген қыз баланың үйі қайсы? - дейді жолаушы.

- Анау жотаның үстіндегі үй, - деп көрсетіп жібереді.

Жолаушы сол үйге барып түседі. Шайы қайнап, тамағы пісіп тұр екен. Мұны көріп отырған қонақ жетім баланы шақырып алып:

- Қызым, сен ақылды бала екенсің, алдыңнан жарылқасын! - деп батасын беріпті.

**2-тапсырма.** Мәтіндегі оқиғаларды композициялық құрылымына талдаңыз.

Композициялық құрылым	Оқиғалар
Басталуы	
Дамуы	
Шиеленісуі	
Шарықтау шегі	

**3-тапсырма.** Шығармадағы басты кейіпкерге мінездеме беріңіз.

---

---

---

---

---

**Бөлім тақырыбы:** Қызым-жағадағы құндызым, ұлым-аспандағы жұлдызым «Қозы Көрпеш –Баян сұлу»

**Бөлімше тақырыбы:** Ұрпақ тәрбиесі –ұлағатты іс

**Оқу мақсаты:** 8.1.6.1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап береді



**Мәтін алды жұмыс**

**«Қабырғадағы сұрақтар»** әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақ жерінде он қорық бар. Талас Алатауының етегінде еліміздің байырғы қорықтарының бірі – Ақсу Жабағылы қорығы бар. Ақсу Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген. Мұнда тек аң-құстар ғана емес, шөптер де, гүлдер де қорғалады. Ақсу Жабағылының эмблемасы өте сирек кездесетін Грейг жауқазыны. Қорықтың мақтанышы - алма ағаштар өскен тоғайлар.

Алматы қорығы Іле Алатауының ортаңғы бөлігінде орналасқан. Мұнда Сібірдің тау текесін, маралды, елікті, сілеусінді, барысты және ақ тырнақ аюды кездестіруге болады.

Солтүстік далалық аймақта Қорғалжын қорығы орналасқан. Мұндағы өзендер, көлдер мен батпақтар сан түрлі құс ұя салып, түнеп жүретін орын ретінде қызмет етуде. Қорықтың ең экзотикалық тұрғыны - қызғылт қоқиқаз. Қостанай облысындағы Наурызым қорығы күллі дүниеге өзінің ғаламат қарағайлы ормандарымен атағы шыққан.

Үстірт жонындағы шөл қорығы өте сирек арқардың (Үстірт муфлоны) бір түр тармағын, сондай-ақ сусар тұқымдас және құмды дала өсімдіктерін қорғау үшін арнайы құрылған.

Барсакелмес - Арал теңізінің «Барсакелмес» атты аралына орналасқан жалғыз қорық. Шығыс Қазақстан тауларында Марқакөл қорығы бар. Табиғаты өте көркем. Марқакөл атымен аталған.

Сұрақ	Жауап
Алма ағаштары қай қорықта өседі?	
Іле Алатауында орналасқан қорық қалай аталады?	
Қарағай ағашы мол өсетін қорық қайсысы?	

**2-тапсырма**

*Қорықтарға қатысты ақпараттарды сәйкестендіріңіз.*

Қорықтар	Ақпарат	Сәйкес
----------	---------	--------

		тендіру бағаны
1. Ақсу - Жабағылы	А) Құстардың мекені болған	
2. Үстірт	В) Қызыл кітапқа енген құстар қорғалады	
3. Барсакелмес	С) Әлемдік деңгейде қорғалатын қорықтар қатарында	
4. Қорғалжын	Д) Тартылып бара жатқан теңізде орналасқан	
5. Марқакөл	Е) Құмды жерде өсетін өсімдіктер қорғалады	

### Дескриптор

- қорықтарға қатысты ақпараттарды қорық атауымен сәйкестендіреді;
- сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша сөз не сөз тіркесімен жауап береді.

## 9-СЫНЫП ТҮТАС МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС

### Арал теңізінің құпиясы: су қайда кетті?

Жер бетінде таңғажайып құбылыстар өте көп. Солардың бірі - Арал теңізінің жағдайы. Ғалымдарды оның жай-күйі көптен бері ойландырып жүр. Бүгінде бұл теңіздің суы қайда жоғалып кетті және оған адам кінәлі ме деген сұрақтарға нақты жауап табылмады. Арал 70 жыл бұрын көлемі жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен төртінші көл саналды. Адамзат теңізге құятын екі өзенді (Сырдария мен Әмудария-ред.) жауып, қысқа мерзімде Аралдың тартылуына себепкер бола алар ма еді?

Арал теңізінің тасу процесі жеті рет байқалған.

XIX ғасырда ғалымдар тіршілік иелерінің геологиялық деректері мен сипаттамаларын зерттеп, Арал теңізі ертерек құрғап, содан кейін әдеттегі күйіне оралды деген алдын ала үкім шығарды. Бірақ, метаморфозалар процесінде оның жағалау сызығы үнемі өзгеріп отырған. Ондаған жылдар өткен соң, зерттеушілер тарихи деректерді ескере отырып, Арал теңізінің ерекшелігі - тек жағалау сызығының өзгеруінде ғана емес, сонымен қатар арнасы тартылып, кейін қайта пайда болуында деген қорытындыға келді. Деректерге сүйенетін болсақ, соңғы бес мың жыл ішінде Арал теңізінің тасу процесі жеті рет байқалған.

### Боз жыландар үйі.

Кезінде Арал биологиялық алуан түрлі табиғи орта болып саналды. Көлде балықтың 20-дан астам түрі болған. 1874 жылы Арал-Каспий экспедициясы

кезінде Владимир Аленицын Аралды зерттеп, мәлімдеме жасады. Ең алдымен, ғалымды жануарлар әлемі қызықтырды. Ол зерттей келе, боз жыландардың отаны Арал деген шешімге келді.

Аралдың бүгінгі ахуалы қандай?

Бүгінде шағаласы шаңқылдаған шалқардан ақ тұздар мен шаң-тозаң ғана көкке көтерілуде. Экологиялық апат он миллиондаған адамға өз зардабын тигізді. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, жел арқылы жылына 120 миллион тонна тұз бен құм ауаға таралады екен. Қазіргі таңда Арал теңізінің құрғап қалған табанына Оңтүстік Корея Республикасының Орман қызметінің қолдауымен сексеуіл егу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл өсімдік тұз бен құмды тежеп, жел тұрғанда олардың ауаға көтерілуіне тосқауыл болады. Соңғы 2 жылда 5 миллион сексеуіл көшеті отырғызылған. Диана АСАН, «Адырна» ұлттық порталы.

<https://adyrna.kz/post/47229>

Оқу мақсаты (ОМ)	Оқу түрлері және мәтінмен жұмыс тәсілдері	Тиімді оқу стратегиялары	Дағдылар мен іс әрекеттер
<p>9. 3. 1. 1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау;</p>	<p>Талдамалық (зерделеп) оқу – жаңа мағыналарды анықтау, түсіндіру (мәтін ақпаратын түсіну) және құрастыру бойынша барлық әрекетті қамтитын оқылым</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мәтіннің бөліктерін, мәтінде тұспалданатын ақпаратты анықтау;</li> <li>• негізгі пайымдауларды жазып алу</li> <li>• мәтінді оқу кезінде және одан кейін проблемалық сипаттағы талқылау сұрақтарын құрастыру;</li> </ul>	<p>1. Мәтінмен жұмыс кезеңі. «Мәтін ішіндегі белгілер» әдісі Мәтінді оқу барысында оқушылар өз білімдері мен түсініктеріне сәйкес алаңдарға төрт түрлі белгі қояды. Жұмысқа уақыт мәтіннің көлеміне қарай бөлінеді.</p> <p>2. Мәтіннен кейінгі кезең «Бес бұрыш» стратегиясы. Негізгі және қосымша ақпараттарды таба отырып, көтерілген мәселені анықтайды.</p> <p>3. «Тыңдап отырған үштік» әдісімен үш оқушы: шешен-көтерілген мәселені айтады, пікір білдіреді; тілші – шешенге сұрақтар қояды, жауап</p>	<p>Сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты іздеу, талдау</p> <p>1.Сұрақтарға жауап беру, сұрақтармен жұмыс</p> <p>2.Бұл кезеңде мәтінді оқиды. Мәтінді түсіну бойынша ақпараттарды алдыңғы білімімен салыстыра отырып белгілейді, жаңа ақпараттарды анықтайды.</p> <p>3.Негізгі ақпараттарды іріктейді</p> <p>4. Ақпарат алу, терминдерді түсінуді дамыту, алынған ақпаратты өңдеу және талдау дағдыларын, бақылаушы рөлі арқылы өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасау дағдыларын дамытуға бағытталған тәсіл.</p>



		беруге көмектеседі; хатшы – түртіп алып отырады және соңында қорытынды жасайды.	
--	--	--	--

**1- тапсырма** «Мәтін ішіндегі белгілер» әдісімен мәтінді оқы. Мәтіндегі ақпараттарды алдыңғы біліміңмен салыстыр.

*Жұмыс алгоритмі:*

Оқушылар мәтін алады және оған тиісті белгілерді қоя отырып оқиды.

“+” – сіздің оқып отырғаныңыз сіздің білгеніңізге сәйкес болса, осы белгіні қойыңыз;

“-” – сіздің оқып отырғаныңыз сіздің білгеніңізге қарсы болса немесе бұны білемін деп ойласаңыз, алаңдарға қойыңыз;

“V” - сіздің оқып отырғаныңыз жаңа болып табылса, алаңдарға қойыңыз;


“?” - сіздің оқып отырғаныңыз түсініксіз болса немесе бұл сұрақ бойынша сіз нақты мәліметтерді алғыңыз келсе алаңдарға қойыңыз.

Осылайша, мәтінді оқу барысында оқушылар өз білімдері мен түсініктеріне сәйкес алаңдарға төрт түрлі белгі қояды. Жұмысқа уақыт мәтіннің көлеміне қарай бөлінеді.


Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл
мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау	- мәтіндегі ақпараттарды салыстырады; - белгілерді қояды	

**2- тапсырма** «Бес бұрыш» әдісімен мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды іріктей отырып, өзекті мәселені анықтаңдар.

*Жұмыс алгоритмі:* Мәтіндегі негізгі ақпараттарды қағаздың жоғарғы оң және сол жақ бұрыштарына толтырып жазады. Қосымша ақпараттарды төменгі оң және сол жақ бұрыштарына толтырады. Постердің ортасына көтерілген мәселені жазады.



немесе



Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау	- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды табады - өзекті мәселені анықтайды	
--	---	--

**3-тапсырма «ТЫҢДАП ОТЫРҒАН ҮШТІК»** әдісімен мәтінде көтерілген мәселеге байланысты қорытынды жасаңдар.

Жұмыс алгоритмі

Оқушылар үш адамнан тұратын топта жұмыс істейді. Топтағы бір оқушы – шешен, біреуі – тілші және үшіншісі – хатшы рөлін атқарады. Шешен мәтіндегі көтерілген мәселені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Тілші көмектесіп айтып отырады және сұрақтар қойып отырады. Хатшы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.

Келесі жолы оқушылар рөлдерімен ауысады

Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл
мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау;	- көтерілген мәселені талдайды; -мәтін бойынша сұрақтар қояды; - Қорытынды жасайды	

## 2- мәтін

Қазақстанда осы күзде бақша дақылдарын аэропоника әдісімен өсіретін тұңғыш жылыжай ашылмақ. Жобаны жүзеге асыруға алматылық өнертапқыш кіріскен. Ол күн сәулесін қажет етпейтін, әрі топырақсыз көкөніс өсірудің жолдарын тауыпты. Оның есімі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның 100 жаңа есіміне» ұсынылған.

Талай жылдан бері химия саласында ізденген Диас Тастанбеков үйін бау-бақшаға айналдырып, өсімдік өсіруге кірісіпті. Ол отбасымен жыл 12 ай өз қолымен өсірген өнімдерді тұтынады екен. Бір қызығы, Диастың бақшасындағы көкөністер топырақта емес, суда өседі. Тіпті, күн сәулесін де қажет етпейді. Өнертапқыш мұндай тың тәсілмен жылыжай ашуды да көздеп отыр. Елімізде бақша өнімдерін аэропоника әдісімен өсіретін тұңғыш жылыжай Қарағандыда орын тебеді. Онда бастапқыда күніне 30 келі салат өсімдіктері өндірілмек. Жоба авторы өнімдерді сатып алатын мейрамханалармен де келісіп үлгерген.

«Өсімдікті кез келген жерде топырақсыз өсіруге мүмкіндік беретін аэропоника тәсілі Қазақстанға қажет. Біздің еліміздің кей жерлерінің топырағы құнарсыз болғандықтан, көкөніс өсіруге жарай бермейді. Ал мұнда технология күрделі емес. Өсімдік автоматтандырылған тәсілмен өседі. Тіпті топырақ

алмастырушы заттар да қажет емес. Тек жасанды жарық сәулесі, көмірқышқыл газы, суға салатын қоректендіргіш сынды негізгі заттар жеткілікті», – деді химик, компания директоры Диас Тастанбеков.

Өнертапқыштың тың идеясы мұнымен шектелмейді. Ол компьютерден шыққан шимай парақты мұнтаздай алатын құрылғы да ойлап тауыпты. Онысын алдағы уақытта автоматтандыруды қолға алмақ. Ел білмейтін еңбегі көп Диас Тастанбеков қазір «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына көппен бірге ұсынылып отыр. Қазір аталмыш жобаға қатысуға ниет етіп, ел аумағынан өтініш білдіргендер қызу іріктеліп жатыр. *(Айдана Мейрамбайқызы, Валерий Таубалдиев, «Алматы» телеарнасы)*

Оқу мақсаты (ОМ)	Оқу түрлері және мәтінмен жұмыс тәсілдері	Тиімді оқу стратегиялары	Оқу дағдылары мен іс-әрекеттер
9. 2. 4. 1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау	Зерттеп оқу: мәтіндердегі ақпараттарды іріктеу, талдау, жинақтау	1. Мәтінмен жұмыс “Теріп алу” әдісі	1. Бұл кезеңде мәтінді оқиды. Негізгі ақпараттарды және мәтіннің идеясын анықтайды
9. 3. 3. 1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау;		2. Мәтінмен жұмыс кезеңі. “5 w” әдісі	2. “5 w” әдісімен мәтінді жалпы түсінеді; ақпаратты табу және жеткізе біледі; мәтіннің мазмұны бойынша рефлексия жасайды
		3. Мәтіннен кейінгі кезең «Мәселені алға қой – шешімін ұсын» әдісі	3 «Мәселені алға қой – шешімін ұсын» стратегиясымен автор ойына баға береді, сыни пікір білдіреді

**1-тапсырма** *«Теріп алу» әдісі бойынша суреттен тірек сөздерді және негізгі ақпараттарды іріктей отырып, мәтіннің идеясын автордың ойын анықта.*

Тірек сөздер	Негізгі ақпарат	Мәтіннің идеясы

Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл

шығарманың идеясын анықтау	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіндегі тірек сөздерді жазады;</li> <li>- Негізгі ақпараттарды табады;</li> <li>- мәтіннің идеясын анықтайды</li> </ul>	
----------------------------	--	--

**2-тапсырма** Тірек сөздерді қатыстыра отырып, “5 w” әдісі бойынша мәтіннің қысқаша мазмұнын айт

**“5 w” әдісі:**

Who? - Кім?

What? - Не?

Where? - Қайда?

When? - Қашан?

Why? - Неліктен?

Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл
шығарманың мазмұнын баяндау	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тірек сөздерді қолданады;</li> <li>- Негізгі ақпараттарды қолданады;</li> <li>- мәтіннің мазмұнын баяндайды</li> </ul>	

**3- тапсырма** «Мәселені алға қой – шешімін ұсын» стратегиясы. Мәтінде көтерілген мәселені анықта. Мәселе арқылы автордың не туралы айтқысы келгенін жазыңыз. Автор ойына баға беріп, өз пікіріңді жаз.

Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл

мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау	- сөз тіркестерінің мағынасын анықтайды; - автордың ойын анықтайды; - негізгі ойды жалғастырады	
--	--	--

### 3- мәтін

#### **Балқаш – әлемдегі бірегей көл әрі тұран арыстанының мекені**

Балқаш көлінің құпиясы осы күнге дейін дүйім жұртты таңқалдыруда: климаты құрғақ, жауын-шашынға тапшы аймақта, ұшы-қиыры жоқ далада суы жартылай тұщы су қоймасының пайда болуы географиялық қарама-қайшылық бола тұра, ғалымдар әлі де байыбына жетпеген құпия болып табылады. «Балқаш» сөзін айтқан кезде көлемі бойынша дүние жүзінде 14-ші орынға орныққан бірегей көл екендігі, әрі бір бөлігі тұщы (1 литр суында 1 грамм да тұз жоқ) және екінші бөлігі ащы (1 литр суында 3,5 грамнан 6 грамға дейін тұзы бар) дүние жүзіндегі жалғыз көл екендігі ойға оралады.

Гидрографиялық тұрғыдан бөліп тұратын ені тар бұғаздың және Сарыесік түбегінің арқасында көлдің құрамы жағынан екі түрлі бөлігі мүлде араласпайды. Жалпы есеп бойынша, көлдегі ерітілген тұздың қоры 312 млн. тоннаға тең. Сонымен қатар, Балқаш ауқымдылығы бойынша елімізде Каспийден кейінгі құрғамайтын екінші көл болып саналатыны мәлім.

Екінші бірі біле бермейтін қызғылықты жайттың бірі – Балқашқа бес ірі өзен құяды, бірақ олардың біреуі де қайта шықпайды. Бұдан туындайтын сұрақ: көлге құйылатын барлық су қайда кетіп жатыр? Балқаш көлінде қысы-жазы, күні-түні балық аулаушылар саны толастамайды. Мұндағы балықтар түрі сан алуан: сазан, сом, ақтабан, торта шабақ, мөңке, көксерке, жыланбас балықтар кездеседі. Тұтастай алғанда, 20-дан астам балық түрі мекендейді. Кейбір сомдардың салмағы 70 килограмға дейін жетеді.

Жергілікті тұрғындар мен әуесқой балық аулаушылардың айтуы бойынша, XX ғасырдың ортасына дейін көлдегі жануарлары әлемі өте бай болған. Бірақ өнеркәсіптік шаруашылықты жоғары қарқынмен дамыта бастаған уақыттан бері акватория да елеулі өзгерістерге ұшыраған, бұл ақыр соңында біртіндеп экологиялық апатқа әкеп соғуда.

[https://el.kz/bal-ash - -lemdegi biregey k-l -ri t-ran arystanyny-mekeni\\_39701/](https://el.kz/bal-ash - -lemdegi biregey k-l -ri t-ran arystanyny-mekeni_39701/)

Оқу мақсаты (ОМ)	Оқу түрлері және мәтінмен жұмыс тәсілдері	Тиімді оқу стратегиялары	Оқу дағдылары мен іс- әрекеттер
---------------------	---	-----------------------------	---------------------------------------

9. 3. 2. 1 ғылыми стильде (мақала, баяндама) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау	Зерттеп оқу: мәтіндердегі ақпараттарды іріктеу, талдау, жинақтау	1. Мәтінмен жұмыс Ойлан жұптас-бөліс әдісі	1. Мәтіндегі тілдік құралдарды табу, оны талдау арқылы мәтін жанрын, стилін анықтайды.
9. 4. 1. 1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу;		2. Мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңі. «РАФТ» әдісі	2. мәтіннің стилін сақтап, мақала жазады, сыни тұрғыда баға береді

**1-тапсырма.** Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы мәтінді түсініп оқыңдар, тапсырмаларды орындаңдар.

- 1) Тілдік құралдарды анықтап, мәтіннің құрылымын талдап жазыңдар.
- 2) мәтіннің жанрын, стилін анықтаңдар.

Тілдік құралдар	Мәтіннің құрылымы	Мәтіннің жанры	Мәтіннің стилі
-----------------	-------------------	----------------	----------------

Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл
ғылыми стильде (мақала, баяндама) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау	- Мәтіннен тілдік құралдарды табады, талдайды; - мәтін құрылымын талдайды; - мәтін жанрын анықтайды; -мәтіннің стилін анықтайды	

**1-тапсырма.** Мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазыңдар.

### «РАФТ» әдісі

Жазушы немесе әңгімелеуші өзіне рөл таңдайды, мәтінде аудиторияның қызығушылығын арттыратын мәліметтерді қолданып, 100 сөзден тұратын мақала жазыңыз.

- Р -рөл, кімнің атынан құралған мәтін
- А- аудитория, кімге жолданған мәтін
- Ф- формасы, стилі
- Т – тақырып

Бағалау критерий	Дескрипторы:	Балл
мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу;	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіннің жанрлық ерекшелігін сақтайды;</li> <li>- мәтін құрылымын сақтайды;</li> <li>- мәтіннің стилін сақтайды;</li> <li>- мақала жазады;</li> <li>- орфографиялы нормаға сай жазады</li> </ul>	

## 10-СЫНЫП

### *Тапсырмалар*

#### **Қарағанды - кеншілер қаласы**

Қарағанды– Қазақстанның кеншілер қаласы, өнеркәсіптің жүрегі және тарихы тереңге тамырланған мекен. Бұл қала өзінің тағдырын 1833 жылы Аппак Байжановтың көмір кенішін табуынан бастады. Қарағанды өңірі еліміздің кен өндірісі саласындағы аса маңызды орталықтарының бірі болып саналады. Қарағанды көмір бассейні Қазақстанның ғана емес, бүкіл ТМД аумағындағы ең ірі кен орындарының бірі. Оның көлемі 3 600 шаршы километрге жетеді, ал мұнда өндірілетін көмірдің сапасы мен энергетикалық әлеуеті жоғары деңгейде бағаланады.

Кеңес Одағы кезінде Қарағанды нағыз индустриялық алыпқа айналды. Қалада бірқатар шахталар, металлургиялық зауыттар және өндіріс кешендері салынды, бұл өндіріс ошақтары бүкіл республиканың өнеркәсіптік дамуындағы негізгі қозғалтқышқа айналды. Сол кезеңде Қарағанды «кеншілер қаласы» деген мәртебеге ие болды. Жұмыстың ауырлығына қарамастан, кеншілер өз еңбектеріне деген шынайы адалдығымен және төзімділігімен ерекшеленді, солардың арқасында қала күн сайын өсіп, дами түсті.

Қарағанды кеншілердің қаласы болуымен қатар, мәдениет пен ғылым орталығы ретінде де танылды. Қалада кеншілердің еңбегін еске түсіретін бірқатар ескерткіштер орнатылған, олардың ішіндегі ең маңыздысы — «Кеншілер данқы» монументі. Сонымен бірге, Қарағандыда бірнеше жоғары оқу орындары жұмыс істеп, тау-кен өнеркәсібі мен металлургия салаларына қажетті мамандарды даярлауда. Қарағандының дамуы мен гүлденуі кеншілердің қажырлы еңбегімен тығыз байланысты. Бұл қала бүгінгі таңда да Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарып келеді, ал оның тұрғындары болашаққа үлкен үмітпен қарап, өз еңбектерін мақтан тұтады. Кеншілердің тынымсыз еңбегі мен қажырлы күші арқылы Қарағандының жарқын болашағы қалыптасып, оның тарихи маңызы арта түсуде.

### *1-тапсырма*

1. Неліктен Қарағанды Қазақстандағы маңызды өнеркәсіп орталығы болып саналады?

- а) Кеңес Одағы кезінде үлкен шахталар мен зауыттар орталығына айналды.
- б) Туристік нысандары көп болғандықтан
- в) Қала мәдениетінің дамуына байланысты
- г) Географиялық орналасуына байланысты

2. Қарағандының дамуына кеншілер қандай үлес қосты?

- а) Мәдени ескерткіштерді тұрғызды.
- б) Ауыл шаруашылығын дамытты.
- в) Олардың қажырлы еңбегі арқылы қала дамып, өсті.
- г) Білім сапасын арттырды.

## **2-тапсырма**

### **1. Қаланың жеті кереметі**

*Мәтіндегі Қарағандының ерекше тұстарын еске түсіріп, әр оқушы қала туралы бір «керемет» (мысалы, «Кеншілер даңқы» монументі, көмір бассейні, университеттер) таңдайды. Әр «кереметке» қысқаша сипаттама жазып, сыныптастарға таныстырады.*

**Мақсат:** Негізгі сөздерді меңгеру, мәтіннен қажетті ақпаратты табу.

### **2. Диалог құру**

Қарағандыға жаңадан көшіп келген адам мен қала тұрғыны арасында диалог құрыңыз. Диалог барысында қала тұрғыны Қарағандының ерекшеліктерін айтып береді, ал жаңа тұрғын қызықтырған сұрақтарын қояды.

**Мақсат:** Тақырыптық сөздерді қолдану, сөйлеу дағдыларын дамыту.

### **3. Хроника жасау**

Мәтінге сүйене отырып, Қарағандының тарихындағы маңызды оқиғалар хронологиясын құрыңыз (мысалы, көмір кенішінің табылуы, индустриялық даму кезеңдері). Суреттер, кестелер немесе схемалар қосуға болады.

**Мақсат:** Құрылымды ақпаратты меңгеру, жазу дағдыларын жетілдіру.

### **4. Мақал-мәтел табу**

Қазақ мақал-мәтелдерінің ішінен «еңбек», «кенші», «тарих» ұғымдарымен байланысты бір мақал-мәтел тауып, оны Қарағандыға қалай қолдануға болатынын талқылаңыз. Мысалы, «Еңбекпен тапқан нан тәтті».

**Мақсат:** Тіл байлығын арттыру, мәдени құндылықтармен танысу.

5. “Қала символы” ойыны: Оқушыларға Қарағанды қаласын сипаттайтын бір символ ойлап табу тапсырылады. Олар осы символды қазақ тілінде сипаттап, не үшін оны таңдағанын түсіндіреді.

## **Қадыр Мырза Әлі - философ ақын**

Қадыр Мырза Әлі — қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, философ ақын және қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі. Ол 1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Қадыр Мырза Әлі өзінің шығармаларында терең философиялық ойларды шеберлікпен жеткізіп, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды жырлаған ақын ретінде танылды. Оның поэзиясы адамзаттың өмірге, уақытқа, тағдырға деген



көзқарасын, дүниетанымдық мәселелерді қамтып, терең ой-толғауларымен ерекшеленеді.

Қадыр ақынның шығармашылығы кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Ол адамның ішкі жан дүниесін, өмірдің мәнін, табиғаттың тылсым күштерін өлеңдері арқылы суреттеді. Әсіресе, ұлттық дәстүрлер, қазақтың болмысы, тарихы, мәдениеті оның өлеңдерінің басты арқауы болды. Қадыр Мырза Әлі поэзиясы оқырманды ойға атырып, адам мен қоғамның арасындағы байланысқа терең үңілуге жетелейді.

Ақынның «Ой орманы», «Бұлбұл бағы», «Домбыра» атты жыр жинақтары оның шығармашылық қуаты мен философиялық көзқарастарының айқын көрінісі болды. Қадыр ақынның шығармашылығында ұлттық болмыс пен әлемдік өркениет арасындағы байланысты ерекше байқалады. Ол қазақ халқының тарихына терең үңіліп, қазақтың ұлттық қасиеттерін жырлау арқылы оны әлемдік деңгейде танытуға күш салды. Қадыр Мырза Әлі тек философ ақын ғана емес, сонымен бірге қазақтың рухани көсемдерінің бірі болды. Ол өзінің терең білімін, рухани ізденістерін және өмірлік тәжірибесін поэзияда шебер түрде пайдаланған тұлға. Оның өлеңдері заманауи қазақ әдебиетінің дамуында ерекше орын алып, кейінгі буын ақын-жазушыларға үлкен әсер етті. Қадыр Мырза Әлі 2011 жылы 22 қаңтарда дүниеден озды, бірақ оның шығармашылық мұрасы әлі күнге дейін халқымыздың рухани қазынасының бір бөлшегі ретінде сақталып келеді.

Қадыр Мырза Әлі — қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған философ ақын, оның өлеңдері халықтың жүрегінде мәңгілік орын тапқан, ал оның терең ойлары ұрпақтан ұрпаққа жететін мәңгілік мұра.

### ***1-тапсырма***

1. Қадыр Мырза Әлі поэзиясында қандай негізгі тақырыптар қозғалады?

- а) Адам өмірінің мәні мен табиғаттың тылсым күштері
- б) Ғылым мен техниканың дамуы
- в) Саяси оқиғалар мен экономикалық мәселелер
- г) Қалалық өмір мен мәдениеттің артықшылықтары

2. Қадыр Мырза Әлі қазақ поэзиясына қандай үлес қосты?

- а) Қазақтың ұлттық болмысы мен рухани құндылықтарын жырлады.
- б) Еуропалық мәдениетке басымдық берді.
- в) Жаңа технологияларды енгізді.
- г) Саяси мәселелерді ашық сынады.

### ***2-тапсырма***

#### **1. «Философ ақын» – эссе жазу**

- **Тапсырма:** Қадыр Мырза Әлі поэзиясындағы философиялық ойлар туралы қысқа эссе жазыңыз. Эсседе ақынның өлеңдеріндегі өмірдің мәні,

уақыттың құндылығы және қазақ халқының рухани қасиеттеріне назар аударыңыз.

- **Мақсаты:** Оқушылардың философиялық ойды түсіну қабілетін дамыту.

## 2. «Қазақтың болмысы» – өлең жазу

- **Тапсырма:** Қадыр Мырза Әлі стилінде «Қазақтың болмысы» тақырыбында өз өлеңдерін құрастыру. Өлеңдерде ұлттық қасиеттерді, қазақ жерінің табиғатын және халықтың ерекшеліктерін бейнелеп көрсетуге тырысыңыз.

- **Мақсаты:** Шығармашылық қабілеттерін шыңдау, ұлттық сананы қалыптастыру.

## 3. «Поэзиядағы ой орманы» – талдау жасау

- **Тапсырма:** Ақынның «Ой орманы» атты өлеңдер жинағынан бір өлең таңдап, оның негізгі идеясын, мазмұнын талдаңыз. Өлеңде көтерілген мәселелер мен ақынның өмірге деген көзқарасын зерттеңіз.

- **Мақсаты:** Әдеби талдау дағдыларын жетілдіру.

## 4. «Ақынға хат» – шығармашылық жазба

- **Тапсырма:** Қадыр Мырза Әліге арнап хат жазыңыз, онда оның шығармалары туралы пікіріңізді, ақын ретінде ойыңыз бен әсеріңізді бөлісіңіз. Оның поэзиясынан қандай құндылықтар алғаныңызды айтыңыз.

- **Мақсаты:** Шығармашылық ойлауды дамыту, әдебиеттің тұлғалық әсерін сезіну.

## 5. «Ақын бейнесі» постер жасау

- **Тапсырма:** Ақынның өмірі мен шығармашылығын бейнелейтін постер құрастырыңыз. Постерде оның негізгі шығармалары, философиялық ойлары, ұлттық құндылықтарды жырлауы көрсетілсін.

- **Мақсаты:** Ақынның шығармашылық мұрасын визуалды түрде ұғыну және көркем ойлау қабілетін дамыту.

## Қазақ киносының атасы

«Қазақ киносының атасы» ретінде танылған Шәкен Айманов — қазақ кино өнерінің іргетасын қалаған, оның дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті тұлға. Шәкен Кенжетайұлы Айманов 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келді. Оның шығармашылығы мен өмір жолы қазақ киносының қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Шәкен Аймановтың есімі қазақ киносының алтын қорында мәңгілікке жазылды, себебі ол алғашқы қазақ фильмдерін дүниеге әкеліп, ұлттық кино өнерін жаңа биіктерге көтерген дарын иесі.

Шәкен Айманов алғашқы кезде театрда жұмыс істеп, актерлік шеберлігін шыңдаған. Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрында ойнаған рөлдері оны халыққа танымал етті. Оның ерекше дарыны мен шеберлігі арқылы

сомдаған кейіпкерлері ұлттық өнердің биік шыңына айналды. Алайда, оның киноға деген құштарлығы мен таланты оны режиссерлікке алып келді.

1940 жылдары Шәкен Айманов кино режиссері ретінде өзін көрсете бастады. Оның ең алғашқы сәтті жұмыстарының бірі — «Абай әндері» (1945) фильмі болды. Бұл фильмде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы көркем бейнеленіп, қазақ кино өнеріне тың серпіліс берді. Кейіннен Шәкен Айманов «Жамбыл» (1952), «Біз осында тұрамыз» (1956), «Тақиялы періште» (1968) және «Атаманның ақыры» (1970) сияқты қазақ киносының классикасына айналған фильмдерді түсірді. Осы туындылар арқылы ол қазақтың ұлттық ерекшелігін, мәдениетін, тарихын кино өнері арқылы тереңінен жеткізе білді.

Шәкен Айманов тек режиссер ғана емес, қазақ киносының шебер актері де болды. Оның «Тақиялы періште» фильміндегі Тана мырза рөлі халықтың есінде мәңгілікке қалды. Ол ұлттық мінезді, қазақтың салт-дәстүрін, қарапайым халықтың өмірін экранда шынайы бейнелеп, көрермен жүрегіне жол тапты.

Шәкен Аймановтың еңбегі елеусіз қалмады. Ол КСРО халық әртісі атағына ие болып, түрлі мемлекеттік марапаттармен марапатталды. 1970 жылы «Атаманның ақыры» фильмі бүкілодақтық кинофестивальде жүлделі орынға ие болды. Шәкен Айманов — қазақ киносының негізін қалаушы ұлы тұлға. Оның шығармашылығы мен киноға қосқан үлесі ұлттық мәдениетіміздің мәңгілік құндылығы болып қалды.

### ***1-тапсырма***

1. Шәкен Айманов не үшін қазақ киносының атасы деп аталады?

а) Ол алғашқы қазақ фильмдерін түсіріп, ұлттық кино өнерінің дамуына үлкен үлес қосты.

б) Ол қазақ театрында үздік актер болды.

в) Ол көркем әдебиет жазды.

г) Ол әлемдік фильмдерді қазақ тіліне аударды.

2. Шәкен Аймановтың кино саласындағы қандай туындысы қазақ киносының классикасына айналды?

а) “Абай әндері”

б) “Қыз Жібек”

в) “Алпамыс батыр”

г) “Көшпенділер”

### **Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы**

Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы – қазақ драматургиясының алтын қорындағы шоқтығы биік шығармалардың бірі. Бұл драма өзінің терең философиялық ойлары, әлеуметтік тақырыптары және шынайы адам тағдырларын бейнелеуімен ерекшеленеді. Шығарма алғаш рет 1970 жылы жазылып, сахна төріне қойылды. Дулат Исабеков өз дәуірінің әлеуметтік

мәселелерін драманың ортасына алып, отбасы, тұрмыс және қоғамның қысымы сияқты маңызды тақырыптарды көтереді.

«Әпке» драмасы – отбасылық қатынастардың нәзік және күрделі қырларын ашып көрсететін шығарма. Негізгі кейіпкері – апасы Қамқа. Ол ауылдық жерде өмір сүретін қарапайым әйел, бірақ оның тағдыры ауыр және жауапкершілікке толы. Қамқа – отбасының тірегі, ол анасының рөлін атқарып, өз бауырларын тәрбиелеумен айналысады. Жас кезінде тұрмысқа шықпай, барлық күш-жігерін бауырларына арнаған Қамқаның образы әйелдің құрбандығын, мейірімділігін және еңбекқорлығын бейнелейді. Қамқа өмірінің қиындығына қарамастан, ешқашан мойымайды, керісінше, өз міндетін адал атқаруға тырысады.

Драманың тағы бір маңызды тақырыбы – ауылдағы тұрмыс-тіршілік. Исабеков ауыл өмірін реалистік тұрғыда көрсетіп, оның қиындықтары мен қоғамның кейбір әдет-ғұрыптары арасындағы қақтығыстарды шынайы бейнелейді. Қамқаның бауырлары есейіп, өз өмірлерін құруға тырысады, бірақ олардың әрқайсысының тағдыры әртүрлі бағытта өрбиді. Осы тұрғыда драма қоғамның дамуы мен адамдардың көзқарастарының өзгеруі арасындағы қайшылықтарды да көрсетеді. Исабековтің «Әпке» шығармасы ұлттық драматургияда ерекше орын алады. Оның көтерген мәселелері мен кейіпкерлерінің өмірі шынайы әрі әсерлі. Шығармада көрініс тапқан әйелдің ішкі әлемі, отбасы алдындағы міндеті және қоғамдағы орны қазақ әйелдерінің өмірін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи деректерге сүйенсек, «Әпке» драмасы алғаш сахналанғаннан бастап үлкен табысқа ие болған. Бұл драма Қазақстанның көптеген театрларында қойылып, көрерменнің жүрегіне жол тапты. Қамқа образы халық арасында ерекше сүйіспеншілікке бөленіп, көптеген актрисалардың сомдауындағы есте қаларлық рөлге айналды. Әсіресе, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында бұл драма көп жылдар бойы қойылып келеді. Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы – қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін терең қозғаған әрі адам жанының нәзік иірімдерін бейнелеген көркем туынды. Бұл шығарма қазақ театр сахнасында ұзақ уақыт бойы сақталып, жас ұрпаққа үлкен рухани мұра ретінде жететіні сөзсіз.

### ***1-тапсырма***

1. «Әпке» драмасының негізгі кейіпкері Қамқа қандай рөл атқарады?

- а) Ол отбасының тірегі және бауырларын тәрбиелеуге арналған
- б) Ол ауылдың қоғамдық өмірінде белсенді қатысады
- в) Ол тұрмыс құрмағандықтан қоғамнан шеттетілген
- г) Ол кәсіпкерлікпен айналысады

2. Дулат Исабековтің «Әпке» драмасында қандай маңызды әлеуметтік мәселе қозғалған?

- а) Отбасылық жауапкершілік және қоғам қысымы
- б) Ауыл шаруашылығының дамуы
- в) Мемлекеттік саясаттың өзгеруі

г) Қалалық және ауылдық өмірдің артық

## **2-тапсырма**

### **1. «Қамқа бейнесі» кейіпкер анализі**

**Тапсырма:** Оқушыларға Қамқа бейнесіне қысқаша сипаттама жазу ұсынылады. Содан кейін топтарға бөлініп, оның қандай қасиеттерін өз бойларына үлгі еткісі келетінін айтып, талқылау жасайды.

**Мақсаты:** Оқушылардың кейіпкердің жан-дүниесін түсініп, өмірлік құндылықтарды саралай білуіне көмектесу.

### **2. «Отбасы құндылықтары» постер жасау**

**Тапсырма:** Оқушыларға «Отбасы құндылықтары» тақырыбында постер жасау ұсынылады. Постерде Қамқаның бауырлары үшін жасаған құрбандықтарын көрсететін көріністер болуы керек. Постерде өз отбасындағы құндылықтармен параллельді түрде бейнелеуге болады.

- **Мақсаты:** Отбасыға деген құрметті қалыптастыру, шығарманы түсіну.

### **3. Диалог қою: «Қамқа және бауырларының диалогы»**

**Тапсырма:** Оқушылар Қамқа мен оның бауырлары арасында еркін диалог құрып, сахналайды. Диалогта бауырлар арасындағы қайшылықтар мен Қамқаның жауапкершілігі көрініс табуы керек.

**Мақсаты:** Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты ұғыну, диалог құру дағдыларын дамыту.

### **4. Қамқаға хат жазу**

- **Тапсырма:** Оқушылар Қамқаға хат жазып, оған өз ойларын, оның өмірі мен құрбандығына деген көзқарастарын білдіреді. Хатта оқушылардың Қамқаға арнаған кеңестері мен пікірлері жазылады.

**Мақсаты:** Оқушылардың сыни және шығармашылық тұрғыда ойлау қабілетін жетілдіру.

### **5. «Сахнадағы Қамқа» – Көрініс суреттеу**

**Тапсырма:** Қамқаның сахнадағы кейбір маңызды көріністерін елестетіп, оларды суреттеп жазыңыз. Оқушыларға сахнаға ерекше көңіл бөліп, әр көріністің маңыздылығын бейнелеп, сипаттау ұсынылады.

**Мақсаты:** Шығарма мазмұнын терең сезіну, шығармашылық тұрғыдан баяндау қабілетін дамыту.

## **Кәсіпкерлік-шеберлік**

Кәсіпкерлік – адамзат өркениетінің дамуындағы маңызды құбылыс, ал шеберлік – оның табысты болуының басты кепілі. Кәсіпкерлік тарихы адамзаттың алғашқы экономикалық қарым-қатынастарынан бастау алады. Алғашқы саудагерлер мен қолөнершілер өз шеберліктері арқылы материалдық игіліктерді өндіруде ерекше орын алған. Бүгінгі таңда кәсіпкерлік –

экономиканың қозғаушы күші және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі факторы.

Кәсіпкерлік шеберлік тек қарапайым сауда немесе өндіріс қана емес, ол инновациялар мен жаңа идеяларды жүзеге асыруға бағытталған қабілет. Кәсіпкер болу үшін адамға шығармашылық ойлау, стратегиялық жоспарлау, тәуекелге бару және нарықтың өзгерістеріне жылдам бейімделу секілді қасиеттер қажет. Кәсіпкердің шеберлігі оның бәсекелестікке қабілетті болуына және жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ тарихында да кәсіпкерліктің тамыры тереңде жатыр. Қолөнершілер мен саудагерлер көшпенділер қоғамында маңызды рөл атқарған. Әсіресе, Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-саттықтың өркендеуі кәсіпкерліктің дамуымен тікелей байланысты болды. Сол кезден бастап қазақтар арасында кәсіпкерлікке деген ынта-ықылас жоғары болды, ал шеберлікке деген құрмет ерекше орын алған.

Кәсіпкерлік шеберлік бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Қазіргі нарықтық экономикада табысты болу үшін кәсіпкерлерге инновациялық ойлау, заманауи технологияларды меңгеру және нарықтың сұранысын түсіну қажет. Бұл тұрғыда әлемге әйгілі кәсіпкерлердің үлгісі маңызды. Мысалы, Стив Джобс, Билл Гейтс және Илон Маск сияқты тұлғалар өздерінің шеберліктері мен кәсіпкерлік қабілеттері арқылы жаңа технологиялық революцияны бастап, әлемдік нарықтарды өзгертті.

Қазақстанда да кәсіпкерлікке үлкен мән берілуде. Елдегі шағын және орта бизнес саласының дамуы мемлекеттің экономикалық қуатының артуына септігін тигізіп келеді. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары жүзеге асырылып, жас кәсіпкерлердің жаңа жобаларын қолдауға бағытталған бастамалар көптеп қолға алынуда. Олардың шеберлігі тек жеке пайда табумен шектелмей, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да өз үлесін қосуда. Кәсіпкерлік пен шеберлік тығыз байланысты ұғымдар. Табысты кәсіпкер шеберлігін шыңдап, әрқашан дамып отыруы тиіс. Шеберлік – уақытпен қалыптасатын қасиет, ал кәсіпкерлік – оның нәтижесін көрінетін алаң. Бүгінгі заманда бұл екі қасиетті үйлестіре білген адам үлкен жетістіктерге жете алады. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім Әлеуметтік сұраныс пен отандық өнім арасындағы байланыс – экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды факторларының бірі. Әлеуметтік сұраныс дегеніміз – қоғамның белгілі бір уақыттағы тұтынушылық қажеттіліктері мен талаптары. Бұл сұраныс тек материалдық игіліктерді ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсету, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерді де қамтиды. Ал отандық өнім – ел ішіндегі кәсіпорындар мен өндіріс орындарында жасалған тауарлар мен қызметтер. Қазақстанның нарықтық экономикаға көшкен кезеңінен бастап, әлеуметтік сұраныстың өзгеруі отандық өнім өндірушілерге жаңа талаптар қойды. Тұтынушылардың сапаға, экологиялық тазалыққа және қолжетімділікке деген сұранысы өсті. Осыған байланысты қазақстандық өндірушілер өз өнімдерінің сапасын арттыруға, заманауи технологияларды енгізуге және жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті сақтауға мәжбүр болды. Тәуелсіздік

жылдарында Қазақстан экономикасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, жана кәсіпорындар мен өндіріс орындары пайда болды. Елдегі жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, азық-түлік және басқа да салаларда отандық өнімдер өндірісі дамып, халықтың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды. Мысалы, ұлттық тағам өнімдері, киім-кешек және құрылыс материалдары өндірісі жылдан жылға кеңейіп келеді.

Отандық өнімнің сұранысы елдегі экономикалық тұрақтылықтың көрсеткіші болып табылады. Әлеуметтік сұранысқа сай өнім шығару арқылы кәсіпкерлер ішкі нарықта бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Сонымен қатар, тұтынушылардың отандық өнімге деген сенімі мен қызығушылығы арта түседі. Әсіресе, қазақстандық тұтынушылардың экологиялық таза және табиғи өнімдерге деген сұранысы жоғары.

Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсіп салалары үлкен әлеуетке ие. Әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру үшін отандық өнім өндірушілер инновациялық шешімдер мен заманауи технологияларды қолдануы қажет. Мысалы, бүгінгі таңда цифрлық экономика мен электронды сауда жүйесі тұтынушылардың талаптарын жедел түрде қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық кәсіпкерлер осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өз өнімдерін халыққа қолжетімді етуде.

Сонымен қатар отандық өнімге қолдау көрсету мемлекет үшін де маңызды. Қазақстан үкіметі шағын және орта бизнесті қолдау, отандық өнім өндірушілерге салықтық жеңілдіктер беру және экспорттық әлеуетін арттыру бағытында бірқатар шаралар қабылдауда. Бұл шаралар ұлттық экономиканың дамуына, жұмыс орындарының көбеюіне және халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік сұраныс пен отандық өнім бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Халықтың қажеттілігін қанағаттандыру арқылы отандық өнім өндірушілер экономиканың өсуіне ықпал етеді, ал әлеуметтік сұраныстың артуы отандық өндірістің дамуына серпін береді. Қазақстанда өндірілген өнімдер тек ел ішінде ғана емес, халықаралық нарықта да өз орнын табуда, бұл еліміздің болашағының жарқын болатынының белгісі.

### ***1-тапсырма***

1. **«Кәсіпкердің жолы»** ойыны: Оқушылар мәтінге сүйене отырып, кәсіпкерлікке байланысты бір жағдай ойлап табады. Әр оқушы өзінің бизнесін қалай бастағанын қазақ тілінде сипаттап, сол бизнесті дамыту үшін қандай шеберліктер қажет екенін айтып береді.

2. **«Шеберлік көрінісі»** тапсырмасы: Мәтінде айтылған кәсіпкерлік шеберлікке қатысты бір мысалды алып, оқушылар сол мысалды қазақ тілінде суреттеп шығады. Мысалы, стратегиялық жоспарлау немесе тәуекелге бару.

### **«Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім»**

**3. «Жас кәсіпкер» ойыны:** Оқушыларға қазақстандық отандық өнімді ойлап табу тапсырмасы беріледі. Әр оқушы өз өнімін қазақ тілінде сипаттап, оның неге сұранысқа ие болатынын түсіндіреді. Мысалы, экологиялық таза өнімдер туралы идеяны қалай жүзеге асыруға болатынын айтып береді.

**4. «Сұранысқа сай өнім» тапсырмасы:** Оқушылар отандық өнімдерге қандай әлеуметтік сұраныстар бар екенін мәтіннен алып, сол сұраныстарды қанағаттандыру үшін не істеуге болатынын қазақ тілінде талқылайды.

**Мақсат:** Диалог құру, өз пікірін жеткізу дағдыларын дамыту.

### **6. «Кәсіпкерлік пен шеберлік арасындағы байланыс» коллаж жасау**

**Тапсырма:** Мәтінді талдай отырып, оқушыларға «Кәсіпкерлік және шеберлік» тақырыбында коллаж жасау ұсынылады. Олар кәсіпкерлердің шеберліктерін бейнелейтін суреттер, бейнелер немесе сөздер таңдауы керек (мысалы, шығармашылық, инновациялар, тәуекел, жоспарлау).

**Мақсат:** Тақырыптық сөздерді түсіну, креативті ойлау дағдыларын дамыту.

### **7. Инфографика жасау: Кәсіпкерліктің дамуы**

**Тапсырма:** Оқушылар кәсіпкерліктің тарихи дамуы мен бүгінгі маңызын инфографика ретінде ұсынады. Ұлы Жібек жолынан бастап заманауи кәсіпкерлерге дейінгі кезеңдерді қамтуға болады.

- **Мақсат:** Ақпаратты құрылымдау, визуалды түсіндірме жасау дағдыларын қалыптастыру.

### **8. «Отандық өнімді жарнамалау» жобасы**

**Тапсырма:** Әр оқушы немесе топ бір отандық өнімді таңдап, оны жарнамалайтын постер немесе қысқа мәтін құрайды. Жарнамада өнімнің артықшылықтары мен ерекшеліктерін атап көрсетеді.

**Мақсат:** Жазу дағдыларын дамыту, мазмұнды қазақ тілінде жеткізу.

### **9. «Белгілі кәсіпкерлерден кеңес» эссе жазу**

**Тапсырма:** Мәтінде аталған белгілі кәсіпкерлерден (мысалы, Стив Джобс, Билл Гейтс, Илон Маск) кеңес сұрау ретінде эссе жазыңыз. Егер олармен сұхбаттасу мүмкіндігі болса, қандай сұрақтар қояр едіңіз, және олардың кәсіпкерлік туралы қандай кеңестерін естуді қалайсыз?

**Мақсат:** Эссе жазу, кәсіпкерлік туралы ой толғау.

## **10- СЫНЫП**

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 10-сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуда оқылым әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»



**Бөлім тақырыбы: II. Отандық өнімді пайдаланамыз. Ғабиден Мұстафин**

**«Қарағанды» романынан үзінді**

**Бөлімше тақырыбы:** Еліміздегі өнеркәсіптің дамуы

**Оқу мақсаты:** 10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.

**Сабақтың мақсаты**

➤ мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.



**Оқылым.**

*Тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Тапсырмаларды мұқият орындаңыздар.*

**«Astana Ютария Ltd» өндірістік инновациялық компаниясы»** – жеңіл өнеркәсіптік өнім өндірісімен, техникалық реттеу саласындағы стандарттарды жетілдірумен айналысатын Қазақстандағы алдыңғы қатарлы компания.

Кәсіпорын жылына 2 млн-ға тарта бұйымды шығаруға қауқарлы. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағында орналасқан серіктестік бүгінгі таңда 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отыр.

Компания жыл сайын өндіріс көлемін ұлғайтуда. Сол себепті мұнда еңбек ететін адамдардың саны да үнемі артып отырады. Кез келген жұмыс берушіге білікті әрі тиісті салада тәжірибесі бар мамандар қажет. Нарықта бәсекелестікке қабілетті болу үшін **«Astana Ютария Ltd»** ЖШС-нің жетекшілігі тігін фабрикасының базасында оқу орталығын ұйымдастырыпты. Мұнда «Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының шеңберінде Астананың жұмыссыз жүрген азаматтарының тігінші мамандығының қыр-сырын меңгеруіне жағдай жасалады. Арнайы курстың мерзімі аяқталған соң, оның оқушыларына компанияда жұмыс істеу мүмкіндігі ұсынылады.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша фабриканың оқу орталығында қазір 18 адам білімін жетілдіріп жатыр. Солардың бірі – Нәзира Қасымова. Ол 3 айлық курсты тәмамдағаннан кейін **«Astana Ютария Ltd»** ЖШС-де жұмыс істеп, кәсіпорынның қарқынды дамуына, өнімді көптеп шығаруға өзіндік үлесін қоспақшы.

«Арнайы курстан әлі 2 ай өтемін. Бізге **«Astana Ютария Ltd»** серіктестігінің қызметкерлері дизайн, модельдеу, пішу, тігу дағдыларын игеруге көмектеседі. Сондай-ақ біз кәсіпті жүргізу бойынша да сабақ аламыз. Тәжірибесі мол мамандардың білгенін үйреніп жатқанымыз, әрине, қуантады», – дейді ол.

«Astana Ютария Ltd» компаниясы – бүгінгі таңда елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізген ірі кәсіпорындардың бірі. Оның нарықтағы әлеуеті жоғары. Осыны ескеріп, мен алдағы уақытта осында жұмыс істеуді жоспарлап отырмын», – деп бөлісті Нәзира Қасымова.

Жеңіл өнеркәсіп саласын кадрлармен қамту үшін «Astana Ютария Ltd» өндірістік инновациялық компаниясы», сондай-ақ, «Білім берудің дуалды жүйесі» бағдарламасы бойынша оқыту жобасын іске асыруда.

<https://ulagat.com/2020/08/30/>

**1-тапсырма.** Жеке жұмыс. «Кім жылдам?» әдісі. Мәтіннен 1 негізгі және 2 қосымша ақпаратты анықтаңыз.

Негізгі ақпарат
Қосымша ақпарат

**2-тапсырма.** Жұптық тапсырма. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі.

Мәтіндегі 2 фактілік деректі анықтап, оларға қатысты автор көзқарасы берілген сөйлемді анықтаңыздар.

Фактілік дерек	Көзқарас

**Дескриптор**      *Білім алушы*

- мәтіннен негізгі ақпаратты беретін бір сөйлемді анықтайды-1 балл
- мәтіннен негізгі ақпаратты беретін бір қосымша сөйлемді анықтайды-1 балл
- екі фактілік деректі анықтайды-1 балл
- автор көзқарасы берілген сөйлемді анықтайды - 1 балл

**Педагогке әдістемелік көмек:**

10-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «Еліміздегі өнеркәсіптің дамуы» тақырыбы бойынша «10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.» оқу мақсатымен жұмыс жүргізуде бүгінгі таңда елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізген ірі кәсіпорындардың бірі екендігі туралы біледі. «**Astana Ютария Ltd**» компаниясы – бүгінгі таңда елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізген ірі кәсіпорындардың бірі екендігі туралы нақты ақпаратпен танысады.

**1-тапсырмада «Кім жылдам?» әдісін пайдалана отырып, білім алушылардың зеректік қабілетін дамыту, логикасын дамыту, ойлау қабілетін және жылдамдығын арттыру мақсатында оқушыны сауаттылыққа, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландырады.**

**2-тапсырмада «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісінің тиімділігіне тоқталсақ, жұптық жұмыс білім алушының өз бетімен ізденуге талпындырады. Төмен деңгейдегі білім алушының қасына жоғары деңгейдегі білім алушыны жұппен отырғыза отырып, тапсырма берсек, сонда төмен деңгейдегі білім алушының мотивациясы артады және сабаққа деген қызығушылығы жоғарылайды.**

**Бөлім тақырыбы: III. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті .  
Дулат Исабеков «Әпке» драмасы**

**Бөлімше тақырыбы:** Кино - өнер саласы

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

**Сабақтың мақсаты:**

➤ әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдап, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды.



**Оқылым.**

**Тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдаңыздар.

Қазақ кино өнерінің алтын тірегі «Гауһартас» фильмі 1975 жылы жарыққа шықты. Бүкілодақтық тұсаукесері 1977 жылдың маусым айында Мәскеу қаласында өтті. «Гауһартас» киносы танымалдылығы жағынан күллі Кеңес Одағы бойынша «Қыз Жібек» фильмінен кейінгі екінші орында болды. Жазушы-драматург Дулат Исабеков сценарийі бойынша түсірілген фильм бірден көрермендердің жүрегін жаулап алды. Тамаша туынды қазақ жерінде ғана емес, өзге мемлекеттердің экрандарынан көрсетілді. Қарапайым шаруа шаңырағына бойжеткен Салтанат келін болып түседі. Шаруаның үлкен ұлы, белді шопан Тастанның жары атанған Салтанат жүрегі мейірімге толы жан. «Келіні жақсы үйдің керегесі – алтын» дегендей, Салтанат келін болғалы бері, бұл шаңыраққа мейірім мен жылулық сәулесі төгілді. Салтанаттың жібек мінезіне ата-енесі де дән риза. Қайыркен де жеңгесіне еркелеп, онымен жақсы дос болады. Тек мінезі ауыр Тастан ғана Салтанатқа қатаң қарайды. Ер-азаматының мейіріміне бөлене алмаған Салтанат ауыр дертке шалдығады.

Режиссер Шәріп Бейсембаевтың «Гауһартас» киносында Кәукен Кенжетәев, Әмина Өмірзақова, Әнуар Боранбаев, Кененбай Қожабеков т.с.с. қазақ өнерінің хас шеберлері бой көрсетеді. Сондай-ақ, Досхан Жолжақсынов, Жанна Қуанышева, Сапарғали Жәкішев сияқты сол кездегі жас актерлер түсті.

Басты кейіпкер Салтанат келіннің бейнесін сомдаған Жанна Қуанышева нағыз қазақ келінінің бейнесін көрсете білді. Жаны сұлулық пен нәзіктік атаулысына құштар көнбіс мінезділігінің арқасында ол талай көрерменнің

жүрегіне жол тартты. Ал оның жары Тастан рөлін сомдаған Әнуар Боранбаев салқын мінезді нағыз ер-азаматтың бейнесін көрсете алды.

«Гауһартас» киносы қазіргі таңда қайта жаңғырды. Киносүйер қауым тамаша туындыны телеарналардан ғана емес, енді ғаламтор арқылы да көре алады.

<https://massaget.kz/kino/gauhartas-kazak-kinosyinyin-altyin-treg--1061/>

**1-тапсырма.** «Тізбектей оқыту» әдісі бойынша, мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыздар.

**2-тапсырма.** «Галереяға шарлау» әдісі. Әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдап, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалаңыздар.



**Дескриптор:** Білім алушы

-мәтінді тізбектей оқиды-1 балл;

-әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды  
-1 балл;

- кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды-1 балл

**Педагогке әдістемелік көмек:**

10-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «Кино - өнер саласы» тақырыбы бойынша «10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау». Оқу мақсатымен жұмыс жүргізуде кино өнері әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

**1-тапсырмада** «Тізбектей оқыту» әдісі. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдісі танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге және оқуға қызығушылығы артады.

**2-тапсырмада** «Галереяға шарлау» әдісін қолданады. Білім алушылар жұмыстарға шолу жасап, қабырғада ілінген суреттер бойынша сыныптастарына пікірлерін сараптайды, талқылайды, кабинет ішінде қозғалысқа түседі. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды.

**Бөлім тақырыбы:** «Ұлттық экологиялық мәдениет. Қадыр Мырзалиев «Аралым» өлеңі» бөлімі

**Бөлімше тақырыбы:** Дала экожүйесі

**Оқу мақсаты:** 10.3.5.1 мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау.

### Сабақтың мақсаты:

- Қосымша материалдар бойынша ортақ қорытынды жасайды.



**Оқылым. Тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды сауатты орындаңыздар.

Ата-бабаларымыз тіпті аң-құстар арқылы да айналадағы құбылыстардың сырын аңғарып, құпиясын ұға білген. Бізге жеткен ата ұрпақтың пайымдауы бойынша, мысалы, шағалалар көл үстінде ұшып жүріп тоқтаса, артынша ауа райы бұзылады. Ал егер шабақ балықтар су бетіне шығып қайта сүңгіп жүрсе, онда ізін суытпай жаңбыр болады. Ашық күнде қарлығаштар ұшып, жүруін тоқтатса, онда көп ұзамай дауыл тұрады. Жазда шегірткелер шырылын тоқтатып, жым-жылас болып айналада тыныштық орнаса, онда жедел-ғабыл жаңбыр жауады. Қыста ақбөкендер жайылымын тастап, басқа жаққа жосылып кете бастаса, немесе сексеуіл тоғайы мен құм төбелерді паналаса, онда ол жерде көп ұзамай боран соғады, көктемнің бірінші жаңбырында күн күркіресе, шөп шүйгін шығады, күн батарда аспанның солтүстігі қоңырқай тартса, жел тұрады; күн бұлтқа батса, келесі күні жауын-шашын болады, ашық батса, күн ашық болады.

Осылайша қазақ атам өз жерінің табиғатын, онда болатын құбылыстарды жақсы біліп, осыған орай өз әрекеттерін алдын ала болжап отырған.

Атадан балаға ғасырлар бойы іс арқылы ұдайы қайталанып жеткен бұл асыл қасиеттерді бір-бірімізге, ұрпақтарымызға үйрету – халық дәстүрі, экологиялық мәдениетіміздің ажырамас бөліктері. Айта берсек, атам қазақ тек табиғаттың өзі берген игіліктерімен ғана күн көріп жүрген шағында жыл мезгілдеріне орай уақыттың маусымдық, айлық межелерін: көктем шыға, жаздың басында, күз түсе, қар бір жауғанда, қыс ортасында, құралайдың салқыны кезінде, өліарада, жазғытұрымда, көк шыға, ел жайлауға көшерде, күзекке көтерілгенде, қыстауға қайтар кезде, т.б., ал қысқа уақыт өлшемдерін: таң алдында, таңсәріде, елең-алаңда, таң құланиектене, күн шыға, күн көтеріле, күн құрық бойы көтерілгенде, күн арқан бойы көтерілгенде, түсте, сәске түс, тал түс, талма түс, түс ауа, түс қайта, кешке қарай, кешқұрым, ақшам кезінде, қас қарая, апақ-сапақта, қызыл іңірде, түнде, түн ортасы, түн ортасы ауа деп белгілеген.

Тіпті кейбір шаруашылық әрекеттерінің өзін экологиялық уақытпен орайластырған: жылқы күзерде, бие байларда, күзем жүн қырқымында, қозы күземде, соғым басында, ел орынға отырарда, құс қайта, қансонарға шығарда; ал кейбір мезеттік сәттерді: ат ерттегенше, сүт пісірім, шай қайнатым, бие сауым, көз шырымын алғанша, ет асым сияқты межелермен мөлшерленген. Немесе үркер көтеріле, сүмбіле туа, жұлдыз сөне, т.б. деп келетін межелерді тек қана экологиялық уақыт өлшемі емес, эко жүймен байланысты ситуациялық уақыт өлшемдері деп те қарастыруға болады...

[https://ust.kz/word/ekologiya\\_jane\\_biz\\_esse-244888.html](https://ust.kz/word/ekologiya_jane_biz_esse-244888.html)



1- **Топтық жұмыс.** «ДЖИГСО» әдісін пайдаланып мәтінді топта талқылап, мәтіннің тақырыбын анықтаңыз.



2- **Жұптық тапсырма.** «Кестені толтыр» әдісін пайдаланып, кестеде берілген уақыт өлшемдерін қазіргі уақыт өлшемдерімен теңестіріп, мағынасын қосымша материалдар бойынша табыңыздар.

Сүт пісірім	
Шай қайнатым	
Жұлдыз сөне	
Сәске түс	
Түс қайта	
Ел жайлауға көшерде	

**Дескриптор**

*Білім алушы*

- берілген мәтінді талқылайды-1 балл;
- мәтіннің тақырыбын анықтайды-1 балл;
- сөздердің мағынасын анықтайды-1 балл;
- қосымша материал бойынша ортақ қорытынды жасайды-1 балл

**Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:**

10-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде білім алушылар «Дала экожүйесі» тақырыбы бойынша «10.3.5.1 мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау» оқу мақсатын алып отырмын, себебі білім алушылар қоршаған орта туралы толықтай мағлұмат алады. Өзімізді қоршаған ортаға немқұрайлы қарамай, тазалықтың маңызын түсіндіре отырып, оқушылардың бойында экологиялық мәдениеттің қалыптасуын қамтамасыз етуіміз керек. Ата-бабаларымыз тіпті аң-құстар арқылы да айналадағы құбылыстардың сырын аңғарып, құпиясын ұға білген. Сонымен қатар олар «Табиғатты қорғау-табиғатты аялау әр адамның міндеті « екенін ұғынады.

**1-тапсырмада** «ДЖИГСО» әдісін топтық жұмыс жасау барысында пайдаланған тиімдірек. Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды.

**2-тапсырмада** «Кестені толтыр» әдісін қолданып, кестеде берілген уақыт өлшемдерін қазіргі уақыт өлшемдерімен теңестіріп, мағынасын қосымша материалдар бойынша табады.

**Бөлім тақырыбы:** V. «Мұхит тіршілік мекені. Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» бөлімі

**Бөлімше тақырыбы:** Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» романы

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген мәселені талдау және әлеуметтік қоғамдық шынайы өмірмен кейіпкерлерді салыстырып бағалау

**Сабақтың мақсаты:**

- көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдап, кейіпкерді шынайы өмірмен байланыстыра салыстырады



**Оқылым.**

*Тапсырма. Үзіндіні оқып, төмендегі берілген тапсырмаларды орындаңыздар.*

...Еламан әбден қас қарайғанша тұрды. Ай туған жоқ. «Ертең күн шағырмақ, ашық болар», - деді Еламан. Ертеңіне бұл тіпті ерте оянды. Түнімен тырп етпей шыққан Ақбаланың ұйқысын бұзғысы келмеді де, төсектен ақырын түсті. Үй ішінде де сыбдырсыз ақырын қозғалып, кеше жатар алдында пешке жайған киімдерін киді. Күндегі әдетпен бүгін де түннен қалған бірдеңені талғажау етті де, Ақбала екеуі «жылауық неме» деп ат қойған жаман есікті сықырлатпай ақырын ашып, сыртқа шықты.

Еламан теңізге тартты. Бұл ақ қар, көк мұз үстінде күні бойы жалғыз. Мұз ояды. Ау қарайды. Теңізге шыққанда, сірә да, маңындағы кісі-қараның бар-жоғын байқамайтын. Төбеде көк аспан. Табан асты көк теңіз. Екі дүние арасында жабырқау ойды жанына серік қып, күні бойы күйбеңдеп жүріп өмір жөнінде ойлайды. Өзі жөнінде ойлайды. Өзінің теңіз үстінде ғана емес, өмірде де жалғыз екенін ойлайды. Әке-шешеден ерте айрылды.

Еламан күрсінді. Аяғы астында жатқан бір-екі балықты етігінің тұмсығымен теуіп, өзінен әрегірек ысырып тастады да, аудың арқалығын ұстады. Қас қараймай тұрғанда, үйге тезірек жеткісі кеп еді; бірақ жалғыз кісіге ой үйір келе ме, күтпеген жерден қайын атасы есіне түсті. Еламанды «балықшы» деп атап, бұған айтқан қай сөзді де әзілге шаптырып оскырынып отырады. Оған бұл үйренген. Кеше де қатынаған біреуден «балықшыға сәлем айт, ауыз ашқасын барам» деп хабар жіберіпті.

Бұған Ақбала қатты қуанды. Қыз дәурені қырда өткен Ақбала теңіз өңірінің тірлігіне үйрене алмады. Жаз аптап, ыстық. Маса. Сона. Балық сасыған ауа да бұған жат. Балықшы жігіттің босағасын аттаған күннен бастап сыртқа шықпай, үйге тығылып алды. Ауыл-үйдің арасында ала көз, күңкіл көбейді: «Жабайы», - деді. «Тәкаппар», «менмен» деді.

Ақбала бәрін естіп, бәрін білсе де, иманы селт еткен жоқ. Ауылдас әйелдер айтса айтқандай менмен, тәкаппарлық па, әйтеуір қасақана әлгілерге «Ал, көр! Көріп ал!» дегендей, тәкаппар басын шалқақтата тік ұстап, аяғындағы қылмиған қазық өкше етікті аналар іші күйсін дегендей сықыр-сықыр басып алдарынан өтер еді.


**1- Жұптық жұмыс.** Үзіндіде көтерілген мәселені анықтаңыз. Сол мәселе бүгінгі күні өзекті ме? Ойыңызды «ПОПС» формуласы арқылы жеткізіңіз.

**Бірінші сөйлем** «Менің ойымша,...»

**Екінші сөйлем** «Себебі, оны былай түсіндіремін...»

**Үшінші сөйлем** «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» **Соңғы сөйлем** «Осыған байланысты мынадай қорытынды шешімге келдім...».

**2-тапсырма. Топтық жұмыс.** Еламан мен Ақбалаға мінездеме жасаңыз. «Бүгінгі таңда осындай мінезді адамдар кездесе ме?» деген сұраққа «Венн диаграммасын» пайдаланып, жауап беріңіз. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстыра салыстырыңыз. Кейіпкерлердің мінезіндегі ортақ қасиетін анықтаңыз.



Дескриптор

- үзіндіде көтерілген мәселені анықтайды-1 балл;
- кейіпкерлерге мінездеме береді- 1 балл;
- кейіпкерлердің мінезіндегі ортақ қасиетін анықтайды-1балл;
- кейіпкерлерді бүгінгі таңдағы адамдармен салыстырады-1 балл

**Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:**

10-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» романы» тақырыбы бойынша «10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген мәселені талдау және әлеуметтік қоғамдық шынайы өмірмен кейіпкерлерді салыстырып бағалау». Оқу мақсатымен жұмыс жүргізуде шығарманың негізгі тақырыбы – балықшылар өмірін суреттеу арқылы сол кездегі замана шындығын суреттеген десем, автор сол суреттеуде тағдырдың қатал сынына кейіпкерлерін төтеп бергізе отырып шыдамдылық пен қайсарлықты дәріптеген.

**1-тапсырмада «ПОПС» формуласы** бұл сабақ барысында берілген тақырып бойынша білім алушы өз пікірлерін дәлелдеп, көз қарастарын өмірмен байланыстыра отырып, шешім шығарады.

**2-тапсырмада «Венн диаграмма»** арқылы адам бойындағы екі түрлі қасиетті табады.



## 11-СЫНЫП

**Бөлім атауы:** Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік

**Оқу мақсаты:** 11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру

**Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі**

**1-тапсырма.**

**Оқылымалды тапсырмасы.** «Галереяны шарлау» әдісі. Мұғалім тақырыпқа сай сынып бөлмесінде суреттерден көрме жасайды, оқушылар аралап жүріп, сабақта қандай мәселе талқыланатыны жайлы ойларын, қазіргі таңда пәтер мәселесінің жаһандық ауқымда көтеріліп жатқанын айтады.



**Т.Ж. Оқылым тапсырмасы.**

«ДЖИГСО» әдісі. Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды. Топта Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен берілген үзіндіні оқиды.

Топқа кесте беріледі, оқушылар топқа талқылап кестені толтырады

Шығармада көтерілген әлеуметтік- қоғамдық мәселе	Баға беру	Әлем әдебиеті үлгісіндегі шығармамен салыстыру

Дескриптор:

- үзіндіде көрсетілген мәселені анықтайды;
- өмірмен байланыстырады;
- шығармамен салыстырады;
- қорытынды жасап, бағалайды.

**Ж.Ж. Оқылымнан кейінгі тапсырма**

*«Комикс» әдісі. Жұпта сабақта жинақтаған білімдерін қолданып,*



*берілген комикс суреті бойынша «Бүгінгі күнгі пәтер мәселесі» тақырыбында сұхбат дайындайды.*

Дескриптор:

-жаңа сөздерді қолданады;  
-сурет бойынша ойын жинақтайды;  
-сұхбат құрады

**Сабақтың тақырыбы: Әлеуметтік теңсіздік: баспана мәселесі**

**Оқу мақсаты:** Ж.11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;

**Жазылымды тапсырма**

Білім алушыларға тақырыпқа қатысты тірек сөздер, сөз тіркестері беріледі. Оқушылар сол тірек сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрайды.

**Жазылым тапсырмасы:** Ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу. Аталған мақсатта мақала жазу үшін білім алушыларға мақала жазу ережесін береміз, бұл өзге тілді оқушылардың мақсатқа сай тапсырманы орындауына мүмкіндік береді.

**Тақырыбы:** *«Әлеуметтік теңсіздік: жастардың баспана мәселесі»*

**Мақала жазу алгоритмі**

1.Әр сөздеріңізге(факт, ой, мағына) бір абзацтан арнаңыз. Барлық абзацтың ұзақтығы бірдей болған жөн.

2.Мақаланың құрылымы жайлы ұмытпаңыз — Кіріспе (негізгі ойға қысқаша тоқталу)

Негізгі бөлім

Қорытынды(негізгі ойларыңызды қорытындылаңыз)

3. Мәтіннен бос сөздерді алып тастаңыз. Сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басталғаны дұрыс. Түсініксіз сөйлемдерді ауыстырыңыз. Бір сөйлем 6-7 сөзден тұруы керек.

4. Мақаланы дауыстап оқып шығыңыз. Стилистикалық қателер мен теріп жатқан кезде кеткен қателерді жөндеңіз. Қайталанатын сөздерді алып тастап, орнын синоним сөздермен толықтырыңыз.

«Біздің тілші» әдісі арқылы білім алушылар жазған мақалаларын сыныпта оқиды. Мұғалімнің нұсқауымен жіберілген қателерін жөндейді.

**Дескриптор:**

- сөз тіркестерін орынды қолданады;
- мақала жазады;
- құрылымын сақтайды;
- сауатты жазады;

**Бөлім атауы: Экология. Мұнай және атомдық индустрия**

**Оқу мақсаты:** Т.11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;

« Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің тарихына шолу жасау. Оқушылар өздері білетін ақпараттарымен бөліседі.



Тыңдалым тапсырмасы. <https://www.youtube.com/watch?v=PtKL8mRzB-s>

«Қазақстан мұнай өнеркәсібінің тарихы» деректі фильмін көреді. «Теріп жазу» кестесіне тақырыпқа қатысты арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің жазып алады. Мұғалімнің көмегімен термин сөздердің мағынасын түсінеді.

Мәтін	Сөздер, сөз тіркесі	Термин сөздер	Түсінік
Қазақстан мұнай өнеркәсібінің тарихы			

**Дескриптор:**

- тақырып бойынша өздері білетін ақпаратпен бөліседі;
- сөздер мен терминдерді теріп жазады,
- сөздердің мағынасын түсіндереді

**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.** Мәтіндегі ақпарат «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айту.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

**Дескриптор:**

- өз пікірін білдіреді;
- өз пікірін дәлелдейді;

- пікірін кіммен байланыстырады;
- қорытынды ой жазады;

### **Қазақстандағы болашақ атом электр станциясы**

**Оқу мақсаты:** О.11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (аннотация) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;

**Оқылым тапсырмасы.** Мұғалім оқушыларға ғылыми және публицистикалық стильдегі екі мәтін береді, оқиды, кесте толтырады, топта талқылайды.

#### ***1-мәтін.***

Атом электр станциясы (АЭС), ядролық электр станция — атом ядросының энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғы. АЭС ядроның нейтрондармен әсерлесуінен туатын энергия көмегімен жұмыс істейді. Ядролық реакторда жылу шығарғыш элемент — цилиндр немесе пластинка түріндегі ядролық отын, нейтрондарды баяулатқыш және бөлінген жылуды тасушы (су, газ, сұйық металдар) заттар орналасады. Реакторда бөлінген жылу жылу алмастыру қондырғысына беріледі. Соңғы екі қондырғы АЭС-ның ішкі тұйық контурын құрайды. Жылу алмастырғыш арқылы жылу сыртқы контурға бу түрінде беріледі. Бу турбинаны қозғап, электр генераторын жұмысқа келтіреді. Осы заманғы АЭС-ларындағы турбиналар аса қыздырылған бумен жұмыс істейді. Ядролық отын ретінде уран ( $^{233}\text{U}$ ,  $^{235}\text{U}$ ,  $^{238}\text{U}$ ), плутоний ( $^{239}\text{Pu}$ ), торий ( $^{232}\text{Th}$ ) изотоптары пайдаланылады. Бұлардың жылу шығарғыштық қабілеті өзара бірдей, ал кәдімгі отыннан (көмір, мұнай, газ) бірнеше млн. есе артық. Мыс., 1 кг уран 2.10<sup>10</sup> ккал энергия береді. Бөліну реакциясының үздіксіз жүріп отыруына қажет ядролық отынның ең аз мөлшері кризистік масса деп аталады. Реактордың типіне, конструкциясы мен отынның түріне қарай кризистік масса 1 кг-нан бірнеше тоннаға дейін жетеді.

#### ***2-мәтін.***

Қазақстандағы атом электр станциялары (АЭС) еліміздің энергетикалық саясатының маңызды бағыты болып табылады. Болашақта Қазақстанда атом энергетикасын дамытудың бірнеше елеулі артықшылықтары бар. Атом электр станциялары елді энергиямен қамтамасыз ету көздерін әртараптандыруға, көмір мен газға тәуелділікті азайтуға ықпал етеді. Олар атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайтатын экологиялық таза энергия көзі болып табылады.

Атом энергиясы энергиямен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені атом электр станциялары үздіксіз жұмыс істейді және ауа райы жағдайына тәуелді емес. Заманауи технологияларды енгізу атом электр станцияларының жоғары тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атом энергетикасы еліміздің технологиялық дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

Атом электр станцияларының жұмыс істеуі олар орналасқан аймақтардың экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Мәтін тақырыбы	Мәтін құрылымы	Мәтіннің рәсімделуі	Мәтіннің тілдік ерекшеліктері
1-мәтін			
2-мәтін			

**Дескриптор:**

- мәтіннің құрылымын жазады;
- мәтіннің рәсімделуін жазады,
- мәтіннің тілдік ерекшеліктерін көрсетеді;

**Оқылымнан кейінгі тапсырма.**

«Еліміздің болашағы атом энергетикасында ма?» деген тақырыпта жарыссөз өткізу. Сыныптан жақтаушы және даттаушы екі спикер сайланды, олар өз пікірлерін ортаға салады. Ойларын дәлелдейді. Соңында сынып болып тақырыпқа қатысты ой бөліседі.


**Дескриптор:**

- өз пікірін білдіреді;
- дәлелдер келтіреді;
- қарсыласының аргументтеріне қарсы дәлел айтады;
- өз шешімдерін шығарады;

**Бөлім атауы: Тіл. Өнер. Әдебиет.**

**Оқу мақсаты:** О.11.3.4.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (дәріс) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау;

**Оқылымалды тапсырма. «Комикс» әдісі.**



Білім алушыларға тақырыпқа қатысты комикс суреті беріледі. Оқушылар өнер, сөз өнері туралы ой қозғап, сурет бойынша сұхбат құрады.

### **Оқылым тапсырмасы.**

Мұғалім оқушыларға әртүрлі адамдардың пікірі негізінде жазылған оқылым материалын ұсынады. Оқушылар мәтіндермен танысып, 2 мәтінді салыстыра талқылайды.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
А мәтіні	Ә мәтіні
Түрі (мақала, әңгіме, баяндама т.б)	
Стилі	
Мақсатты аудитория (кімдерге арналғандығы)	
Оқырманға әсері	

### **Дескриптор:**

- мәтіннің түрін анықтайды;
- мәтіннің стилін анықтайды;
- аудиториясын анықтайды;
- оқырманға әсерін жазады;

### **Оқылымнан кейінгі тапсырма**

Білім алушыларға бірнеше мақал-мәтел ұсынылады. Оқушы біреуін таңдап, осыған дейін сабақта алған ақпараттарын пайдаланып, сыныптастарының алдында сөйлейді.

1. Өнерді үйрен де, жирен!
  2. Жігітке жеті өнер де аз.
  3. Өнер алды – қызыл тіл.
  4. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл!
- Әр оқушыға сөйлеуге 1 минут уақыт беріледі.

### **Дескриптор:**

- Мақал-мәтелді таңдайды;
- Өз ойын айтады;
- Өз ойын дәлелдейді;
- Сауатты сөйлейді;

### **Бөлім атауы: Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі**

**Оқу мақсаты:** О.11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау

### **Оқылымалды тапсырма.**

«Сөздік гол» әдісі арқылы мұғалім білім алушыларға мексикалық минимумда көрсетілген жаңа сөздер тізбегін береді, оқушылар сөздіктің көмегімен жаңа сөздердің анықтамасын жазып, сөйлем құрайды

Сөз	Менің анықтамам	Сөздіктегі анықтама	Сөйлем

**Т.Ж. Оқылым тапсырмасы. «Сүзі кестесі» тәсілі арқылы мәтіндегі ақпараттарды іріктеп, кестені толтырады.**

Берілген үзіндіден детальді ақпарат, факт, көзқарас, астарлы ойды анықтайды.

Детальді ақпарат	факт	көзқарас	астарлы ой

**Дескриптор:**

- детальді ақпаратты анықтайды;
- фактіні анықтайды;
- көзқарасты анықтайды;
- астарлы ойды жазады;

**Ж. Оқылымнан кейінгі тапсырма.**

Берілген ақпараттың оқырманға әсері мен автор позициясын талқылайды. Ақпараттың оқырманға әсері мен автор позициясын алдымен топта талқылап, кестені толтырады.

Ақпарат	Оқырманға әсері	автор позициясы

**Дескриптор:**

- берілген ақпаратты түсінеді,
- оқырманға әсерін жазады;
- автор позициясын талқылайды;

**Бөлім атауы: Ұлттық өнер - театр ордасы**

**Оқу мақсаты:** 11.3.5.1 қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау

**С. Оқылымалды тапсырма. «Кім жылдам?» әдісі**

Ж. Білім алушыларға тақырыпқа қатысты жаңа сөздер беріледі, оқушылар берілген сөздерге синонимдік қатар құрап жазады.

Жаңа сөздер	Синонимдік қатар

--	--

ЖЖ. Оқылым тапсырмасы. «2 ақпарат, 1 пікір» әдісі арқылы мәтіннің мазмұнын ашатын екі ақпаратты тауып, жазып, сын тұрғысынан талдап, ойын жеткізеді.

1-ақпарат	2-ақпарат	Менің пікірім/ сыни ойлау/

**Дескриптор:**

- мәтін мазмұнын түсінеді,
- ақпаратты анықтайды;
- сын тұрғысынан талдап, өз пікірін жазады;

**Ж. Оқылымнан кейінгі тапсырма.**

Жұпта сабақта жинақтаған білімдерін қолданып, теледидарға немесе радиоға «Ұлттық өнер - театр ордасы» тақырыбында сұхбат дайындайды.

**Дескриптор:**

- сұхбат дайындайды;
- мәтіндегі ақпараттарды тиімді қолданады;
- сауатты орындайды;

**Бөлім атауы: Туризм: экотуризм**

**Оқу мақсаты:** О.11.3.4.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу) бойынша салыстырмалы (кұрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау;

**Оқылымалды тапсырма**

**Т. «Кубизм» әдісі** арқылы білім алушылар ғылыми және публицистикалық стиль туралы алдыңғы білімдерін еске түсіреді, стильдердің айырмашылығын кубиктің алты қырына салып дәлелдейді. Әр топ кубик бойынша өздеріне берілген тапсырмалармен жұмыс жасайды, тақырыпқа сәйкес әр оқушының жеке жауабы тыңдалады. Жазған мәліметтерін топта талқылайды, топтың атынан ортақ жауап дайындайды

1. Суретте (ғылыми және публицистикалық стиль деген не?).
2. Салыстыр (ғылыми және публицистикалық стильдің айырмашылығы).
3. Байланыстыр (екі стильдің байланысы).
4. Түсіндір (мәтіндер қандай стильде жазылу мүмкін? Жанрлық ерекшелік деген не?)
5. Қолдан (ғылыми және публицистикалық стильдің қолдану аясы)
6. Дәлелде (мысал келтіру)

**Оқылым тапсырмасы.**

Білім алушыларға екі мәтін беріледі, Оқушылар мәтіндерді салыстырады.

Екі мәтіннің ұқсастығы
------------------------



А мәтіні	Ә мәтіні
Түрі және құрылымы	
Стилі	
Мақсатты аудитория (кімдерге арналғандығы)	
Оқырманға әсері	

**Дескриптор:**


- мәтіннің түрін анықтайды;
- мәтіннің стилін анықтайды;
- аудиториясын анықтайды;
- оқырманға әсерін жазады;

**Оқылымнан кейінгі тапсырма** «Еркін жазу» тәсілі. Оқушылар екі мәтіннен алынған ақпарат негізінде «Туризм: экотуризм» тақырыбында шағын ойтолғау жазады. Мұғалім ойтолғау бойынша кері байланыс береді.

**Сабактың тақырыбы: Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы**

**Оқу мақсаты:** 11.1.4.1 көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;

**С. Тыңдалымалды тапсырма.** «Суреттер сөйлейді» әдісі. Оқушылар суреттер арқылы тақырыпты болжайды, өз ойларын ортаға салады.



**С. Тыңдалым тапсырмасы**

**«Түртіп алу» әдісі.** Оқушылар Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан үзінді тыңдайды. Үзіндіні тыңдау барысында берілген сұрақтардың жауаптарын түртіп отырады.

<b>Сұрақтар</b>	<b>Менің пікірім</b>
Табиғатты суреттейтін сөздер мен сөз тіркестері	
Өлеңнен қандай әсер алдыңыздар?	

Оқушылар <https://www.youtube.com/watch?v=MugutAYHMxs> /Бурабай 00:19-02:35/ Бурабай туралы деректі фильмнен үзінді көреді. Бейнесюжеттің үзіндісін «Көкшетау» поэмасымен салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды.

«Көкшетау» поэмасы	Бурабай туралы деректі фильм	Менің пікірім

**Дескриптор:**

- поэмадан үзінді тыңдайды, деректі фильмді көреді;
- табиғатты суреттейтін сөздер мен сөз тіркестерін жазады;
- өлеңнен алған әсерін жазады;
- поэма мен деректі фильмді салыстырады;
- ортақтығына сипаттама береді;

**Оқылымнан кейінгі тапсырма:** «Төрт сөйлем» тәсілі.

1-сөйлем:»Менің ойымша...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін...».

3-сөйлем: «Оны мен мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

4-сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...».

**Дескриптор:**

- өз пікірін жазады;
- дәлел келтіреді;
- деректер келтіреді;
- қорытынды шешімін жазады;

**Бөлім атауы:** Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші

**Оқу мақсаты:** А.11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;

Бос уақыт туралы әңгімелеу барысында күрделі сөздер мен терминдерді тиімді қолдана білу.

**1-тапсырма.**

«Кестені толтыр» әдісі арқылы білім алушылар берілген сөздер мен сөз тіркестерін кесте ұяшықтарына орныластырады.

Қажетті сөздер: жағажай, суға шомылу, барбекю-пати, кесте тігу, акварельмен сурет салу, белсенді ойындар, мұражай, театр, оқыту курстары, үйірме, лагерь, теңіз жағасы, экскурсия, кітапхана, жорық, драма, қойылым, футбол, теледидар көру, кітап оқу.

үйде	үйірмеде	мектепте	далада

## ***2-тапсырма.***

Кестедегі сөздер мен сөз тіркестерін тиімді қолданып, «Бос уақытты тиімді өткізу» тақырыбында оқушылар өздерінің бос уақыттарын қалай өткізетіндігі туралы айтады.

### **Дескриптор:**

- сөздерді кесте ұяшығына дұрыс орналастырады;
- айтыламда сөздер мен сөз тіркестерін тиімді қолданады;
- бос уақытын тиімді өткізу туралы айтады;

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта өзге тілде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселесі өзекті проблемалардың біріне айналды. 11 жыл оқыған білім алушы толықтай тілді неге меңгеріп шықпайды деген сұрақ тұрды. Осы орайда қазақ тіліне толық ендіру әдістемесін елімізде алғаш бастап, эксперимент жүргізген ғалым М. Жадрин: «Заман талабына сай жас ұрпаққа білім берудегі келелі мәселенің бірі – тілді шынайы қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Өйткені жаңа парадигма аясындағы нәтижеге бағытталған білім моделінің басты кейіпкері оқушының жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, рухани дүниесі бай тұлға болуы оның ана тілді ғана емес, сонымен қатар басқа да тілді толық меңгергеніне тікелей байланысты. Әр баланың тілді ана тілінің табиғи болмысына сай меңгеруі оның дүниетанымын, ой-өрісін дамытып, табиғат берген бейімділік пен қабілеттің көзін аша түсетіндігі көпшілікке мәлім. Ал екінші, үшінші тілді үйрену балаға қосымша жаңа мүмкіндіктер береді, оның білім мен білігі артады, мәдени деңгейі өседі», – деген түйінді пікір айтады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен жасалып жатқан жобаны жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік кешен керек екендігі анық. Дайындалған ұсынымдама осы мақсатты көздейді. Бұл ұсынымдама бастауыштан бастап, орта және жалпы білім беру ұйымдарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін пилоттық мектептерде тілге бойлата оқыту жобасымен білім беруде педагогтерге дайын контент болмақ. Әр сынып бойынша мәтіндер жинақтала отырып, келесі тарауында сол мәтіндерді талдау үшін тапсырмалар, оны орындау критерийлері, білім алушылардың өзін-өзі, бірін-бірі бағалауы үшін әр тапсырмадан кейін дескриптор жасалған.

Қазақ тіліне бойлата оқытуда жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер, жаһандану жағдайында тілге үйрету бойынша жаңа көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынады

Қазақ тіліне бойлата оқыту жобасын жүзеге асыру барысында сыныпта педагог оқушыларға қолайлы орта жасайды, білім алушылар өздерін еркін сезінеді. Тілдік ортада визуалды және аудио құралдарды қолдану ақпаратты жылдам қабылдауына көмектеседі.

Басқа пәндерден сабақ беретін мұғалімдер бастауыш сынып мұғалімімен бірлесе ортақ тақырып бойынша жылдық, айлық және апталық оқу жоспарында меңгерілетін лексиканы белгілеп алуы тиісті.

Пән бойынша қажетті құрал-жабдықтар мен іс-әрекет суреттерінің атаулары қазақ тілінде жазылады. Үйренген жаңа сөздерді есте сақтауына, түсінуіне, сөздік қорына белсенді енгізуіне және өзара қарым-қатынас кезінде қолдануын қадағалайды, қате кеткен жерлерін сөйлесу арқылы түзетіп отырады.

Қазақ тіліне бойлата оқыту тек Қазақ тілі пәніне ғана қатысты емес барлық пән бойынша мұғалімдер атсалысып, бақылау күнделігін жүргізуі керек.

Бақылау күнделігіне жеке оқушылардың немесе сыныптың тілді меңгеруде кездескен қиындықтары мен жетістіктері қысқаша жазылады. Пән мұғалімдері өзара нәтижені талдап, алдағы жұмыс жоспарын белгілегенде міндетті түрде

бақылау нәтижелерін есепке алып жоспарлайды. Тілдік ортаға енгізу қағидалары мен әдістерін педагогтар қатаң ұстанады. Бұл жұмыс үлкен шыдамдылық пен балаға деген жылы шырай, сүйіспеншілік арқасында жүзеге асады. Сабақ барысы балаға қызықты, тартымды болуы керек. Олардың ең басты жұмыс құралы - қазақ тілі. Қазақ тілі арқылы балалармен пікірлесіп, ойнап, тапсырмалар беріп, олардың орындалу барысын түсіндіріп, бағыттап, алынған нәтижелерді саралайды. Оқушының тіл үйренуге ынтасын ояту педагогтерден асқан шеберлікті талап етеді. Қазақ тіліне бойлата оқытудағы педагог жұмысының қағидалары:

- оқушылармен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу;
- оқушылармен тәжірибе және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың сезімдік-эмоциялық қасиеттерін дамыту;
- оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Тілге және тілдің қолданысына қатысты алаш арыстарының да еңбектері басшылыққа алынады. Бұл тұрғыда олардың еңбектері бүгінгі күнде де өзекті болып отыр.

Мәселен, Ғұмар Қараш: «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады» десе, Халел Досмұхамедұлы:»Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек» деп атап өткен еді.

Ал Міржақып Дулатұлы: «Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі бел кемшіліктің қандай екенін білу керек» деу арқылы тіл туралы өзінің ұстанымын білдірген.

Қазақ тілінің әдістемелік негізін қалаған тұлғалардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше. Ол – қазақ тіл білімінің негізін салушы, ғалым, ағартушы, және қоғам қайраткері. Ол қазақ тілінің құрылымын зерттеп, оның грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерін айқындап, тілдің ұлттық таным мен мәдениеттің сақтаушысы ретіндегі маңызын ашып көрсетті. Ахмет Байтұрсынұлының тілге бойлау, тіл арқылы оқыту, және көркем мәтінді талдау әдістері қазақ тілінің ғылым ретінде дамуына зор ықпал етті. Оның еңбектері мен ғылыми мақалалары бүгінде де қазақ тілін оқыту әдістемесінде өзекті.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімін дамытудағы еңбектері айрықша маңызды. Ол қазақ тілінің морфологиясы, синтаксисі, фонетикасы сияқты тіл білімінің салаларын жүйелеп, ғылыми негізін қалады. Оның бұл бағыттағы негізгі еңбегі – «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын оқулықтар жинағы.

«Тіл – құрал» – қазақ тілінің грамматикасын жан-жақты талдап, оны ғылыми жүйеге түсірген алғашқы еңбек. Бұл кітаптың әр бөлімінде тілдік тақырыптар жүйелі түрде берілген. Мысалы, бірінші бөлімде фонетика

мәселелері қарастырылса, екінші бөлімде морфология талданады, ал үшінші бөлімде синтаксис қарастырылады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін зерттеуде өзіндік жүйесін жасап, өзіне тән атаулар енгізді. Мысалы, дыбыстарды «таңба», «дауыссыз», «дауыссыз» деп жіктеп, тілдік бірліктердің қазақ тіліндегі нақты қолданысын көрсетті.

Ахмет Байтұрсынұлының тілді зерттеудегі тағы бір маңызды еңбегі – тілдік бірліктерді логикалық құрылым негізінде жіктеп, қазақша тілдік атауларды енгізу. Ол фонетика, морфология, және синтаксиске қазақша атаулар беріп, қазақ тілін өз тіліміздің ерекшеліктеріне сай оқытудың алғашқы іргетасын қалады. Бұл қазақ тілінің грамматикасына тән терминдерді қалыптастыруға негіз болды. Оның тілдік білімдегі жаңалықтары қазіргі қазақ тіл ғылымының дамуына үлкен үлес қосты.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – халықтың танымы, мәдениеті мен тарихы екенін жақсы түсінді. Ол ұсынған тіл арқылы оқыту әдісі қазақ тілі мен әдебиетінің тәрбиелік және танымдық мәнін арттыруға бағытталған. Ахмет Байтұрсынұлы тілдің көмегімен білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды жеткізуге ерекше мән берді. Ол оқушыны туған тілінде оқыту арқылы ұлттық сана-сезімді оятуды көздеді.

Оның тіл арқылы оқытудағы маңызды еңбектерінің бірі – «Оқу құралы» атты оқулығы. Бұл кітапта Ахмет Байтұрсынұлы білім алушыларға әліппе үйретіп қана қоймай, олардың ойлау қабілетін дамытуға арналған мәтіндерді іріктеп береді. Оқу құралының мәтіндері білім алушылардың түсінігіне жеңіл, оларды оқу, жазу және ойлау дағдыларын дамытатын қызықты оқиғалар мен шағын әңгімелерден тұрады. Ахмет Байтұрсынұлының бұл оқулығы тек оқу құралы емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды бойға сіңіретін тәрбие құралы ретінде қолданылды.

Сонымен қатар, Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі де қазақ әдебиеті мен тілін оқытуда негізгі бағыт ретінде танылды. Бұл кітапта ол әдебиет теориясы мен оның категорияларын түсіндіру арқылы білім алушыларды көркем мәтінді талдау мен түсінуге үйретті. Әдебиет танытқышта автор көркем әдебиетке қатысты ұғымдарды жүйелі түрде талдап, түсіндіреді, қазақ тілінің ұлттық болмысын айқындайтын көркемдік құралдарды сипаттайды.

Ахмет Байтұрсынұлы көркем мәтінді талдауда әдебиет теориясына ерекше мән берді. Ол көркем шығармалардың танымдық және тәрбиелік мәнін түсініп, білім алушыларды қазақ әдебиетінің ерекшеліктерін талдай білуге шақырды. Бұл бағытта ол «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көркем мәтінді талдау мен түсінудің әдістемесін жасаған. Мұнда автор әдебиетті жанрларға бөледі: эпос, лирика және драма. Әр жанрды жан-жақты сипаттап, олардың ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде көркем мәтінді талдау тәсілдері нақты әрі жүйелі түрде ұсынылады. Ол мәтіннің құрылымын, авторлық позицияны, тілдік құралдарды талдауды ұсынады. Әдебиет танытқышта ол қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін салыстырып, олардың өзіндік

ерекшеліктерін айқындайды. Сондай-ақ, оның әдебиетті ұлттық тұрғыда талдауы, мысалы, қазақтың шешендік өнері, жыраулық поэзиясы секілді ұғымдар арқылы көркемдік тәсілдерді зерттеуі – көркем мәтінді түсінудің жаңа бағытын ашты.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл мен әдебиетті оқыту әдістері қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің негізін қалаған ірі теориялық және әдістемелік бағыттарды қамтиды. Оның тілді терең бойлау арқылы оқыту әдісі – білім алушылардың әдеби сауатын ашып, тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Сонымен қатар, оның тілдік, әдебиеттік және педагогикалық көзқарастары қазіргі әдістемелердің дамуына да негіз болып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қазақ тілінің ұлттық білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып, қазақ тіл білімінің дамуына әлі де зор ықпал етуде.

Оның тілге бойлау, тіл арқылы оқыту және көркем мәтінді талдау әдістері қазіргі заманғы қазақ тілін оқыту бағдарламаларының негізін құрайды. Ахмет Байтұрсынұлының тілді ұлттық құндылықтар арқылы оқыту әдістері, оның шығармашылық көзқарастары, мәдени мұраларды сақтап қалу жолындағы әрекеттері қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың іргелі негіздерін қалады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767/history>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
3. Есембеков Т. О.. Көркем мәтін теориясы Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2015
4. Куралканова Б, Мажинова Э. Көркем мәтіннің теориялық ерекшеліктері. [№ 3.4 \(2023\): Тіл және әдебиет: Теориясы мен тәжірибесі](#)
5. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
6. Байтанасова, Қ. М. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / Қ. М. Байтанасова, С. Ш. Айтуғанова. - Астана : Фолиант, 2008. - 160 б.
7. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдысын тексеруге арналған мәтіндер <https://www.zharar.com/kz/shygarma/matin/38642-oku.html>
8. Ермакова А.С. Шетел тілдерін оқытудағы үйде оқу. URL: <http://www.scienceforum.ru/2015/pdf/12328.pdf> (кіру күні: 28.03.2016).
9. Морозова И.Г. Жоғары оқу орындарында шет тілін оқыту үдерісінде элеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін көркем мәтіндерді пайдалану. URL: <https://www.hse.ru/pubs/share/direct/document/57077725> (кіру күні: 28.03.2016).
10. Одинцова Ю. Шетел тілі концепциясының әдістемелік сипаттамасы дербес кәсіби бағытталған оқу. // Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің жаңалықтары. А.И.Герцен. Т. 36, 13 том, 2007. 220-223 б.
11. Перлова И.В. // Филология ғылымдары. Теория және практика сұрақтары. No 1 (31) 2014 ж., 2-бөлім. 153-156 б.
12. Пирогова О.Е. Көркем әдебиетті оқу тілдік тұлғаны дамыту құралы ретінде. // Тверь мемлекеттік университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы. 2014. № 1. 231-235 беттер.
13. «Арайланған Астанам» Сагимбаева А.М., 2010 жыл, 120 бет
14. «Халықтар мәдениеті» балаларға арналған танымдық энциклопедия. Алматы «Аруна» баспасы, 2022 жыл, 60 бет
15. «Жануарлар» балаларға арналған энциклопедия. Алматы «Аруна» баспасы, 2023 жыл, 18 бет



16.»Айгөлек» Республикалық балалар журналы № 2 (271) ақпан, 2024 жыл.  
32-33 бет

17.»Балалар әлемі» балаларға арналған тәрбиелік, танымдық журнал. №09  
(72) қыркүйек 2019 жыл, 6-7 бет

18.Өзін-өзі тану оқулығы, 2 сынып. Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2017  
жыл, 120 бет

19.»Балалар әлемі» балаларға арналған тәрбиелік, танымдық журнал №09  
(72) қыркүйек 2019 жыл, 48-49 бет

20. Өнегелі ертегілер. Қазақ ертегілерінің антологиясы. Алматы:  
«Аруна» баспасы – 2007ж.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 1-4-сыныптар үшін қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер	5
2 5-11-сыныптар үшін қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер	17
3 Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндермен жұмыс жасау әдістемесі	64
Қорытынды	156
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	160